- [11] Heynemann S. P. 2010. *A Comment on the Changes in Higher Education in the Post-Soviet Union. European Education 42 (1): 76–87. doi: 10.4934/EUE1056-4934420104.*
- [12] *Kazakhstani Ministry of Education and Science [MoES]. 2010. The State Program of Education Development in the Republic of Kazakhstan for 2011–2020. Astana: MoES.*
- [13] Kucera J. 2014. *Can a Homegrown University in Authoritarian Kazakhstan Incubate Reform? Al Jazeera, June. Available at: <http://america.aljazeera.com/articles/2014/6/20/kazakhstan-s-audacious-nazarbayev-university.html>*
- [14] Lee, D. 2013. *Unified National Testing to be Replaced by Two Different Tests by 2015. Astana Times, September 23, Available at: <http://www.astanatimes.com/2013/09/unified-national-testing-to-be-replaced-by-two-different-tests-by-2015/>*
- [15] *National Tempus Office. 2012. Higher Education in Kazakhstan. Brussels: European Union.*
- [16] *Organisation of Economic Co-operation and Development (OECD). 2007. Higher Education in Kazakhstan. Paris: OECD Publishing.*
- [17] Piven, G., and I. Pak. 2006. *Higher Education in Kazakhstan and the Bologna Process. Russian Education and Society 2006: 82–91. <http://www.international.ac.uk/resources/14325144ut378r7g.pdf>*
- [18] Sarinzhapov A. 2013. *Opportunities for Faculty to Influence Academic Matters at Kazakh National University and Eurasian National University. Unpublished Doctoral Dissertation, University of Pennsylvania, Philadelphia.*
- [19] Soltys D. 2014. *Similarities, Divergence, and Incapacity in the Bologna Process Reform Implementation by the Former-Socialist Countries: The Self-Defeat of State Regulations. Comparative Education, 51 (2), 179–195. doi: 10.1080/03050068.2014.957908.*
- [20] Teichler U. 1988. *Changing Patterns of Higher Education Systems. London: Jessica Kingsley.*
- [21] Trow M. 1970. *Reflections on the Transition from Mass to Universal Higher Education. Daedalus*

90 (1), 1–42.

[22] Yakovets N. 2014. *Educational reform in Kazakhstan: The First Decade of Independence*. In *Educational Reform and Internationalisation. The Case of School Reform in Kazakhstan*, ed. D. Bridges, 1–27. Cambridge: Cambridge University Press.

[23] Levenchuk D. V. 2012. *Methods of experimental work in the study of the continuity of professional education*. *World of science, culture, education*, 4.

[24] Ouzoun, D. 2010. *The Torino Process 2010: Kazakhstan*. European Training Foundation

[25] President's Advisory Committee on the Roles of UW System Administration. 2011. *A new model for change within the University of Wisconsin System: Report of the President's Advisory Committee on the Roles of UW System Administration*. Retrieved from <http://www.wisconsin.edu/uwsa-rolescommittee/Roles/Report-of-Presidents-Advisory-Committee.pdf>.

[26] Van Vught, F. A. et al. 2008. *Mapping Diversity. Developing a European Classification of Higher Education Institutions*, Enschede: CHEPS.

[27] WB (World Bank). 2012. "Post-Graduate Education in Kazakhstan: A World Bank Report to the Government of the Republic of Kazakhstan." June 2012. Paper Copy.

[28] WB (World Bank). 2013. *Kazakhstan: On the Crest of an Oil Wave*. *Kazakhstan Economic Update*, April 2013, p.18. <http://documents.worldbank.org/curated/en/2013/01/17612010/kazakhstan-crest-oil-wave>

[29] WEF (World Economic Forum). 2012. *The Global Competitiveness Report, 2-13*. Geneva: WEF. http://www3.weforum.org/docs/WEF_GlobalCompetitivenessReport_2012-13.pdf

[30] McGuinness, A. 2013. *Serving Public Purposes: Challenges for Systems in Changing State Context, Higher Education Systems 3.0: Harnessing Systemness, Delivering Performance*, State University of New York Press

Г.К. КУСИДЕНОВА, А.К. ТАСТАНОВА

ҚОЛДАНБАЛЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАКАЛАВРИАТТЫ ЕНГІЗУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан, e-mail: t.anar_astana@mail.ru

Г.К. КУСИДЕНОВА, А.К. ТАСТАНОВА

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВНЕДРЕНИЯ ПРИКЛАДНОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО БАКАЛАВРИАТА

Национальная академия образования им.Ы.Алтынсарина
Нур-Султан, Казахстан, e-mail: t.anar_astana@mail.ru

Андапта. Мақалада Қазақстан Республикасындағы жоғары және орта білімнен кейінгі педагогикалық кәсіптік білім беруді интеграциялау жағдайында қолданбалы педагогикалық бакалавр дәрежесін іске асырудың кейбір мәселелері қарастырылады. Жалпы алғанда, Қазақстандағы білім беру жүйесінің мақсаты «білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және тұрақты экономикалық өсу үшін сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту» ретінде анықталған.

Түйін сөздер: қолданбалы бакалавриат, кәсіптік білім, біліктілікті арттыру, біліктілік, педагогикалық білім.

Аннотация. В статье рассматриваются некоторые проблемы реализации прикладного педагогического бакалавриата в условиях интеграции высшего и послесреднего педагогического профессионального образования Республики Казахстан. В целом цель системы образования Казахстана определена как «повышение конкурентоспособности образования и развитие человеческого капитала за счет обеспечения доступа к качественному образованию для устойчивого экономического роста».

Ключевые слова: прикладной бакалавриат, профессиональное образование, опережающая профессиональная подготовка, квалификация, педагогическое образование.

ГРНТИ 14.15.01

С.С. ЖУМАНОВА¹, Н.Ж. ШАЙМЕРДЕНОВА²¹Национальная академия образования имени Ы.Алтынсарина,
г. Нур-Султан, Казахстан²Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

БИЛИНГВАЛЬНАЯ И ПОЛИКУЛЬТУРНАЯ СРЕДА КАЗАХСТАНА: ВЫЗОВЫ ВРЕМЕНИ, ОПЫТ, ПЕРСПЕКТИВЫ СОТРУДНИЧЕСТВА

Аннотация. В статье рассматривается билингвальная и полилингвальная среда Казахстана и указывается, что поликультурное образование опирается на междисциплинарный творческий подход и направлено на формирование субъекта – учащегося. Результатом современного образовательного процесса в эпоху цифровизации является формирование поликультурной личности. При этом авторы указывают на важность изучения билингвальной и полилингвальной среды, где этническое многообразие Казахстана меняется в этноязыковом и этнодемографическом составе. Все это требует совместных усилий в разработке научных исследований обновленной образовательной парадигмы.

Ключевые слова: этнос, билингвальная среда, поликультурность, казахский язык, русский язык, другие языки, этническое многообразие, УМК «Тілдарын А1,А2», учебник «Полет».

ВВЕДЕНИЕ

В Республике Казахстан проживают, согласно данным Переписи населения, 117 представителей различных этносов и соответствующие им референты языков. Представители этих народов владеют, как правило, родным языком, имеют свои традиции и культуру, национально-культурную специфику в поведении и жизнедеятельности. Это формирует уникальный этнокультурный и языковой ландшафт, представляющий собой ценность и основу прогрессивного и многоукладного развития Казахстана. В этом году мы отмечаем 30-летие со дня возникновения на геополитической карте мира независимого государства – Казахстан. И с этого момента начинается новый виток развития государства, казахского народа с его длительной культурно-историческим, литературным наследием и представителей всех этносов, проживающих

в Казахстане. Не случайно в юбилейном году победителями конкурса грантовых исследований среди многих стали два проекта Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (1) «AP09261377 Исследование художественно-определяющей системы, «формульной» стилистики и грамматики поэзии жырау XV-XVIII веков. Частотный словарь», грантового проекта Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан», научный руководитель К.Жанабаев и (2) «AP09258780 Germanica в Казахстане: язык, этнос, личность в социолингвистической, лингвоперсонологической и линводидактической перспективе» (2021–2023 гг.), научный руководитель – Л.Байменова. Это является показателем актуальности тем, связанных с культурным, научным и языковым наследием казахов и немцев, проживающих в Казахстане, ведь судьбы

многих этносов похожи в том, что они оказались за пределами своей исторической Родины, но вместе с тем стали образцом этнической, языковой, государственной и гражданской идентичности, демонстрируя собой процессы взаимообогащения и доброжелательного отношения друг к другу. В образовательной и культурной парадигме Казахстана актуализируются следующие вопросы:

1) коммуникативно-билингвальное и полилингвальное пространство Казахстана;

2) международное сотрудничество и равноправное взаимодействие с учетом прошлого опыта и с перспективой на будущее;

3) вхождение и стремительное развитие в эпоху цифровизации.

Ответы на эти проблемы можно отчасти найти, если опираться на различные ресурсы, позволяющие лучше познакомиться с названными вопросами, например, аналитическим обзором научно-исследовательских работ НАО им. И.Алтынсарина [1], научно-просветительским проектом «Эпоха и личность», материалами материалами XIV Конгресса МАПРЯЛ, 29 апреля-3 мая 2019, г. Нур-Султан [2].

ЦЕЛИ И ЗАДАЧИ ИССЛЕДОВАНИЯ

Обращаясь к коммуникативно-билингвальному пространству Казахстана, мы задумываемся над многими вопросами, связанными с данной проблематикой: как представлен этноязыковой ландшафт в современном Казахстане? Каков вектор языковой политики и языкового строительства? Как представлен русский язык в системе образования Казахстана? Каковы результаты научно-исследовательских проектов по проблемам русистики, билингвизма, полилингвизма? Как представлено сегодня международное сотрудничество и каковы исследовательские перспективы?

Ответы на эти вопросы позволяют определить вызовы времени, осмыслить возникающие на различных форумах дискуссии, принять решения в сжатые сроки, поскольку стремительно меняющиеся события естественным образом отражаются в словах, словосочетаниях, заимствованиях. При этом многие языковые процессы современного Казахстана связаны с такими трендами, как цифровизация, урбанизация, билингвализация. Обратимся к вопросу, связанному с языковой средой в Казахстане, которая характеризуется как естественная билингвальная, а в некоторых регионах естественная полилингвальная среда: (1) естественная билингвальная среда формируется преимущественно казахами-билингвами; (2) естественная полилингвальная среда формируется в местах компактного проживания различных этнических групп (узбеков, таджиков, уйгур, дунган и др.); (3) естественная полилингвальная среда формируется казахстанцами – трилингвами (казахский – русский – английский, либо иной иностранный язык) как результат последовательно осуществляемой программы «Триединство языков».

РЕЗУЛЬТАТЫ

Крайне важно, что на форумах последних десятилетий особенно активно обсуждаются вопросы, связанные с билингвальным контекстом и обучением казахскому, русскому языку в иноязычной среде, создание учебников и лексикографических источников. Интересен опыт работы соотечественников с известным российским лингвистом Дмитрием Петровым по созданию методики обучения казахскому языку «Тілдарын А1, А2», а также опыт работы казахстанских ученых с российским издательством «Златоуст». Так, в создании национальной версии учебника «Русский язык как иностранный для школ Казахстана, Тад-

жикистана, Узбекистана (Вып. 1-2, 40–60 часов. Уровень А. Концепция и общая редакция А.Голубевой. Авторы базовой части: А.Голубева, Т. Кудоярова, Т. Кузьмина, П. Гельфрейх) в версии для Казахстана участвовали Н.Шаймерденова и Д.Аманжолова. Издание проходит апробацию на разных площадках и ждет своего читателя, учителя и издателя в Казахстане и в других странах содружества[3].

По мнению Президента Н.А. Назарбаева, «...Казахстан уникален и силен своей многонациональностью. На его земле сформировалось уникальное поликультурное пространство, в котором ведущими являются два потока. Один отражает возрождение казахской культуры и ее составных элементов, языка. Идет объективный процесс восстановления утраченного. Другой поток – русскоязычная культура, основой которой являются исконные традиции русского народа и все то, что они впитали в ходе многовекового развития. Признание самостоятельно существующих культурных потоков не отрицает их взаимодополняемости и взаимообогащаемости, что не означает ассимиляции. Поликультурность Казахстана – это прогрессивный фактор развития общества. Евразийские корни народов Казахстана позволяют соединить восточные, азиатские, западные, европейские потоки и создать уникальный казахстанский вариант развития поликультурности» [4].

Основная стратегическая задача государственной политики заключается в сохранении единого образовательного пространства государства, которое в настоящее время представляет собой совокупность этнонациональных образовательных систем. Только в условиях поликультурной образовательной парадигмы становится возможным обеспечение единства и преемственности отечественных и мировых культурных традиций, с обоснованием приоритета человеческих измерений и ориентаций.

Ведущий принцип реализации национального в поликультурном образовании Республики Казахстан – социокультурный контекст развития личности – предполагает максимальный учет конкретных национальных реалий и определение их места и значимости в интернациональном мире. При этом именно на основе данной целевой установки определяется образовательная стратегия, направленная на формирование личности, способной к активной и эффективной жизнедеятельности в многонациональной и поликультурной среде, обладающей развитым чувством понимания и уважения национальных культур. Данная стратегия определяет следующие образовательные задачи: глубокое и всестороннее овладение основами национальной культуры, что является условием интеграции в другие культуры; формирование представлений о многообразии национальных культур, воспитание позитивного отношения к культурным различиям, обеспечивающим условия для самореализации личности; приобщение к основам мировой культуры, раскрытие объективных причин процесса глобализации взаимозависимости народов в современных условиях. Педагогический процесс формирования поликультурной личности носит глобальный характер и представляет собой мировой опыт идентификации разных народов с общечеловеческими ценностями. В «Концепции этнокультурного образования в РК» под поликультурной личностью понимается «индивид», ориентированный через культуру на другие [5].

При анализе развития педагогических мыслей в Казахстане отчетливо заметна тенденция устремленности к культурам передовых стран, на установление связи с другими культурами человечества при этом сохраняя этнокультурные ценности. На это указал Президент РК Н.А. Назарбаев: «Евразийская поликультура состоит из яркой мозаики многих десятков наци-

ональных культур. Она по праву считается одной из величайших сокровищниц человеческого духа, и на нас всех лежит ответственность за ее сохранение и преумножение» [6].

Таким образом, поликультурное образование опирается на междисциплинарный творческий подход и направлено на формирование субъекта-учащегося, поднимающегося над различными этнокультурными парадигмами видения мира и человека. При этом, сохраняя национально-культурную специфику. Результатом современного образовательного процесса в эпоху цифровизации в особенности является формирование по-

ликультурного мышления. Крайне важно сегодня изучение билингвальной и полилингвальной среды Казахстана, его этнического ландшафта [7], которые меняются в этноязыковом и демографическом составе и, естественно требуют совместных усилий в научно-исследовательском международном сотрудничестве и учетом обновленной образовательной парадигмы. Опыт работы и международное сотрудничество помогают осмыслить приходящиеся в эпоху цифровизации смены парадигм и, при этом выработки умений соответствовать вызовам времени.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Национальная академия образования им. И.Алтынсарина. [Электронный ресурс] URL: <https://nao.kz/> (Дата обращения: 20.04.2021).
2. Научно-просветительский проект «Эпоха и личность». [Электронный ресурс] URL: https://www.youtube.com/channel/UC5M Pqpekaq6RuTH 6nqvb_ E7Q (Дата обращения: 20.04.2021); КАЗПРЯЛ [Электронный ресурс] URL: <https://kazpryal.kz/>. (Дата обращения: 20.04.2021).
3. [Электронный ресурс] URL: https://vk.com/zlatoust_publishing
4. Назарбаев Н.А. Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации. – М., 2000. С.16-18.
5. Концепция этнокультурного образования РК // Казахстанская правда. 1996.
6. Основные направления внутренней и внешней политики. Послание Президента народу Казахстана. Астана. 4 апреля 2003 // www.akorda.kz.
7. Сулейменова Э., Аканова Д., Шаймерденова Н., Языки Казахстана: социолингвистический справочник. – 2-е изд. – Алматы: Золотая книга, 2020. – 458 с.

С.С. ЖҰМАНОВА¹, Н.Ж. ШАЙМЕРДЕНОВА²

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕКІТІЛДІК ЖӘНЕ ПОЛИМӘДЕНИЕТТІ ОРТАСЫ: УАҚЫТ ҚИЫНДЫҚТАРЫ, ТӘЖІРИБЕ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

¹ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

² әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

S.S. ZHUMANOVA¹, N.ZH. SHAIMERDENOVA²

BILINGUAL AND POLYCULTURAL ENVIRONMENT OF KAZAKHSTAN: TIME CHALLENGES, EXPERIENCE, PROSPECTS FOR COOPERATION

¹National Academy of Education named
after I. Altynsarin, Nur-Sultan, Kazakhstan

²KazNU named after al-Farabi
Almaty, Kazakhstan

Аңдапта. Мақалада Қазақстанның екі тілді және көп тілді ортасы қарастырылады және көп мәдениетті білім беру пәнаралық шығармашылық тәсілге сүйенеді және субъект – оқушыны қалыптастыруға бағытталған. Цифрландыру дәуіріндегі заманауи білім беру процесінің нәтижесі көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бұл ретте авторлар этнотілдік және демографиялық құрамда өзгеріп отыратын және ғылыми-зерттеу әзірлемелерінде бірлескен күш-жігерді және жаңартылған білім беру парадигмасын талап ететін билингвалдық және полилингвалдық ортаны, Қазақстанның этностық әр алуандығын зерттеудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Түйін сөздер: мен сөз тіркестері: этнос, билингвалды орта, көпмәдениеттілік, қазақ тілі, орыс тілі, басқа тілдер, этникалық әртүрлілік, «Тілдарын А1,А2» ОӘК, «Полет» оқулығы.

Abstract. The article examines the bilingual and polylingual environment of Kazakhstan and indicates that multicultural education is based on an interdisciplinary creative approach and is aimed at the formation of a subject - a student. The result of the modern educational process in the era of digitalization is the formation of multicultural thinking. At the same time, the authors point to the importance of studying the bilingual and polylingual environment, where the ethnic diversity of Kazakhstan is changing in the ethno-linguistic and ethno-demographic composition. All this requires joint efforts in the development of scientific research of an updated educational paradigm.

Key words: Ethnos, bilingual environment, multiculturalism, Kazakh language, Russian language, other languages, ethnic diversity, textbook «Tildaryn A1,A2», «Polet».

ГРНТИ 371.212.3:159.928

Ж. К. САҒАЛИЕВА, Б.Қ. ТОРТАЕВА, А.Н. МУКУШЕВА*Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,**Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан**E-mail: eleuraevazhanar@mail.ru*

ОҚЫТУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Андатпа. Бұл мақалада елімізде Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін реформалауда дарынды білім алушыларды қолдауға байланысты мәселе көтерілуде. Себебі, елімізде дарынды жастарымызды іздестіру мен олардың қабілетін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес дарындылықты қолдау, олармен жұмысты ұйымдастыруға бағытталған ауқымды істер атқарылуда.

Бүгінде дарындылықты дамыту, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттілікті дамыту мәселесін шешуге шетелдік және отандық ғалымдар, педагогтар, психологтар, әдіскерлердің көптеген еңбектері талдана отырып, дарындылықты дамыту методологиясына диахрониялық тұрғыда талдау жасаған.

Мақалада оқыту процесі барысында дарындылықты дамытудың мүмкіндіктері ұсынылған.

Түйін сөздер: шығармашылық дарындылық, дарындылықты дамыту, оқыту процесі, дарындылықтың теориялық негіздері, шығармашылық әлеуеті, шығармашыл жеке тұлға, танымдық-шығармашылық іс-әрекет.

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі әлеуметтік, экономикалық процестер тоғысқан күрделі даму кезеңін бастан өткізіп отырған Қазақстан Республикасы зиялы қоғамның талап-тіліктеріне толығымен жауап беретін жауапкершілік сезімі білім алушы, шығармашылық белсенділігі мен адамгершілік болмысы бірдей үндескен, бойындағы дара мүмкіндіктерін, интеллектуалдық қабілеттерін өз іс-әрекетінде шығармашылықпен қолдана алатын жеке тұлға тәрбиелеу мәселесін өзекті етуде. Сондықтан қазіргі заман білім беру мекемелерінің басты міндеттерінің бірі – оқу-тәрбие жұмыстарын бірегей жүзеге асыру үрдісінде білім алушылардың интеллектуалдық – шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениет-

тің үздік үлгілері арқылы шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру.

Білім алушылардың шығармашылық дарындылығын дамыту мәселесінің өзектілігінің артуы білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие процесіне жаңаша тұрғыда қарап, оны білім алушының білім, білік, дағдыны меңгеру ғана емес, танымдық-шығармашылық іс-әрекет және интеллектуалдық, шығармашылық процесс ретінде қарастыруды міндеттейді.

Педагогикалық процесс білім беруші мен білім алушылардың ынтымақтастық қарым-қатынас негізінде әр жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттері мен дара мүмкіндіктерін есепке ала отырып ұйымдастырылуы тиіс.

Зерттеу нысанасы: білім беру мекемелерінің оқу процесі.

Зерттеу мақсаты: білім беру мекемелерінде білім алушылардың шығармашылық дарындылығын дамытуды теориялық тұрғыда негіздеу.

Зерттеудің міндеттері: білім алушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың теориялық негіздерін айқындап, «шығармашылық дарындылықты дамыту» ұғымына анықтама беру; білім беру мекемелерінде білім алушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың бүгінгі жағдайы мен өзіндік ерекшеліктерін анықтау.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Білім алушылардың шығармашылық дарындылығын дамыту мәселесінің өзектілігінің артуы білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие процесіне жаңаша тұрғыда қарап, оны білім алушының білім, білік, дағдыны меңгеру ғана емес, танымдық-шығармашылық іс-әрекет және интеллектуалдық, шығармашылық процесс ретінде қарастыруды міндеттейді.

Педагогикалық процесс білім беруші мен білім алушылардың ынтымақтастық қарым-қатынас негізінде әр жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттері мен дара мүмкіндіктерін есепке ала отырып ұйымдастырылуы тиіс.

Қазіргі таңда еліміздегі болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру саласындағы міндеттерді орындауды жаңаша сипатта қарастыра отырып, қол жеткен жетістіктерді сын көзбен сараптау және оны бағалауда озат технологиялар арқылы білім алушылардың шығармашылық дарындылығын дамытуды басты назар етіп алады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және адамзаттық құндылықтарды, ғылым мен практикадағы жетістіктерді адамның шығармашылық, рухани дамуына, дара мүмкіндіктері мен интеллектуалдық сапаларының білім алушы деңгейін қалыптасуы ұйымдастыру міндетін қояды.

Шығармашылық дарындылықты дамыту мен оның психологиялық табиғаты, мәні мен мазмұнын түсінуге байланысты ой-пікірлер тамыры тереңге бойлайды. Оның маңыздылығы жөнінде қазақ ғұлама ағартушылары Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсыннов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов т.б. еңбектерінде сөз қозғайды.

Елімізде психология және педагогика саласында білім алушы жеке тұлғасын қалыптастыруда маңызды бірқатар зерттеулер орындалған: оқыту қызметін тәрбиелік іс-шаралармен сабақтастырудың жаңаша сипаты жеке тұлғаның танымдық ізденімпаздығы мен шығармашылық ойлау мүмкіндіктерін дамыту, Н.Д. Хмель, С.С. Смаилов, Б.А. Оспанова, Б.А. Тұрғынбаева, А.Е. Әбілқасымова, Р.С. Омарова, А.А. Бейсенбаева, А.К. Аренова, Т. Сабыров т.б.

ТМД, Ресей ғалымдарының еңбектерін талдауда шығармашылық қабілет, креативтілік, дарындылық мәселелерінің психологиялық ерекшеліктері (С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, А.М.Матюшкин, А.В.Берушлинский т.б.); шығармашылық іс-әрекеттің мотивациялық сипаты (Б.Г.Ананьев, Л.И. Божович, А.Н. Леонтьев, А. Маслоу, Ж. Пиаже т.б.) жөнінде зерттеулері орындалған.

Елімізде дарынды білім алушымен жұмысты жетілдірудің мынадай бағыттары бойынша зерттеулер маңызды болып табылады: дарынды білім алушымен жұмысты ұйымдастырудың басқару аспектісі (Ү.Б. Жексенбаева, Л.И. Нарықбаева); математиканы оқыту арқылы білім алушыдың интеллектуалдық әлеуетін дамыту (Г.С. Байтұреева, Ж.О. Үмбетова т.б.); жалпы білім беретін білім беру мектептердің педагогикалық процесінде дарындылықты дамыту шарттары (С.В. Кузнецова, С.И.Қалиева, Н.Н. Телепнева, Ж.К. Елеупаева т.б.).

Сонымен, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді теориялық зерттеулерді

талдау мен білім беру мектептеріндегі оқу-тәрбие процесіндегі тәжірибелерді саралау нәтижелері мынадай қарама-қайшылықтарды анықтап отыр: жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығын дамытуда қоғам талаптары мен бұл мәселенің білім беру мекемелертердегі жағдайы арасында; білім алушылардың шығармашылық дарындылық мүмкіндіктері мен оны дамытуда оқу-тәрбие процесінің тиімді ұйымдастырылмауы арасында, шығармашылық қабілеті бар дарынды білім алушын дамыту қажеттігі мен арнайы оқыту бағдарламаларының жоқтығы, бұл салада арнайы ғылыми-әдістемелік зерттеулердің аз жүргізілуі арасындағы қарама-қайшылықтар бізге зерттеу проблемасының көкейкестілігін дәлелдеді.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ

Зерттеліп отырған мәселеге қатысты философиялық, педагогикалық, психологиялық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, озат іс-тәжірибелерді жинақтау, оқу процесін бақылау, педагогикалық эксперимент жүргізу, сауалнама жүргізу, тестілеу, әңгіме, арнайы курс өткізу және оны талдау, эксперимент нәтижелерін математикалық өңдеу және қорытындылау.

Бүгінгі күні осы дарындылықты дамытуда, соның ішінде білім алушылардың шығармашылық дарындылығын диагностикалауды ұйымдастырудың нақты белгіленген бағыты, жүйеленген әдістемелері немесе тәсілдері жоқ.

Диагностика – оқу-тәрбие процесінің жемісі мен нәтижесі жөніндегі ақпараттарды алу үшін қолданылатын тәсілдер.

Диагностика міндеттері:

1. Білім алушылар дамуының барысы мен нәтижесін талдау (білім алушының білім деңгейі, психикалық жетілу деңгейі, білім жолында ілгерілеу қарқыны);

2. Оқу процесі мен оның нәтижесін талдау (білімділік деңгейі мен тереңдігі, игерілгенді қолдану ептілігі, ойлау деңгейі, шығармашылық іс-әрекетке қабілеті т.б.)

Диагностика мақсаты – оқу-тәрбие жұмыстарын, олардың өнімділік нәтижесімен байланыстатын дер мезгілінде анықтау, бағалау және талдау.

Білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы ең басты міндет – оларың шығармашылық қабілеттері мен таланттарын жан-жақты аша түсу үшін дарындылықтың түрін, деңгейін және т.б. ерекшеліктерін анықтау және айқындау болып табылады.

Білім алушылардың шығармашылық дарындылығын анықтауды ұйымдастыруда мынадай маңызды принциптер топтастырылады:

Ұзақ уақыттылық принципі. Дарынды білім алушының дамуының деңгейін анықтауға бағытталған психодиагностикалық зерттеу ұзақ уақытқа созылу керек. Оны танып-білу мен зерттеудің ұзақтығы – түрлі жағдайдағы іс-әрекетіне кең уақыт көлемінде бақылау жүргізу қажет.

Тренингтік әдістер мен тәсілдерді қолдану принципі. Дарынды білім алушыларға дамытушылық ықпал ете отырып, оның психологиялық кедергілерін жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді үзбей пайдалану.

Алғаш мектепке келген білім алушылар өзіне тән стресс жағдайында болады. Әрине, білім алушылардың мұндай жағдайы тестілеу қорытындысына әсерін тигізбей қоймайды. Өзіне бөгде адаммен кездесу (психолог, педагог) ол кім болса да білім алушылар үшін стрестік жағдай, сондықтан да диагностикалау қорытындысының бұл көрсеткіштерімен негіздеуге болмайды.

Тренингтік типтегі диагностикалау тапсырмасы білім алушыларның стрестік жағдайдан шығуына мүмкіндік береді.

Кешенді бағалау принципі. Тренингтік зерттеу негізінде жасалған қорытындысы білім алушыларның интеллектуалдық дамуы мен оның бойындағы дарындылық деңгейін толық анықтай алмайды. Соған байланысты білім алушыларның қабілеттерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін мінез-құлқы мен іс-әрекетін интеллектуалдық қабілетінің даму деңгейін, психоәлеуметтік және тұлғасының дамуын жан-жақты және кешенді сипатта бағалау.

Жоғары санатты тәжірибелі мамандарды тарту принципі. Білім алушыларның бойындағы қандай да бір дарынды бағалауда мамандарға қатыстыру және осы зерттеуге қатыстыру арқылы олар тек объект ретінде ғана емес, зерттеудің субъектісі де бола алады.

Экологиялық әдіс диагностикасына сүйену принципі.

Білім алушыларда болатын оқу, еңбек, ғылыми таным т.б. түрлі әрекеттердің өзара байланысы экологиялық тәрбие жүйесін құрайды. Білім алушыларның білімін, ойлауын, сезім еркінің бірлігін зертханалық жағдайда (тест процесі жағдайында) ғана айқындамай білім алушыларды «шынайы» жағдайдағы мінез-құлқын бағалау әдісі.

Сонымен, білім алушының дарынын оның психикалық дамуының нақты деңгейін бағалау, жұмыс нәтижесін талдау, бақылау, әңгімелесу, педагогтер мен психологтар, мамандардың сараптамалық бағалары, эксперимент жағдайындағы нақты іс-әрекетін бағалаумен.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Оқыту және тәрбиелеу процесінде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білім алушылардың интеллектуалдық, шығармашылық қабілетін арттыруға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастыру кезек күттірмейтін міндеттердің бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда жаңа талап, жаңа заманға сай білім алушыға тәлім-тәрбие мен білім берудің басым бағыттарында дарындылықты айқындау, ақыл-ой, интеллектуалдық шығармашылығын дамытуға баса назар аударылуда.

Осыған орай «шығармашылық дарындылықты дамыту» мәселесі қазақ этнопсихологиясы мен этнопедагогика ғылымында терең қарастырылған.

XIX ғасырда қазақ халық ағартушылары да халықты сауаттандыру, жеке тұлғаның қабілетін, дарындылықты дамыту мәселелерін көтере бастады. Ағартушы Ы.Алтынсарин: «Табиғи ақыл өзін қоршағанды ғана құшағына ала алса, оны дамытып өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім», - дейді.

Қазақ ағартушылары дарындылықтың туа бітетін қасиет екенін мойындай отырып, адам қабілеттілігінің дамуына білім мен тәрбиенің, еңбектің, қоршаған ортаның зор ықпалының бар екенін айтты. Ш.Уәлиханов шығармаларында жеке тұлға тәрбиесіндегі білім мен тәрбиенің шешуші рөлі көрсетілген. Оның жалпы қазақ халқының ақыл-ой қабілеттілігі жөніндегі пікірі мынадай: «Қырғыз-қайсақтар табиғатының ақыл-ой жүйріктілігімен, таңқаларлық көңілшектілігімен ерекшеленеді». Ш. Уәлиханов тәрбиеге үлкен мән бере отырып, адам қабілетінің дамуына оның табиғи бейімділігінің мәні зор екендігін алға тартады.

Абай Құнанбаев адамды қоршаған орта - табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы - туылғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Бірақ бала өсе келе осы қасиетті біртіндеп жоғалта береді. Ұлы ойшыл адамның ойы мен санасы еңбек іс-әрекеті кезінде қалыптасады деп тұжырымдайды: «Кей қасиет туа бітеді, ал кейбірі еңбек арқылы қалыптасады».

Абай «жетінші қара сөзінде» баланың ақыл-ойы, қабілеттілігі туралы мынадай

пікір айтады: «Жас бала анадан туғанда 2 түрлі мінезбен туады. Біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, таппайды. Біреуі білсем екен деп, не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып дәмін тартып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл не?», деп «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көз көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген».

Баланың білсем, үйренсем деген талабын ұштайтын, жеке ерекшелік қасиет, қабілеттерін ескере отырып оларды біліммен, іскерлік, дағдымен қаруландыратын, танымдық ой-өрісін және шығармашылық әлеуетін дамытатын білім беруші-ұстаздың ерекше мақсатты қызметінің қажеттілігі білім алушы болып табылады.

XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда педагогикалық теория негіздерінің қалыптасуына ат салысқан көрнекті қайраткерлер Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтардың педагогикалық мұраларында білім беру үрдісінде білім алушының қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін ескеру керектігі баса айтылған.

Міржақып Дулатов қазақ арасында көбіне көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге зерек, дарынды білім алушыны оқытып тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір психологиялық астарына үңіледі. М.Дулатов: «Туысында қанша зеректік болса да - ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге айнытпай сала білсе, жақсы

жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанда - көріп тұрғандай боласың...».

Шәкәрім Құдайбердиев те «Насихат» атты өлеңінде өмірдің тұтқасы өнер мен білімде, өнерлі озады, білімді ғаламды билейді, ғылым - таусылмас кен, оны жас күнінде үйрен деп насихаттайды.

Жүсіпбек Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Ал баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын оқыту мен тәрбие. «Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді, оған жақын жасы үлкендер жігерін ескеру қажет. Сонымен қатар Ж. Аймауытовтың ойынша, әрбір адамның белгілі бір мамандыққа деген туа біткен бейімділігі бар, сондықтан адам өзінің табиғатына тән қызметпен айналысқаны тиімді болады.

М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде адамның жалпы рухани дамуы туралы айта келіп, тәрбиені ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық деп бірнеше түрге бөліп қарастырады. Ол жеке тұлға тәрбиесі мәселесін интеллектуалдық қабілеттілікпен тығыз баланыста қарастырады.

Джон Локк өзінің «Адамның ақыл-ой тәжірибесі» философиялық еңбегінде төмендегідей пікір айтады: адамда туа біткен ой-пікірлер болмайды, олар тәжірибе негізінде пайда болады; адамның сәби кезіндегі ақыл-ойы «Таза тақтай» (*tabula rasa*) секілді; сезімде жоқ нәрсе, ақыл-ойда да болуы мүмкін емес. Ж.Ж. Руссо тәрбие мақсаты жөнінде пікір айтып, баланың шығармашылық тұлғасын көрсету керектігін негіздейді. Ол оқудағы белсенділік, өзбетінше, дербестік ұстанымын көрсетіп беріп, талантың, дарындылықтың көзін ашуды міндеттейді.

Ж.Ж. Руссо баланың өз бетінше білім алу, танымдық, шығармашылық әрекет

идеясына үлкен мән берді. Руссо дидактикасында оқыту үрдісінде ең бірінші орынға танымдық қабілеттілікті, белсенділік пен өзбетінше әрекет ету принциптерінің маңыздылығына тоқталады.

Американдық психолог, педагог Джон Дьюи дарындылық пен қабілеттілікті білім алушы қояды және оқу әрекетінің маңыздылығын айта келіп, негізгі дидактикалық мақсат білімді, материалды түсіндіру емес, ол өздерінің тәжірибесі негізінде оқыту, дара қабілеттерінің дамуына жағдай жасау қажет деген пікір айтты.

XVIII-XIX ғасырда дарындылық пен интеллектуалдық қабілет туралы және қайнар көзін іздеуде И.Г.Песталоцци еңбектерінің маңызы зор болды. И.Г.Песталоцци «Көзбен қабылдау әліппесі» деген еңбегінде баланың сезім тәжірибесіне сүйенеді. Ол интеллектуалдық ақыл-ой тәрбиесінің алғашқы сатысы - танымдық белсенділікті дамытуға қажетті оқытудың эвристикалық бақылау әдістемесін жасайды. «Адамның әрбір сөзі, әрбір іс-әрекеті, - деп жазды Песталоцци, - бұл оның бақылаулары нәтижесінде қалыптасқан ой-өрісінің жемісі».

Песталоцци сияқты Дистервег те оқытудың негізі ақыл-ой мен қабілетті дамыту деп көрсетті. Жеке пәндерді оқыту арқылы білім алушыға болашақ мамандық иесі болуға қажетті біліммен қаруландыруға ерекше көңіл бөлуді талап етті.

Дистервег еңбектеріндегі баланы оқытудың өзбетінше принципі -өздігінен білім алуға талпындыратын өзіндік таным еркіндігі. Сондықтан оқытушының негізгі мақсаты өзбеттілік іс-әрекетті дамыту арқылы білім алушылардың алатын білім сапасын тереңдете түсу. Ол баланы оқытуда тәжірибе жинақтауынан, оның ақыл-ой әрекетінде болатын сандық және сапалық өзгерістердің жиынтығы ретінде ойлауды дамытуды көздеді. Әсіресе, ол оқыту барысында әңгіменің алатын орнын білім алушы бағалады.

Әңгіме баланың ақыл-ойын дамытады, білімін нығайтады, байыптауы, өздігінен ойлауға үйретеді деп есептеді.

XIX ғасырда орыс революционер демократтары дүниені танып білуде, баланың жан-жақты дамуына мүмкіндік тудыратын ақыл-ой тәрбиесіне, интеллектуалдық қабілетіне көңіл бөлді.

К.Д. Ушинский «ақыл-ой дегенің өзі жақсы ұйымдастырылған білім жүйесі» дегенді ескерсек, ақыл-ойды қандай бағытта, қандай формада дамыту керектігі туралы қарастыра келіп, өз еңбектерінде білім алушының оқу процесінде ақыл-ойды дамыту мен тәрбиелеудегі ең негізгі дидактикалық шарт - оқытушы мен білім алушының оқу барысындағы еңбегінің дұрыс болуы мен жүйелі жинақтауында екендігін айтып өтті.

Қабілеттілік пен дарындылық мәселесі - Орта Азия мен Қазақстан ойшылдарын да толғандырған мәселе. Араб сөз бостандығының негізін қалаушылар (Әл-Хорезми, Фердауси, әл-Фараби, Ибн Сина, Беруни және т.б.) философия, логика, химия, астрономия, география, медицина, психология ғылымдарымен бірге жас жеткіншектерді тәрбиелеу мәселелеріне көп еңбектер арнаған. Мысалы, әл-Фараби «Бақытқа жету трактаты» еңбегінде этикалық мәселелермен қатар, адам қабілеттілігіне білім беруде түрлі озық әдіс-тәсілдерді қолдану жолдарына көңіл бөледі.

Ғылымдағы педагогика мен психологияның дифференциясы негізінде адам психикасы мен қабілеттілігі жөніндегі ғылыми зерттеулер жүргізіле бастады. Қабілеттілік ілімі жөніндегі алғашқы зерттеулер ағылшын психологі Френсис Гальтон (XIX ғ.) есімімен байланысты. Ол адамдардың жеке дара ерекшелігі мәселесін зерттеген. Ол өзінің «Таланттың тұқымқуалаушылығы: оның заңдылығы мен шығу тегі» еңбегінде қабілеттіліктің шығу тегін әдіснамалық тұрғыда негіздеп, келесі заңдылықтарды белгіледі: білім алушы қабілеттілігі бар адамдар-

дың тек аз бөлігі ғана қоғамда білім алушы дәрежеге, атаққа, даңққа ие бола алмайды”. Ф.Гальтон көптеген ұлы да қабілетті адамдардың өмірін бақылай келе “кез келген деңгейдегі қабілеттілікте тұқымқуалаушылық негізгі шарт” деген қорытындыға келеді.

Ф.Гальтоннан кейін неміс педагогі және психологі Э. Мейман (XIX –XX ғ.ғ.) дарындылық мәселесін зерттеуді теориялық тұрғыда жалғастырып, соның негізінде «дарындылық белгілерінің типтерін» белгіледі. Сонымен қатар туа біткен дарындылық пен кейіннен игерілген дарындылықты бірлікте қарауға тырысты. Э. Мейман дарындылықтың педагогикалық аспектілерін: оқу мен тәрбиенің дарындылықтың дамуына әсерін, дарындылық, қабілеттілік, жетістікке жетушілік ара салмағын қарастырады.

XX ғасырдың бірінші жартысында неміс психологі В.Штерн адамның жеке басы ерекшелігін зерттеп, жеке адам дарындылығы психологияның негізін қалады. Ол интеллекті бағалау әдістерін қарастырып, білім алушылардың ақыл-ой қабілетін анықтауға арналған «қабілеттілік коэффициентін» көрсетті. В.Штерн ақыл-ой қабілеттілігінің келесі анықтамасын ұсынды: «Ақыл-ой қабілеттілігі - өз ойын саналы түрде жаңа талаптарға қарай бағыттайтын, жаңа міндеттер мен өмір жағдайына бейімдейтін жалпы ақыл-ой қабілеттілігі». Штерннің пікірінше, дарынды деп жаңа талаптарға әртүрлі салада, әртүрлі жағдайларда тез бейімделе алатын адамды айтуға болады.

«Дарындылық» ұғымы «сый» («дар») деген сөзден шыққан, дамудың қолайлы ішкі алғышарттарын білдіреді. Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда төмендегіше анықтама берілген: «Дарындылық - белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі».

«Дарындылық» ұғымы «қабілеттілік» ұғымына өте жақын. Дарындылық пен қабілеттілік ұғымдары өткен ғасырдың

40-50 жылдарында психолог Б.Тепловтың еңбектерінде толығырақ зерттелді. Оның дәлелдеуінше, белгілі бір күрделі іс-әрекетті жүзеге асыруда қабілеттіліктің бір ғана түрі жеткіліксіз, сондықтан бірнеше түрлерінің жиынтығы қажет болады. Белгілі бір іс-әрекеттің ұтымды орындалуына тікелей әсер етуші қабілеттіліктің ерекше сапалық жиынтығын дарындылық дейді ғалым.

В.А. Крутецкий өзінің математикалық қабілеттіліктің құрылымын зерттеген еңбегінде: “Егер қабілеттіліктер деген ұғымды жеке психологиялық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілеттерінің жиынтығының бірлігі деуге болады» деп тұжырымдайды. Сонымен қатар «дарындылық» қабілеттіліктің жоғары деңгейін белгілейді.

Білім алушыда айтылғандарды ескере отырып, жасампаздық шығармашылықтың екі аспектісінің арасындағы айырмашылықты көрсетеді:

- а) жаңа идеяларды жарыққа шығару, ұсыну (ептілік, сонылық);
- ә) оларды талдау, зерттеу жұмысы.

П. Торренстің диагностикалық әдісінде басқа да кез келген байқау әрекетіндегідей, ең маңызды, негізгі белгі бойынша топтастыруда, күрделі табиғи құбылыстарды ретке келтіруде құндылықтар бар.

Дарындылық психологиясын зерттеген американдық, ресейлік ғалымдар П.Торренс, К.Тейлор, Б.Блум, А.М.Матюшкин, В.Юркевич т.б. жетекші идеяларының нәтижесінде дарынды білім алушыларды жас ерекшелігіне қарай оқыту әдістемесі жасалынған.

Жалпы, теориялық, шығармашылық ойлауын дамыту мақсатында арнайы оқу бағдарламасын жасау, типтік оқу жоспарын құру, жаңа технология мүмкіндіктерін пайдалану, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік бақылаулар жүргізудің арнайы әдіс-тәсілдері мен теориялық білім алу жолдарын арнайы

дайындаған оқытушы ғана оқу процесін тиімді ұйымдастыра алады.

Оқытушы тұлғасы кез келген оқытушының жетекші факторы болып саналады. Б.Блум дарынды білім алушымен жұмыс жасайтын педагогтің 3 түрлі типін анықтады.

Олар: білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттыра алатын педагог; білім алушыны орындаушылық техникаға жаттықтыратын педагог; білім алушыны кәсіби деңгейге апаратын педагог.

Дарынды білім алушының бойындағы шығармашылық қабілетін дамытып, өзіндік мүмкіндігін аша алатын, оқытып, тәрбиелейтін оқытушының бойында, ең алдымен, дарындылық белгілері, яғни қабілеті, таланты болуы міндетті. Дарынды білім алушылармен жұмыс істейтін оқытушының қасиет ерекшеліктерінің белгілері төмендегідей:

- мейірімділік, сезімталдық;
- дарынды білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін байқау, қызығушылығы мен қажеттілігін сезіну;
- интеллектуалдық дамудың білім алушы деңгейінің болуы;
- қызығушылығы мен білік, дағдының жан-жақтылығы;
- мінездің белсенділігі;
- өзінің көзқарасын өзгертуге даяр және үнемі өзін-өзі дамыту;
- шығармашылық немесе қалыптан тыс жеке көзқарас;
- әзіл-қалжыңға бейімділігі.

Қорыта айтқанда, білім алушылардың шығармашылық дарындылығын дамыту үшін оқу процесі және оқытушының жеке тұлғасын ұйымдастырудың үлкен мәні бар. Яғни, білім беруші мен білім алушы екеуінің арасындағы дидактикалық үдерістің барлық аспектісі педагогикалық тұрғыдан зерттелуі тиіс. Дарынды білім алушыларды теориялық деңгейде оқыту үшін арнайы бағдарлама мен білікті оқытушы қаншалықты қажет бол-

са, соншалықты оқу-танымдық қызметін шебер ұйымдастыруға болатыны сөзсіз.

Дарынды білім алушылардың теориялық ойлауын дамытуда олардың «жаңашылдығын» ұштау, «шығармашылық қабілеттерін» дамыту, «соны шешімге» келудің психологиялық және логикалық жолдарын, олардың ерекшеліктерін үйретудің маңыздылығы зор.

Педагогикада осындай күрделі мәселелерді шешу ісін оқытушы ой-өрісін жаңа талаптарға сай бағытқа өзгеруін қажет етеді. Осы уақытқа дейінгі білім алушы мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының ішкі дағдарысты жағдайынан шығуының екі жолы белгіленіп отыр:

I. Оқу мен тәрбие процесінде білім алушының жеке тұлғасы басты назарда болады.

II. Педагогикалық процесс білім алушының дара және жас ерекшелігін терең психологиялық-педагогикалық зерттеуіне негізделеді.

Білім алушының жеке тұлғалық дамуын зерттеу процесі негізгі екі бағытта жүргізіледі:

1. Білім алушымен кезеңдік жұмыс жүргізетін оқытушылар, психологтың көмегімен жылына кем дегенде бір-екі рет өткізіледі.

2. Білім алушының іс-әрекетін, мінез-құлқын барлық оқытушылар және білім алушының өзі үнемі белгілеп, бір мақсатқа бағыттап бақылап отырады.

Диагностикалық қорытындысы бақылау қорытындысымен салыстырылып, білім алушының жеке басының даму процесі туралы қорытынды мінездеме жасалады.

1. Білім алушының өмірлік бағыты (қоғамдық, топтық, іскерлік, эгоистік, анықталмаған).

2. Оқу түрткісі (жетістікке ұмтылушылығы, сәтсіздіктен қашу, танымдық, өзін көрсету, жеке аралық қатынас).

3. Білім алушының жеке психологиялық ерекшеліктері.

4. Психологиялық құйі.
5. Интеллектуалды даму деңгейі.
6. Жекелеген арнайы бейімділіктері.

Осындай қорытындылар негізінде топпен немесе білім алушымен жұмыс жүргізуде ескерілетін ерекшеліктері туралы педагогикалық ұжымға, білім алушыларға топпен және жекелеген психологиялық кеңес беріледі.

Әрбір білім алушы өз алдына белгілі бір кезеңге өзін-өзі дамыту міндетін белгілеп, өз бағдарламасын даярлайды. Ол бағдарламаның орындалуы туралы есеп беріліп отырады. Диагностика қорытындысы бойынша таным процестерінің деңгейі төмен нәтиже көрсеткен білім алушылар мен пән оқытушыларымен түзету жұмыстарын жүргізеді.

Білім алушының интеллектуалдық даму деңгейін зерттеуге «Айзек вербальды қасиеттер зерттеу» тесті, Л.Ф.Тихомирова ұсынған «интеллектуалды қабілеттерді анықтау» әдістемелері маңызды.

В.Н.Бузин ұсынған «Ақыл-ой даму деңгейін зерттеу» субтестары ұсынған «қысқаша іріктеу» тесттарын пайдалана отырып жүргізіледі. Интеллектуалды даму деңгейінің өлшемдері:

- оқытылатын пән мазмұнындағы құбылыстардың негізгі қасиеттерін қосымшаларынан айыра білу ерекшелігі;
- оқытылатын пән мазмұны туралы қорытынды жасай білу;
- ұғымдар арасында логикалық байланысты айыра білу;
- қорытынды жасай білу;
- тапсырманың ұғымды жақтарын айыра білу;
- тапсырманы орындаудың тиімді жақтарын таба білу;
- таным процестерінің даму ерекшелігі.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдауымыз көрсеткендей, дарынды білім алушылардың ақыл-ой қызметі жүйрік болып келеді. Оның танымдық құштарлығы, біліктігі, білуге құмар болуынан көрінеді, дарынды білім

алушылар өзінің қоршаған ортасын белсенді түрде зерттегіш болып, олар айналадағы болып жатқан бірнеше жайттарды бір мезгілде бақылай алатын қабілетке ие. Дарынды білім алушылардың себеп-салдарлық байланысты бақылап отыру және дұрыс пайымдама жасау, дұрыс нәтиже шығару қабілеті болады. Олар кейде білім алушының кездейсоқ, үстірт берілген түсіндірулерімен жиі келіспей қалушылығы байқалады және айналасындағылар туралы өзінің ұғымдарының бірқатар дамыған жүйесіне сай келетін түсіндірулерді талап етеді.

Дарынды білім алушыларға берілетін білімнің теориялық жақтары, құбылыстарды түсіндіру, байланыстарды анықтау (оларды жалпылау) едәуір тереңдетілген және кеңейтілген түрде берілуі тиіс. Абстрактілі теориялық материалдарды және істі меңгере алатындай етіп, әрбір білім алушының ақыл-ойының пайдаланатындай жан-жақты дамуы үшін белсенді оқуды ұйымдастырған жөн. Бұл кезегінде, жоғары мектеп білім алушыларының логикалық пайымдауларының, дерексіз ойлауының қарапайым, бірақ маңызды тәсілдерін игеруге тәрбиелейді.

Дарынды білім алушының ақыл-ой операцияларын шапшаң және нақты орындау, күрделі мәселені шешу дағдылары жақсы дамыған. Дарынды білім алушылардың сөздік қоры мол, сөйлеу тілінде шапшаңдық және сонылық айқын танылып тұрады. Ондағы ойлаудың абстрактылығы, рефлексия (сананың өзіне назарын аударып, өзінің психикалық-күйіне ой жүгіртуі, күшті есте сақтау қабілеті, ақпаратты және тәжірибені топтай алу қабілеті, күшті зейін, байқағыштық қасиеттері де қатарынан алдыңғы қатарда болады. Дарынды білім алушылардың ерекше белгісі – ойлаудың сонылығы, ешкімге ұқсамайтындығы. Сонылық негізінде шығармашылық қабілеті дамып, жетіледі.

Оқу материалын жақсы меңгеру және шығармашылық қабілет – дарын-

дылықтың айқын белгілері. Тапқырлық, кітаппен жұмыс, құбылысты бақылау, талдау, болжам құруға тапыну сияқты біліктері қалыптасады, пікірін ерекше етіп айту ерекшеліктері шығармашылықпен тығыз байланысты болып келеді.

Дарынды білім алушының тағы бір ерекшелігі – ой еңбегінің бейімді келуі. Білімді, жаңа материалды игеруге ұмтылуда, яғни, танымдық қажеттіліктерін қанағаттандырудағы серпін күшті келеді. Олар қиын және ұзақ уақыт орындалатын тапсырманы қуана орындайды, жауаптың басқа нұсқаларын да іздейді. Бірақ, олар дайын жауапты алдын - ала беріп қойғанды жек көреді. Осыдан барып оқу тобында келешекте болатын дау-дамайдың “дәні” пайда болады.

1) Табандылық – бұл адамның ұдайы, шалт әрекеттерін бірде төмендетпей, көрінген қиыншылықтарға төзе білуі. Өз табандылығынан адам қоршаған жағдайлар ішінен қажетін табуға шебер. Сәтсіздікте мүдіру, күмәнға берілу – табанды адамға жат қасиеттер, басқалардың қарсылығын, мінеп-шенегенін бұл өткір мінезді тұлғалар елей бермейді.

Табандылық әртүрлі деңгейде көрініс береді. Мысалы, дарынды білім алушы өз шешімін қорғай алмай, алғашқы кедергіден-ақ сескеніп, оны жеңудің амалына көзін жеткізе алмай, жалғастырайын десе, ерік - күші жетпей, істен бас тартқаны да болады. Бұл жағдайда білім алушыда қара басының тәндік мүддесі басымдау болып, ақыл, ой мен сыртқы жағдай талаптары сыртта қалады.

2) “Бұлақ көрсең көзін аш!” деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, білім алушының қабілет дарынын ашу оқытушы міндеті.

3) Оның үстіне білім алушы бойындағы ерекшелікті, қабілетті оқытушы танып, соған бағыттап білім мен тәрбие берсе білім алушының болашағының ірге тасы дұрыс қаланары сөзсіз.

Дарынды білім алушылардың табиғатын танудың психо-әлеуметтік аспек-

тілерін ғылымда былайша сипаттау қалыптасқан: күшті дамыған шыншылдық сезімі болады, фантазиясы, қиялы күшті әрі кең өрісті болады. Негізінде адам қиял арқасында өз ісін бастамай тұрып-ақ, болашақ еңбегінің нәтижесін күні бұрын болжай алады. Ой мен қиялдың арасындағы байланысты К.Д. Ушинский: «Мықты, кемелденген қиял - ақылдылықтың нышаны», деп көрсеткен.

Дарынды білім алушылар кең өрісті қиялы арқылы оқиғаның соңғы нәтижесін күні бұрын болжар, қандай болмасын әрекетке баруға итермелейді. Білім алушылар қиялы бұрын көрмеген, білмеген заттар мен құбылыстарды өрнектеуге шеберлік танытады. Әлемде жоқ нәрселер бейнесін күнделікті көріп жүрген таныс заттардың құрылып элементтерінің қосындысынан жасайды. Зерделі және сезімтал, білімі мол білім алушылардың қиялы ғажайып, әрі қызық бейнелер жасауға бейім келеді.

Л.С. Рубинштейн төмендегі талапқа сай келмеген қиял, тәжірибелік жағынан пайдасыз деген пікір айта келіп, қиялдың қуаты мен деңгейі келесі екі белгімен: 1) қиял туындысы мәндік және мағыналық шарттардан асып кетпеуі керек; 2) қиял өзіне негіз болған деректерден жаңалығы және қайталанбастығымен ерекшеленуі тиіс – дейді.

Кең өрісті қиял мазмұн жағынан да ауқымды келеді. Дарынды білім алушылар қиялының даралық сипаты-еркінділігінде, қиялды алға қойылған міндетке ауыстырып, қажетті нәтижеге жету үшін пайдалана білуінде. Қиялдың білім алушы шегіне жеткізу, яғни ойға келген бейнелердің алуандығына қарамастан, оларды қажетті байланыстарға келтіріп, бір идеал төңірегіне орайластыру қабілетін дарынды білім алушылар бойына қалыптастыру керек.

Дарынды білім алушылар қоғамдағы келеңсіз жағдайлардың шиеленісуін жүрегіне жақын қабылдайды, өзіне және айналасындағы адамдарға білім алушы

талап қояды және шындық үшін өзінің пікірін, көзқарасын ашық айтады.

Дарынды білім алушылардың ішкі тепе-теңдігі үшін айрықша маңызды белгілердің бірі - жақсы дамыған әзіл-оспақты түсіне білу сезімі. Өзінің құрбылары байқамайтын жерден әзіл-оспақ жайды көре отырып, олар аңғалдықты, сөз ойынын, «сөзбен шағуды» жақсы көреді. Әзіл-оспақ - құтқарушы, сәттілік әкелуші де және нәзік психика үшін ақылы аз адамдардың қорлауынан, соққысынан қорғану негізінде пайдалы қалқан. Осы психологиялық қорғанысты табиғи түрде-ақ шебер пайдалана алады.

Көп жағдайда адамның көздеген кейбір қажеттіліктері қандай да болсын себептермен орындала бермейді, оларды қанағаттандырудың мүмкіндігі болмай

қалады. Мұндайда әрекет-қылық психологиялық қорғаныс тетіктерімен реттеліп барады. Психологиялық қорғаныс жасау арқылы, дарынды білім алушы әзілдеп, дау-дамайға соқтырып мүмкіндік ақпаратын елемей қабылдамай, оның өз болмысына, абыройына, өзіндік бағасына қатер төндірмейді.

Тәрбие нәтижесінде қалыптасып, әлеуметтік негізге ие болатын дарынды білім алушылардың жеке тұлғалық бағыт-бағдары болады. Бағыт-бағдар - адамның қасиеттеріне айналған көрсеткіштер. Бағыт-бағдар құрамына өзара байланысты, деңгейі жағынан бірінен-бірі білім алушы бірнеше формалары кіреді: құмарлық, ниет, ұмтылыс, қызығу, көзқарасы, нанымы (1-кесте).

1-кесте – Дарынды білім алушылардың бағыт-бағдар формасы

№	Формалары	Қысқаша мәні
1	Құмарлық	Құмарлық – бағыт-бағдардың ең қарапайым биологиялық формасы;
2	Ниет	Ниет – саналы қажетсіну, толық белгілі затқа құмарлық;
3	Ұмтылыс	Ұмтылыс – ниетке еріктік күш қосылғанда пайда болады;
4	Қызығу	Қызығу – бағыт-бағдардың қандай да затқа ауысуындағы танымдық формасы;
5	Көзқарас	Көзқарас – қоршаған дүние болмысын философиялық, этикалық, жаратылыстану және басқа ғылымдар жүйесінде тану;
6	Наным	Наным – адамды өз танымы, принципі көзқарастарына орай әрекетке ықпалдаушы мотивтер жүйесі, бағыт-бағдардың ең жоғарғы формасы.

Сонымен, дарынды білім алушы ойлау дербестігіне ие, ол жаңа мәселелер мен проблемаларды қоя біліп, оларды тың әдістермен шеше біледі. Ал бұл қабілет өз кезегінде ойлаудың белсенділігімен, кезіккен міндеттер мен мәселелерді өз бетінше шешуге ұмтылыс жасайды.

Дарынды білім алушы қойылған проблеманы тұтастай көре біліп, оған байланысты болмыс сырларын көптеп шешуге,

белгісіз нәрселерге зер салып, қызығады, түсініксіз нәрсені білуе ынтазарлық, түрлі сұрақтарға жауап іздеп, ой әрекетімен шұғылдануға бейім келеді.

Сондықтан оқыту процесінде білім алушылардың дарындылығын дамыту жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру басты мақсат, ғылыми проблема болып табылады.

АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ

Білім алушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың теориялық негіздері болып шығармашылық дарындылықты дамыту мәселесінің педагогикалық, психологиялық т.б. еңбектерде талдануына, білім алушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың психологиялық ерекшелігіне сипаттама берілді. Қазіргі білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық дарындылығын дамыту жағдайлары мен мүмкіндіктері сараланды.

Қазіргі кезеңдегі шығармашылық дарындылығын дамытудағы мүмкіндігі ретінде білім беру мекемелерінде білім алушылардың шығармашылық дарындылығын диагностикалау әдістері көрсетіліп, оның әдістемесі, бағыттары ұсынылды. Шығармашылық дарындылығын дамытуға бағытталған жұмыстар нәтижелері талданды.

Қорытындыда ғылыми болжамды дәлелдейтін зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдары берілді, ұсыныстар және дарындылықты дамыту мәселесінің болашақтағы зерделенетін бағыттары көрсетілді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Алтынсарин Ы. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1990. – 201 б.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы, 1995. – 355 б.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 560 б.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320б.
5. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 560 б.
6. Жұмабаев М. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.
7. Аймауытов Ж. Комплексті оқыту жолдары. – Қызылорда, 1929. – 110 б.
8. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан. – Алматы: Қітап, 1992. – 196 б.
9. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. –Алма-Ата: Мектеп, 1984.
10. Абылкасымова А.Е. Формирование познавательной самостоятельности студентов-математиков в системе методической подготовки в университете. Дис...д.п.н. – Алматы, 1995. – 303 с.
11. Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. Пед.ғыл.канд.дис. –Алматы, 2001.–167 б.
12. Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. Монография. – Алматы: Ғылым, 1998. - 225 с.
13. Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. – М., 1973. – 750 с.
14. Выготский Л.С. Собр. соч. в 6-ти т. – Т.3. – 1983. – 560 с.
15. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. – М.:Педагогика, 1972. – 208 с.
16. Берушлинский А.В. Субъект: мышление, учение, воображение. – М., 1996. – 320 с.
17. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – М., 1977.
18. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Просвещение, 1968. – 464 с.
19. Маслоу А. Самоактивизация личности. Тексты. – М., 1982. – 45 с.
20. Пиаже Ж. Избранные психологические труды. – М., 1995. – 551 с.
21. Жексенбаева Ү.Б. Научно-педагогические основы управления системой работы с одаренными детьми в Республике Казахстан: Дисс... канд пед наук. –Алматы, 1999. -149 с. Анар Шинболатқызы Тәңірбергенова, Әспет Кеңесбекқызы Кагазбаева, Теміржан Құлмұхамедұлы Мұсалымов, Салтанат Көбейбекқызы Ақстанова, Клара Конарқызы Базарбаева,

Мұқамедрагим Кадирбайұлы, өсіп-жетілуге қабілетті білімді жас; электрондық ресурс <http://www.lifescceptsite.com>

22. Мукушев Б.А., Желдыбаева Б.С., Мусатаева И.С., Мукушев Б.А., Кариев К.У., Турдина А.Б. Синергетикалық идеяларды білім мазмұнына қосу негізінде мектеп білім алушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастыру // Білім интеграциясы = Білім берудің интеграциясы. 2018.V.22, № 4. Бет 632-646.) DOI: 10.15507 / 1991-9468.093.022.201804.632-647. <http://edumag.mrsu.ru/index.php/ru/articles/82-18-4/697-10-15507-1991-9468-092-022-201804-3>

Ж.К. САГАЛИЕВА, Б.Қ. ТОРТАЕВА, А.Н. МУКУШЕВА

ПРОБЛЕМА РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКОЙ ОДАРЕННОСТИ В ОБУЧЕНИИ

Национальная академия образования им.И.Алтынсарина,

г.Нур-Султан, Казахстан

E-mail: eleupaevazhanar@mail.ru

ZH.K. SAGALIEVA, B.K. TORTAEVA, A.N. MUKUSHEVA

PROBLEM OF CREATIVE GIFTEDNES DEVELOPMENT IN EDUCATION

National Academy of Education named after I. Altynsarin,

Nur-Sultan, Kazakhstan

E-mail: eleupaevazhanar@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема развития творческой одаренности в условиях реформирования системы образования в Республике Казахстан. В стране в соответствии государственной программой поддержки одаренности и организации работы с талантливой молодежью проводится масштабная работа.

Автором изучена методология развития творческой одаренности и были проанализированы труды зарубежных и отечественных ученых, педагогов, психологов и методистов для решения проблемы развития творческих способностей.

В статье описаны возможности развития творческой одаренности в учебном процессе.

Содержание статьи может быть представлено в качестве теоретического руководства по обучению педагогов.

Ключевые слова: творческая одаренность, развитие одаренности, учебный процесс, теоретические основы одаренности, творческий потенциал, творческая личность, познавательно-творческая деятельность

Abstract. This article discusses the problem of developing creative giftedness in the context of reforming the education system in the Republic of Kazakhstan.

In accordance with the state program on giftedness support and organization of work with talented youth, large-scale work is being carried out in the country.

The methodology of the development of creative giftedness was also studied, and the works of foreign and domestic scientists, teachers, psychologists and methodologists were analyzed to solve the problem of developing creative abilities.

The article presents the possibilities of developing creative giftedness in the educational process.

The content of the article can be presented as a theoretical guide to the training of pedagogical specialists, focusing on changes in the modern education system.

Keywords: creative giftedness, the development of giftedness, the educational process, the theoretical foundations of giftedness, creativity, creative personality, cognitive and creative activity

FTAMP 14.15.07

А.И. САПАРОВ*Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернат
Павлодар қ., Қазақстан***ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - ҚАЗІРГІ БІЛІМ
БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ**

Аңдатпа. Мақалада қазіргі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықтың алатын орны мен маңызы туралы айтылған. Қазіргі жаһандану заманының ағымына сай ақпараттық технологиялар мен ғылым жетістіктеріне ілесе отырып, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіру арқылы алған білімін күнделікті өмірде пайдалана білу - алдыңғы қатардағы маңыздылыққа ие болып отыр. Осы жердегі басты мақсат - зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматты қалыптастыру, оның әлеуметтік тұрғыдан бейімделушілігін арттыру. Осындай азаматтың ең басты қасиеттеріне белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, дұрыс және тез арада шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдау, өмір бойы білім алуға дайын тұруы жатады.

Осы қасиеттердің барлығы қосыла келе функционалдық дағдылар болып қалыптасады.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, ақпараттық технологиялар, шығармашылық ойлау.

Қазіргі деректерге сүйенетін болсақ, мектеп жасындағы балалардың жартысына жуығының мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Тіпті олар әртүрлі жағдайда кездескен бланкіні толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмапты. Бір қызығы, олар теледидарда не айтылып жатқанын, жалпы айтқанда, күнделікті өмірдің есебін білмейтін болып шыққан. Соның салдарынан жұмыссыздық, өндірістегі апат, жазатайым оқиғалар, жарақат алулар көбейіп кеткен. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің артуы, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді. Сақтанбау, ұқыпсыздық, байқаусыздық,

апаттар: мұның бәрі ережені дұрыс оқымағандықтан, түсінбегендіктен, санаға сіңірмегендіктен орын алып отыр. Мамандардың айтуынша, сауатсыздық дерті адамға кішкентай кезінен бастап жұғады екен. Әсіресе, бүлдіршінді жазу мен оқуға баули бастаған 1-ден 3-сыныпқа дейінгі аралықта пайда болады. Яғни, үшінші сынып оқушысы ешқашан кітапханаға бармаса, оқулықтан басқа ешқандай кітап оқымас тағы бір ертеңгі сауатсыздың дүниеге келгені. Ғалымдардың айтуынша, 8-сыныптан бастап оқушылардың 60 пайызының өз бетімен жазып-оқуға деген ынтасы жоғалады екен. Тіпті түлектердің үштен бірінің оқуға мүлдем құлқы болмайтын көрінеді. Елбасы дұрыс айтты, «білім беру тек қана оқытумен ғана шектелмей, оны керісінше, әлеуметтік адаптация процесіне бейімдеу қажет». Сонымен, функционалдық сауаттылық

дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын негізгі бағыттары:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Осыған орай, Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың төрт негізгі механизмін бөліп көрсетеді.

Оның бірінші механизмі – оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту / МЖМБС - мемлекеттік стандарт/. Ол үшін мұғалім оқушының бойына әлеуметтік ортаға бейімделуіне, алған білімін практикалық жағдайда тиімді пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек.

Олар:

- басқарушылық – проблеманы шешу қабілеті;
- ақпараттық – ақпарат көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау;
- коммуникативтік - қазақ, орыс, ағылшын тілінде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау;
- әлеуметтік – қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті;
- тұлғалық – өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақта өзі таңдаған

кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу;

- азаматтық /қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, діні мен тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі; технологиялық – ақпараттық технологияларды, білім беру технологияларды сауатты пайдалану;

Оқушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді /әр пәннің мазмұны арқылы/ меңгеруі тиіс.

Елбасы Н. Назарбаев оқулық мәселесіне де ерекше тоқталған болатын. Оқулықтың мақсаты, міндеті, мазмұны, құрылымы функционалдық сауаттылықтың құзыреттілігіне сай жазылуы тиіс.

Ұлттық жоспарда көрсетілген функционалдық сауаттылықтың екінші бағыты – оқу нәтижелерінің бағалау жүйесін өзгерту. Қазіргі біз қолданып отырған жүйеде 5, 4 және 3 деген бағаларды не үшін қоюға болатыны нақты анықталмаған. Бағалау жүйесі функционалдық сауаттылықта сырттай бағалау және іштей бағалау болып бөлінеді. Іштей бағалау – оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау. Ал сырттай бағалау – әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері /ҰБТ, ОЖСБ-ВОУД/. Критериалды бағалау жүйесі енгізілді. Функционалдық сауаттылықтың келесі бір бағыты – ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Ата-ананың борышы бала бойына жас кезінен адами құндылықтарды дарытып, саналы өмір сүруге баулу. Ата-ана баласының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мұғалімдерімен тығыз байланыс жасау керек. Ата-ана баласының ерекше қасиетін тану, түсініп қол үшін беру, олардың қабілетін дамыту, бойына рухани құндылықтарды қалыптастыру, жағымсыз мінез-құлық, әдеттерден арылтуға көмек беруі керек. Ата-ананың бойында да функ-

ционалдық сауаттылық болуы тиіс. Бұл үшін мемлекет жаңа әдістемені әзірлеуге кірісті. Осы әдістеменің негізінде ата-аналарға арналған семинарлар мен тренингтер өткізіледі. Аталған жұмысқа Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) және азаматтық қауымдастықтың басқа да секторлары белсенді тартылады. Бұл жердегі тағы бір басты бағыт – қосымша білім беру жүйесін дамыту. Ұлттық жоспарда оқушылар сарайы, музыка мектептері, жас техниктер мен натуралистер станциялары жұмыстарын түбегейлі өзгерту қарастырылған. Қазақстанның тарихында алғаш рет аталған ұйымдардың материалдық техникалық базасы жаңартылатын болады. Оқытудың жаңа технологиялары мен интерактивтік, инновациялық формалары енгізілетін болады. Олар: балалар интерактивті парктері (ғылыми қалалар), технопарктер, балалар мұражайлары, ғылыми үйірмелер және т.б. Бұл шығармашылық пен инновацияға деген қызығушылықты арттырады. Мұндай оқыту жүйесі баланың санасына әлеуметтік тұрмысына, төңіректегі әлемге терең көзбен қарап үйреніп, жолығатын қиын мәселелерді оңай шешетін болады. Бұрынғыдай мектептен шыққан соң бала үйренген білімін ұмытып қалмайды, қайта өмірде пайдаланатын болады. Ұлттық жоспарды іске асыру барысында 2017 жылға қарай қазақстандық мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мынадай жағдайлар жасалатын болады:

- ғылыми-зерттеу жағынан қамтамасыз етеді;
- білім беру мазмұнын жаңартады, оқу-әдістемелікпен қамтамасыз етеді;
- мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және оған мониторинг жүргізу жүйесі енгізіледі;
- материалдық-техникалық базасы жаңартылып, нығайтылады.

Жалпы алғанда, Ұлттық жоспарды жүйелі және одан әрі іске асыру Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесінің

бәсекеге қабілеттілігін және функционалдық сауаттылығының дамуына мүмкіндік береді.

Егеменді еліміздің халық шаруашылығын дамытудың маңызы, оның материалдық-техникалық базасын нығайтудың өзекті проблемаларын шешудегі, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттырудағы, еңбекшілердің материалдық және мәдени деңгейін көтерудегі биология ғылымының маңызы мен рөлі өте зор. Себебі жаратылыстану ғылымдар жүйесінде биология айрықша орын алады. Биологияның ерекшелігі – ол қазіргі кездегі табиғатты, ондағы тіршілікті түсіну ғылымдарының негізі. Биология сабағында оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру қажет. Мысалы, 8-сыныптағы биологияның «Анатомия» курсында өтетін «Тыныс алу жүйесі» тарауында «Жасанды тыныс алу әдіс-тәсілдері» тақырыбының теориялық негіздемесін ғана біліп қоймай, оны практикада, яғни төтенше, жазатайым, т.б жағдайларда қолдану негіздерін көрсету келешектегі өмірде барынша маңызды, яғни мектепте алған білімдері арқылы оқушылар адамның өмірін сақтап қалу әдістеріне үйренеді. Бұл сыныптағы биология адам ағзасын зерттейді, сондықтан өз ағзасының құрылысын, жекелеген мүшелер мен мүшелер жүйесінің атқаратын қызметін танып білу оқушылардың қызығушылығын арттырып, зияткерлік пайымдауына (мысалы, жүйке жүйесі барлық тірі ағзаларда болғанымен, не себепті адамда ол барынша күрделі, осындай күрделілік тек қана адамға тән ойлау, сана-сезім, сөйлеу сияқты қасиеттердің дамуына қалай әсер етеді) және қиялының дамуына (мысалы, мидың шамамен небары 5-8% ғана жұмыс істейді екен, егер бұл көрсеткіш 20%-ға артса не болады) септігін тигізіп, осы тұрғыдан өсіп-өркендеуіне оңтайлы әсер етеді.

Олар қоршаған ортада және адамның тіршілігінде жүріп жатқан заңдылықтар мен процестер туралы білімді игеру, күрделі емес тәжірибе-эксперименттік мәселелерді шешу, салауатты өмір салты түсінігін меңгеру, оқыған материалға талдау жасап, жіктеп, кесте, сызбанұсқалар құрып үйрену, ақпаратпен жұмыс істеудің түрлі тәсілдерін оқып үйрену, алғашқы медициналық көмек көрсету әдістерін игереді және ол туралы білім қалыптастырады. Нақты бір сабақтағы әрекетті мысал ретінде келтіретін болсақ, алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін үйрену барысында оқушылар оның қандай жағдайда қалай қолдануын есте сақтауға тырысады. Ол үшін сын тұрғысынан ойлау стратегиясын қолдану өте тиімді. Мысалы суға кеткен адамға қандай алғашқы көмек шараларын көрсетуге болады деген сауалға жауап беру үшін олар кестенің сол жағына, яғни ішіне жасанды тыныс алу түрлерін, суды өкпеден шығару, жүрекке тікелей емес уқалау жасау әдістерін жазып толтырады, ал оң жағына, яғни сыртына осы жағдайға қатысы жоқ іс-шаралар ретін жазады. Сабақ соңында алған білімдерін іс-тәжірибе жүзінде көрсетіп (манекеннің көмегімен), бейнефильм көру арқылы жинақтап, рефлексия жасайды. Міне, осылайша келешектегі өмірде оқушы өз бойында алғашқы жәрдем көрсету дағдысын қалыптастырады.

Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім берген мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушы болуы тиіс. Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын – әрқашан аз ғана білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Ойынды алданыш және жеңіл көңіл көтеру деп ойлайтындар биология сабағында мынадай әдіс тәсілдерді қолдану арқылы

оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландырады. «БББ» кестесінің алғашқы екі кестесін, яғни «не білемін», «не білгім келеді» деген бағандарды оқушылар жаңа тақырып басталмас бұрын толтырады. Жаңа білімнің маған берер пайдасы қандай болмақ деген сұрақтарға жауап беруге ұмтылады. Кластерлер («жүзімнің шоқтары» деген мағынада), идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстырып әңгімелейді. Мысалы: ойлан, жұптас, пікірлес – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен бірге жазғанын талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрайды. Еркін жазу – оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл. Оқушылар берілген уақыт аумағында тоқтамай жазуы керек. Сабақтың негізгі бөлімінде мұғалім оқушыларға білім алудың белсенді тәсілдерін ұсынып, олардың өздігінен жаңа мәліметті жан – жақты қарастырып, зерттеп, игеруіне мүдделі. Оқушылар жекелей, жұппен, топпен жаңа ақпаратпен танысып, ол туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

ТҰЖЫРЫМДАР

Сонымен, функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен

қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде

қолданылады. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ, оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті болып саналады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының» бағдарламасы, екінші деңгей, 2014 жыл
2. «Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2-деңгей, үшінші басылым», 2014 жыл
3. Орақова М.С. «Дарынды және талантты балаларға білім беру»
4. Шүкіров С.С. «Дарынды балаларды оқыту»
5. Интернет желісі, www.collegu.ucoz.ru сайты

А. И. САПАРОВ

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ – ГЛАВНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Павлодар, Казахстан

A. I. SAPAROV

FUNCTIONAL LITERACY – THE MAIN DIRECTION OF MODERN EDUCATION

Pavlodar city, Kazakhstan

Аннотация. В статье рассматривается роль и значение функциональной грамотности в современной системе образования. Идя в ногу с достижениями информационных технологий и науки в нынешнюю эпоху глобализации, способность применять полученные знания в повседневной жизни, независимо от возраста, имеет первостепенное значение. Основная цель - сформировать интеллектуально, физически и духовно развитого гражданина, повысить его социальную адаптивность. Основные качества такого гражданина - активность, творческое мышление, способность принимать правильные и быстрые решения, правильный выбор профессии, готовность к обучению на протяжении всей жизни. Когда все эти качества сочетаются, они становятся функциональными навыками.

Ключевые слова: функциональная грамотность, информационные технологии, творческое мышление.

Abstract. The article discusses the role and importance of functional literacy in the modern education system. Keeping up with the achievements of information technology and science in the current era of globalization, the ability to apply the acquired knowledge in everyday life, regardless of age, is of paramount importance. The main goal here is to form an intellectually, physically and spiritually developed citizen, to increase social adaptability. The main qualities of such a citizen are activity, creative thinking, the ability to make the right and quick decisions, the right choice of profession, readiness for lifelong learning. When all these qualities are combined, they become functional skills.

Keywords: functional literacy, information technologies, creative thinking.

ГРНТИ 37.032:355

А.М. ХАЛЫКОВА

*Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: mag-aizan@mail.ru*

ҚӘСІБИ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ПЕДАГОГТИҢ ҚӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Андатпа. Осы мақалада кәсіби маман үшін кәсіби құндылықтарды бойына сіңірудің маңыздылығы зерделенген. Негізгі кәсіби құндылықтарды қалыптастыру лауазымына қарамастан барлық мұғалімдерге тән. Мұғалімнің бойында танымдық және мотивациялық саласына қатысты педагогикалық білімі, дағдылары, кәсіби маңызды қасиеттері болуы оның кәсіби дайындығын көрсетеді.

Ғылыми білім құндылық ретінде мұғалімнің өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік береді, мұғалімнің ғылыми-танымдық қызығушылығы білім алушының танымдық белсенділігін қалыптастырудың «қозғаушы күші» болып табылады.

Педагогтің әлеуметтік құндылықтары жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде қоғамның барлық мүшелері арасындағы руханилықты, еркіндікті, теңдікті дамытуға бағытталған.

Түйін сөздер: кәсіби тұлғалық құндылық, кәсіби өзін-өзі бағалау, әлеуметтік әділеттілік, ашықтық, кәсіби міндет.

КІРІСПЕ

Кәсіби құндылықтар білім берудің ажырамас бөлігі және олар мұғалімдердің оқыту процесіндегі іс-әрекеті мен білім алушылармен өзара әрекеттесуінде көрініс табады. Білім алушылар күнделікті уақытының көп бөлігін мұғалімдермен өткізеді және бұл олардың құндылық бағдарын дамытуға әсер етудің маңызды мүмкіндіктері болып табылады. Мұғалімнің рөлі құндылықтарды шынайы қалыптастырушысы, себебі білім беру практикасы мұғалім мен білім алушы арасындағы қарым-қатынасқа негізделген.

Кәсіби білім берудің бағыты өзін-өзі бағалау процесі арқылы анықталатын жүйелі рефлексия мен болжамды әсер үнемі оқу процесімен байланысты болуы тиіс.

Жеке тұлғаның бойында құндылық бағдар жүйесінің болуы маңызды. Тұлғалық құндылықтар белгілі бір қызметті жүзеге асыруда тұлғаның ішкі дайындығын анықтайды және оның даму бағыттарын көрсетеді. Қарапайым сөзбен айтқанда, адам үшін құндылықтар жүйесі оның дамуының белгілі бір векторы болып табылады. Әр адамның құндылық әлемі орасан зор [1].

Кәсіби құндылықтар мұғалімнің кәсіби қалыптасуына көмектеседі:

- кәсіби қатынастар мен тәжірибеде көрініс табатын кәсіби құндылықтар;
- мұғалімнің кәсібилігі және жеке басының негізін құрайтын кәсіби құндылықтар мен тәжірибе арасындағы байланыс;
- кәсіби іс-әрекеттер туралы ақпарат.

Кәсіби құндылықтар мұғалімнің кәсібилігі мен шеберлігін зерттейді.

Кәсіби құндылықтарды қалыптастыруда кәсіби құндылықтарға қатысты рефлексивті сұрақтарды жеке немесе ұжымдық түрде қолдануға болады:

-кәсіби құндылықтар мұғалімнің педагогикалық тәжірибесі негізінде қалай көрінеді?

-кәсіби құндылықтар мұғалімнің жеке басына және кәсібилігіне қалай көмектеседі?

Алайда өмірдің негізгі салаларындағы қызметті анықтайтын «негізгі кәсіби» құндылықтар бар. Кәсіби маман үшін кәсіби құндылықтарды бойына сіңіру маңызды. Мұғалімдердің кәсібилігі мен шеберлігі кәсіби құндылықтарға негізделген. Кәсіби құндылықтарға: әлеуметтік әділеттілік, адалдық, сенім мен құрмет, кәсіби міндет жатады. Олар барлық кәсіби стандарттарда көрініс табады және лауазымға қарамастан барлық мұғалімдер үшін маңызды болып табылады.

НӘТИЖЕЛЕРІ

Кәсіби құндылықтар біздің барлық кәсіби қарым-қатынасымыз бен тәжірибелерімізден байқалады. Құндылықтар мен тәжірибелер арасындағы байланыс мұғалімнің бүкіл қызметі барысында көрініс табады. Бұл сыни тұрғыдан ойлай алатын және қызығушылық таныта алатын маман болудың маңызды бір бөлігі [2].

Жалған немесе мақтау сөздердің әсерінен құндылықтар жиі назардан тыс қалуы да мүмкін. Соның салдарынан кейде «Әлеуметтік әділеттілікке» немесе «Сенім» мен «Құрметке» адалдыққа мән берілмей, төмендеп жатады. Мұның бәрі практикада «өлшеу» және «дәлелдеу» үшін күрделі бағыттар болып табылады. Осыған байланысты құндылықтар жүйесінде маңызды болып табылатын тәсілдерді анықтауға болады [3].

Олар:

- құндылықтар туралы ойлану, іс жүзінде олардың нені білдіретінін, мағы-

насын түсіну және оларды өзін-өзі бағалау мен болашақ кәсіптік білім беруді жоспарлаудың маңызды бөлігі ретінде қарастыру.

- Құндылықтар туралы ойлана отырып, төмендегі екі маңызды сұраққа көңіл аудару:

1) мен кәсіби маман ретінде кіммін?

2) неліктен мен осылай ойлаймын немесе әрекет етемін?

Өзін-өзі бағалауда іс-әрекет барысында құндылықтарды анықтау үшін көптеген тәсілдерді пайдалануға болады. Дегенмен, кейбір нақты бағыттар мен сұрақтарды анықтауда пайдалы тұстарын назарға аудару керек.

Өзін-өзі бағалау құралы

Құндылықтардың әрқайсысын алып және кәсіби жинақтаған тәжірибеге байланысты бірнеше рефлексивті сұрақтар қоюға болады. «Өзін-өзі бағалау шеңбері» әдісін пайдалану құндылықтар туралы түсінуді қолдаудың пайдалы құралы.

Өзін-өзі бағалау

Құндылықтарға қатысты кеңестер мен ұсыныстар өзін-өзі бағалаудың ерекшеліктеріне назар аударуға, кәсіби жаңару процесінің ажырамас бөлігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Кәсіби жаңару процесіне қатысу аясында мұғалімдер контекстке сәйкес келетін кәсіби стандарттарды қолдана отырып, өзін-өзі бағалауды жүргізуі тиіс.

Өзін-өзі бағалау әртүрлі формада болуы мүмкін және кәсіби оқытудың түрлі кезеңдерінде орын алуы мүмкін. Сондай-ақ, ол ақпарат беруге көмектесетін бірқатар дереккөздерді қамтиды. Стандарттар негізгі бағдарлардың бірі болып табылады, бірақ басқа да дереккөздер өзін-өзі бағалаудың бір бөлігі болуы мүмкін, мысалы, кәсіби маманның жеке туындылары немесе мектеп/ бөлім/ ұйымды жақсарту жоспарлары т.б.

Мысалы: «Өзін-өзі бағалау шеңбері» әдісі

«Құндылықтар»

Шеңберді пайдалану.

Нұсқау: шеңбердің әр нүктесін кезекпен қарастырыңыз. Сіз бұл туралы не білесіз немесе түсінесіз? Бұл сіздің тәжірибеңізге қалай енеді? Өзіңізді қалай бағалайсыз? Неге? Не себепті солай ойлайсыз?

Әдіс барысында төмендегі мәселелерді талдап, өз орныңызды белгілеңіз.

1. Негізгі аспектілер ретінде кәсіби және бірлескен іс-тәжірибеде үздіксіз зерттеуге, оқуға, кәсіби даму және көшбасшылыққа ұмтылу;

2. Кәсіби қызметтің барлық аспектілеріне қатысу, тәжірибеде білім беру қоғамдастықтарымен бірлесіп жұмыс жасау;

3. Қауіпті және қауіпсіз ортада мотивацияны ұстану және білім алушылардың шабытын қолдау, оларды әлеуметтік, жеке тұлғалық және білім берудің нақты қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

4. Мәдениетті дамыту үшін «Сенім» мен «Құрмет» негізінде әрекет ету;

5. Жеке және кәсіби көзқарастар мен сенімдер, құндылықтар мен тәжірибені жақсарту және қажет болған жағдайда трансформациялық өзгерістерге байланысты сыни тұрғыдан зерттеу;

6. Жеке және кәсіби көзқарастар мен сенімдерді, болжамдар мен кәсіби тәжірибені байланыстырып сыни тұрғыдан зерттеу;

7. Барлық білім алушылардың құқықтарын құрметтеу және олардың бойындағы құқықтарына қатысты шешім қабылдауда және оқытуда адалдық, бағылдық пен даналық және олардың әлауқатын қолдауда ашықтық көрсету;

8. Білім алушыларды оқу тәжірибесі мен нәтижелерін нақты шешім қабылдауға жетелеу, проблемаларды жақсарту үшін адалдық көрсету;

9. Әлеуметтік жағдайды бағалау және құрметтеу, мәдени экологиялық әртүрлілік және жаһандық азаматтықты ынталандыру;

10. Демократиялық қағидаттарды ұстану және әлеуметтік әділеттілік ашықтық, инклюзивті және тұрақты сая-

сатты іс-тәжірибе арқылы орнату;

11. Әлеуметтік құндылықтарды тұрақтылық, теңдік және әділетті білім беруді қамту;

Құндылықтар белгіленген өзін-өзі бағалау шеңбері әдісінде стандарттар жиынтығына енгізілген құндылықтарды төмендегідей сипаттауға болады:

- әлеуметтік әділеттілік;

- тұтастық;

- сенім мен құрмет;

- кәсіби міндет.

Олар әр түрлі элементтерге бөлінеді, осы берілген құндылықтарды зерттей отырып, сіз өзіңіздің қазіргі жағдайыңыз туралы тереңірек және мұқият ойлана аласыз.

Құндылықтар шеңберінің мақсаты:

- өз ойыңызды талдап, нақтылауға, ойларыңызға, наным-сенімдеріңіз

бен тәжірибеңізге құндылықтар қалай әсер ететінін және қандай кәсіби білім мен іс-әрекеттер қабылдауға болатынына мүмкіндік береді.

Төмендегі сұрақтар мен кеңестер сіздің құндылықтар туралы ойыңызды жүйелеу үшін пайдалы болуы мүмкін:

- Мен құндылықтардың қай саласын ең қиын деп санаймын және неге? Не себепті?

- Менің құндылықтарым үнемі кәсіби қызметте көрініс таба ма?

- Оларды әрі қарай жүзеге асыруда қалай қолдануға болады?

- Осы саладағы тәжірибеңізді қалай сыни тұрғыдан түсінуге болады?

- Осы салада одан әрі ілгерілеу үшін алғашқы қадамым қандай болуы керек?

- Менің сыныбым немесе мектебім әділеттілік пен теңдік қағидаттарына негізделген бе? Менің үлесім қандай?

- Менің қазіргі тәжірибем қандай және оны қалай жақсартуға болады?

- Білім алушыларға деген құрметімді қалай көрсетуге болады және оларға білім беру мен қажеттіліктер туралы шешім қабылдауға қалай бағыттау аламын?

- Әріптестеріммен қалай бірлесіп жұ-

мыс істеймін және сыни көзқарас үшін қандай мүмкіндіктер жасай аламын? Оқытуда бірлесіп жұмыс істей алатын басқа серіктестерім бар ма? Олар кімдер болуы мүмкін?

- Мен сыныптан немесе мектептен тыс араласатын жастарды сыни ойлауға шақыра аламын ба? Оны қалай жасай аламын?

- Келесі 3-6 айда қандай әрекеттер жасаймын және мен негізгі мақсаттарға қалай қол жеткіземін? Келесі жылы мен осы салада қандай нәрсеге қол жеткізгім келеді? Жетістікке қалай жетуге болады?

Жеке тұлға ретінде ойлауға және мүмкін болатын әрекеттерге арналған сұрақтар.

Сізге белгілі бір құндылықтар саласына назар аудару және осы саланы тереңірек зерттеу үшін осы сұрақты қолдану пайдалы болуы мүмкін.

Сонымен қатар, сіз өзіңіздің тәжірибеңіздің немесе соңғы жобаңыздың бір ғана аспектісін қарастыра аласыз және құндылықтар сіздің әрекеттеріңізге қалай енетінін қарастыруға көмектесетін төмендегі рефлексивті сұрақтарды қолдана аласыз.

Әлеуметтік әділеттілік

1. Жергілікті және жаһандық деңгейлерде тұрақтылықтың, теңдік пен әділеттіліктің білім беру және әлеуметтік құндылықтарын қамти отырып, сондай-ақ болашақ және қазіргі ұрпақтың құқықтары мен міндеттерін тану.

2. Жас, мүгедектік, жыныс және гендерлік сәйкестілік, нәсіл, этникалық тиістілік, дін мен сенім бағдары бойынша әділетті, транспарентті, инклюзивті және тұрақты саясат пен тәжірибе арқылы демократия мен әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын ұстану.

3. Барлық білім алушылар үшін әлеуметтік, мәдени және экологиялық әртүрлілікті бағалау, құрметтеу, сондай-ақ жергілікті және жаһандық азаматтық қағидаттары мен тәжірибесін ілгерілету.

4. Оқыту тәжірибесі мен нәтижелерін жақсарту үшін, сондай-ақ жарқын бола-

шаққа жету жолында білім алушыларды ынталандыру мақсатында білім берудегі нақты мәселелерді шешуге деген ұмтылысты көрсету.

5. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы Конвенциясында баяндалған барлық білім алушылардың құқықтарын және олардың оқу тәжірибесіне қатысты шешімдер қабылдауға қатысу, сондай-ақ олардың әл-ауқатының барлық аспектілерін дамыту мен қолдау құқықтарын құрметтеу.

Осы мақсаттарға жету жолында кәсіби маман бойындағы құндылықтарды анықтау үшін төмендегі сұрақтар сыни ойлауға, өзіне-өзі есеп беруге, ойын жүйелеуге көмектеседі.

- Егер мен әлеуметтік әділеттілікті ұстанатын болсам, бұл менің сыныпта, оқушылармен, әріптестермен, мектеп қауымдастығымен күнделікті қарым-қатынаста қалай көрінеді?

- Менің әрекеттерімнің негізінде әлеуметтік әділеттілікке қатысты қандай болжамдар мен пікірлер жатыр?

- Менде әлеуметтік әділеттілікке қатысты қандай қиындықтар болды?

- Егер мен екі жыл немесе бес жылдан соң адалдық пен әлеуметтік әділеттілікті өзімнің іс-тәжірибемнен, оқушыларымның әріптестерімнің бойынан қандай өзгерістерді көруді қалаймын?

- Мен өзімнің бойымда болуы мүмкін теңсіздіктерді білемін бе?

- Мен оларды қалай білемін? Бұл басқаларға қалай көрінуі мүмкін?

- Осы мәселелер туралы қосымша ақпарат беру үшін мен білімімді қалай толықтырамын?

- Жеке әдістерім мен болжамдарым, менің іс-тәжірибеме енген бе?

- Оны қалай жүзеге асыруға болады?

- Менің бақылау қабілетімді шектейтін немесе кедергі келтіретін нәрселер бар ма? Ол қандай кедергілер?

- Егер бәрі менің бақылауымда болса, мен басқаша қалай істер едім?

- Мен іс-тәжірибемде аз да болса қандай өзгерістер жасай аламын?

- Мен әріптесімді сыни ойлауға қалай шақырамын немесе шақыра аламын ба?

2. Ашықтық

1. Ашықтықты, адалдықты, батылдық пен даналықты көрсету.

2. Жеке және кәсіби көзқарастар мен сенімдерді сыни зерттеу.

3. Жеке және кәсіби көзқарастар мен сенімдер, құндылықтар мен тәжірибелер арасындағы байланыстарды жақсартуға және қажет болған жағдайда практикадағы трансформациялық өзгерістерді жүзеге асыруға сыни тұрғыдан зерттеу.

Осы мақсатта өз бойындағы құндылықтарды зерделей отырып, төменде сыни ойлайтын сұрақтар берілген:

- мен тәжірибемді өзгертуде өз болжамдарым туралы ойлауға қаншалықты ашықпын?

- мұны қолдау үшін не істеуім керек?

Кішігірім бірлескен топта жұмыс істеу, оқу, зерттеу жүргізу туралы ойлануыңыз мүмкін.

- мен басқалармен (немесе өзіммен) белгілі бір мәселелерді шешуге сенімді бола аламын ба? Бұл жағдайда маған не көмектесе алады? Мен қандай қиындықтар мен кедергілерге тап бола аламын? Оны қалай шешемін? Бұл үшін маған қандай дағдылар қажет?

- менің ұстанымыма, білімім мен тәжірибеме қайшы келетін дәлелдемелер болған кезде мен не сеземін? Мен неге солай ойлаймын?

- егер мен өз нанымдарым мен болжамдарым бойынша зерттегім келетін бір сала болса, бұл не? Қандай сала? Мен нені білгім келеді? Неліктен бұл мен үшін маңызды деп ойлаймын?

- мен бұл саланы зерттеген болсам, ол үшін не істер едім?

Енді не істегіңіз келетіні туралы қысқаша әрекет жоспарын жасаңыз және біртіндеп төменнен бастағаныңыз дұрыс, өйкені әлемді бір мезетте өзгерте алмайсыз!

- мен кәсіби білімімді қалай жетілдіре ала аламын? Неліктен және бұл маған қаншалықты пайдалы болар еді?

3. Құрмет пен сенім

1. Құрмет пен сенім мәдениетін дамыту үшін әрекет етіңіз, мысалы, мектептегі әріптестеріңізге және оқу-тәрбие процесінде және одан тыс жерлерде білім алушылардың өміріне әсер ететін барлық адамдарға сенім мен құрмет көрсету.

2. Барлық білім алушылар үшін қамқор және жанашырлық таныту, этностық және әл-ауқатты жағдайды түсіну арқылы қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету.

3. Білім алушылардың мотивациясы мен шабытына бейімділігін көрсете отырып, олардың әлеуметтік және экономикалық мәнмәтінін, оқытудың даралығы мен нақты қажеттіліктерін мойындай отырып, оқу барысындағы кедергілерді назарға алу.

Сіздің қарым-қатынасыңыз және басқа адамдармен қарым-қатынасыңыз туралы ойланыңыз.

Әріптестер мен сыртқы серіктестер:

- мен адамдармен қандай қарым-қатынастамын?

- мен бәріне бірдей қараймын ба? Неліктен және қалай?

- жұмыс істеу барысында менімен тез қарым-қатынасқа түсетін адамдар бар ма? Неліктен олай?

- кейбір адамдармен басқаша қалай қарым-қатынас жасай аламын?

Мұның мәні неде болуы мүмкін?

- мен басқалардың білімі мен белсенді іс-әрекетіне сеніммен қарап, құрметтеймін бе? Бұл менің олармен қарым-қатынасымда қалай әсер етеді?

Білім алушыларды қолдау:

- мен барлық оқушыларға қолдау көрсететін адамдарды бағалаймын ба? Қандай мағынада бағалаймын? Кімді қолдау қиын? Неліктен? Маған осы адамдармен жұмыс істеуге көмектесу үшін тағы бір нәрсені білуім керек пе? Қалай? Өзара іс-әрекетте басқаша болуы мүмкін бе?

4. Кәсіби міндет

1. Кәсіптік практиканың барлық аспектілеріне қатысу және білім беру қауымдастықтарының барлық мүшелерімен ынта-жігермен, бейімділікпен

және сындарлы сыншылдықпен алқалы жұмыс атқару.

2. Үздіксіз зерттеуді, оқытуды, кәсіби дамуды және көшбасшылықты кәсібилік пен бірлескен іс-тәжірибенің негізгі аспектілері ретінде ұстану.

Кәсіби құндылықтарды зерделеуге төмендегі сыни сұрақтар:

- мен бірлесіп жұмыс істеуді маңызды деп санаймын ба? Неге? Не себепті олай ойлаймын?

- бірлескен іс-әрекет қаншалықты тиімді көрінеді?

- нашар іс-тәжірибе ол қандай?

- мен бірлескен іс-әрекеттерде қаншалықты жақсы мүмкіндіктер бере аламын?

- мен басқаша қалай жасай аламын?

- әріптестеріммен бірге жұмыс жасуымды дамытуға көмектесу үшін не істей аламын?

- мен бұны маңызды деп санаймын ба? Неліктен? Не себепті олай ойлаймын?

- мен іс жүзінде зерттеу деген не екенін түсінемін бе? Қалай?

- мен зерттеуге қалай адалмын? Бұл менің іс-тәжірибемде қалай көрініс табады? Мен басқаша не істей аламын?

- мен оны дамыту үшін кіммен жұмыс істей аламын?

- мен қандай біліммен айналыса аламын? Мен кәсіби білімімді қалай жетілдіре аламын? Неліктен? Бұл мен үшін қаншалықты пайдалы, қаншалықты маңызды?

Мұғалім бойындағы құндылық ол – өзінің қызметіне материалдық игілік ретінде ғана емес, сонымен қатар адамдардың мамандыққа рухани-адамгершілік қатынасы мен өзінің қызметінің әлеуметтік маңыздылығын түсінуі болып табылады.

Әлеуметтік әділеттілікті педагогикалық ұжымның құндылықтары ретін-

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Болотова Ж.А., Кострикова Ю.В., Радченко Е.А., Рахманова М.Н. Ценности педагогической деятельности // Қолданбалы және іргелі зерттеулердің халықаралық журналы –

де топтық құндылықтарға жатқызуға болады, өйткені мұғалімдер ұжымдағы туындаған жағдайларға объективті түрде қарап, мәселелерді дұрыс шешуі керек. Мұғалім, оқушыларды әділеттілікке үйретумен қатар оларға үлгі болуы керек.

Қорытынды

Кәсіби еңбек мұғалімдер үшін құнды. Еңбектің шығармашылық сипаты, бедел, оқушылармен жұмыс істеуге деген ынталық, белсенділік пен сүйіспеншілік. Мұғалімнің бойында танымдық және мотивациялық саласына қатысты педагогикалық білімі, дағдылары, кәсіби маңызды қасиеттерінің болуы оның кәсіби дайындығын көрсетеді [4].

Ғылыми білім құндылық бола алады, өйткені ол мұғалімнің өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік береді, мұғалімнің ғылыми-танымдық қызығушылығы білім алушының танымдық белсенділігін қалыптастырудың «қозғаушы күші» болып табылады.

Педагогтің әлеуметтік құндылықтары жалпыадамзаттық құндылықтар ақиқат, жақсылық, сұлулық т.б. болып табылады, олар бүкіл адамзат үшін маңызды, қоғамның барлық мүшелері арасындағы руханилықты, еркіндікті, теңдікті дамытуға бағытталған [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, педагог білім беру процесінің негізгі тұлғасы және білім алушылардың құндылық бағдарының қалыптасуына ықпал етуші. Қазіргі уақытта мұғалімнің педагогикалық құндылықтар жүйесін қолдануы маңызды және оның қызығушылықтары мен мінез-құлқы педагогикалық қызмет саласындағы көзқарасы мен мотивациясына тән, өйткені олар педагогтің жеке тұлғасын қалыптастыруда негізгі рөл атқарады, адамның мінез-құлқын реттеудің жоғары деңгейі ретінде әрекет етеді.

2016, № 1-2. – 257-259 б.

2. Banks, S. *Этика и ценности в социальной работе* // (3-ші басылым), Бейсингсток, Пэ-лгрейв Макмиллан – 2006.

3. Conmartin, E. B., & Gonzales-Prendes, A. A. *Диссонанс между личными и профессиональными ценностями: разрешение этической дилеммы* // *Әлеуметтік жұмыс этикасы және құндылықтар журналы* – 2011. 8(2), 5-1-5-14 б.

4. Киселева, А.В. *О возможности модификации методики М. Рокича «Ценностные ориентации»* // *Психологическая диагностика*. - М.: 2004. - № 4, - 101 б.

5. Трофимова, Н. М. *Самообразование и творческое развитие личности будущего специалиста* // *Педагогика*. 2003. - № 2, – 67 б.

А. М.ХАЛЫКОВА

**ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ ЛИЧНОСТНЫЕ ЦЕННОСТИ –
ОСНОВА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГА**

Национальная академия образования имени И. Алтынсарина

г. Нур-Султан, Казахстан

e-mail: mag-aizan@mail.ru

A. M. KHALYKOVA

**PROFESSIONAL PERSONAL VALUES – THE BASIS OF PROFESSIONAL
DEVELOPMENT OF A TEACHER**

National Academy of Education named after I. Altynsarin,

Nur-Sultan, Kazakhstan

e-mail: mag-aizan@mail.ru

Аннотация. В данной статье изучена важность привития профессиональных ценностей педагогу. Формирование основных профессиональных ценностей присуще всем учителям независимо от должности. Наличие у учителя педагогических знаний, умений, профессионально значимых качеств, относящихся к познавательной-мотивационной сфере, свидетельствует о его профессиональной подготовленности.

Научное знание как ценность позволяет учителю саморазвиваться, самореализоваться, научно-познавательный интерес учителя является «движущей силой» формирования познавательной активности обучающегося.

Социальные ценности педагога направлены на развитие духовности, свободы, равенства между всеми членами общества на основе общечеловеческих ценностей.

Ключевые слова: профессиональная личностная ценность, профессиональная самооценивание, социальная справедливость, открытость, профессиональная обязанность.

Abstract. This article examines the importance of instilling professional values into teacher. The formation of basic professional values is inherent in all teachers, regardless of their position. The presence of the teacher's pedagogical knowledge, skills, and professionally significant qualities related to the cognitive and motivational sphere indicates his professional readiness.

Scientific knowledge as a value allows the teacher to self-develop, self-actualize, the scientific and cognitive interest of the teacher is the «driving force» of the formation of the cognitive activity of the learner.

The social values of the teacher are aimed at the development of spirituality, freedom, equality between all members of society on the basis of universal values.

Keywords: professional personal value, professional self-assessment, social justice, openness, professional duty.

ГРНТИ 06.81.23 (14.25.07)

М.У. МУКАШЕВА¹, Т.И. НАБАТНИКОВА²¹ *Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, Нур-Султан, Казахстан*² *Методический кабинет дошкольного и общего среднего образования управления образования акимата Костанайской области г. Костанай, Казахстан*

ОРГАНИЗАЦИЯ УЧЕБНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЫ ОБУЧАЮЩИХСЯ ШКОЛ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация. В данной статье проанализированы различные подходы к организации научно-исследовательской работы обучающихся школ. Рассматриваются особенности организации учебно-исследовательской работы обучающихся в условиях цифровизации образования. На основе анализа опыта учителей-практиков представлены практические рекомендации по организации учебно-исследовательской работы обучающихся школ.

Ключевые слова: учебное исследование, учебно-исследовательская работа обучающихся, цифровизация образования, STEM образование.

ВВЕДЕНИЕ

Научно-исследовательская работа обучающихся является неотъемлемой частью образовательного процесса в общеобразовательной школе. В условиях стремительного развития современной науки и цифровой технологии, определяющих стиль жизни XXI века и влияющих на образ мышления и поведения людей, научно-исследовательская работа обучающихся школ требует пересмотра подходов и методов ее организации.

В наши дни цифровые модели и инструменты предоставляют большие возможности для организации научно-исследовательской работы учащихся школ, превратив идею «ребенок – строитель собственного интеллектуального мира» в реальность. Разнообразии современных цифровых образовательных ресурсов дает возможность обучающимся изучать и исследовать разные явления, создавать модели и экспериментировать, используя собственный интеллектуальный потенциал.

Один из создателей ЛОГО (языка программирования, разработанного в образовательных целях для обучения детей дошкольного и младшего школьного возраста основным концепциям программирования) - С. Пейперт в своих научно-экспериментальных исследованиях доказывал, что ребенок научится что-то делать только после того, когда он поймет, как это делается и только после выработки такого понимания будут достигнуты желаемые результаты. Представление о мире и свой интеллектуальный мир ребенок создает сам, постепенно узнавая новое на основе изучения и исследования окружающего его мира. Предложенная в свое время С. Пейпертом стратегия формирования практических навыков в процессе обучения подразумевала сделать доступным и очевидным даже для детей тот факт, что овладение физическими навыками во многом происходит как построение новой научной теории [1].

МЕТОДОЛОГИЯ

Вопрос о целесообразности проведения научно-исследовательских работ в школе достаточно часто обсуждается в научной и научно-методической литературе, и нередко ведутся споры о параллелях и различиях научного и учебного исследования.

На нормативно-правовом уровне понятийный аппарат научного исследования определен Законом Республики Казахстан «О науке». Законом научная деятельность определена как деятельность, направленная на изучение окружающей действительности с целью выявления свойств, особенностей и закономерностей, присущих изучаемым объектам, явлениям (процессам) и использование полученных знаний на практике [2].

Как исследовательская деятельность, научное и учебное исследование имеют разные целевые установки. Научное исследование (прикладное, фундаментальное, стратегическое) – это вид исследовательской деятельности, направленный на получение новых объективных научных знаний, проверку научных гипотез, установление закономерностей развития природы и общества, научного обобщения и обоснования.

Учебное исследование рассматривается как деятельность, ориентированная на образовательные результаты, и направлена на формирование исследовательских навыков и развитие исследовательского типа мышления у учащихся.

Однако научные методы исследования, основная инфраструктура и этапы организации научно-исследовательской работы, используемые в научных и учебных исследованиях во многом идентичны и сопоставимы. Многие исследователи, изучающие аспекты научно-исследовательской работы учащихся, справедливо отмечают, что «сущность метода научных исследований есть обучение становлению личности, вовлеченной в научно-по-

знавательное отношение к миру, через исследование себя, мира и себя в мире. Говоря о сущности метода научных исследований, мы имеем, прежде всего, в виду целенаправленное посредством него обучение и воспитание тех молодых людей, которым предстоит работать в сферах производства знаний. Речь идет о формировании особого исследовательского интеллекта личности и ее особой «социокогнитивной причастности» [3].

В целом, большинство исследователей считают главным смыслом учебного исследования в школе его способствование приобретению учащимися практических навыков освоения действительности путем исследования закономерностей, свойств и явлений.

Можно предположить, что учебное исследование – это модель обучения, которая служит для формирования у учащихся начального представления о науке и научных исследованиях, а также исследовательских навыков путем непосредственного включения самих учащихся в процесс исследования, развивая их личностные способности и интересы.

Учебно-исследовательская работа в школе представляет собой организованную систему поэтапных действий, направленных на получение новых знаний и навыков на основе решения неизвестных для учащегося проблем и задач. Учебно-исследовательская работа учащихся, как и любое научное исследование, включает традиционно следующие этапы действий:

- постановка проблемы (задачи);
- изучение состояния исследуемой проблемы;
- подбор методов исследования и овладение методами исследований;
- сбор исходных материалов для исследования;
- построение гипотезы, моделей, конструкций, алгоритмов, схем для исследования;

- экспериментально-лабораторные и испытательные работы;
- обработка экспериментальных данных, их анализ, выявление значимых свойств и характеристик;
- обобщение и собственные выводы на основе полученных результатов исследований;
- представление результатов в конференциях, конкурсах, в т.ч. широкому кругу специалистов и ученых, и подготовка отчетов, рекомендаций, комментариев.

Результативность каждого этапа учебно-исследовательской работы, а также успешное завершение или продолжение исследовательской работы учащихся зависит от таких факторов, как наличие высококвалифицированных кадров, материально-технической базы и соответствующего учебно-методического обеспечения и научного сопровождения образовательного процесса.

Научно-исследовательская работа занимает значительное место в системе внеурочной работы и дополнительного образования, осуществляемых с целью удовлетворения всесторонних потребностей обучающихся, воспитанников и специалистов. Организации образования, в том числе и дополнительного образования для детей, в целях развития одаренности и профессиональной ориентации обучающихся проводят совместную работу с научными, исследовательскими организациями, создают на своей и на их базе научные объединения обучающихся, лаборатории для экспериментальной, научно-исследовательской, творческой работы в соответствии с законодательством Республики Казахстан [4].

РЕЗУЛЬТАТЫ

На сегодняшний день одним из видов учебно-исследовательской работы обучающихся является STEM-образование. В связи с быстрыми темпами развития

цифровых технологий и цифровизации STEM-образование все больше приобретает значимость и актуальность.

Успешной организации учебно-исследовательской работы по STEM направлениям в общеобразовательной школе способствует соблюдение и выполнение норм оснащения оборудованием и мебелью организаций дошкольного, среднего образования, а также специальных организаций образования, утвержденных приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 22 января 2016 года №70 (далее – Норма). Демонстрационное и лабораторное оборудование, входящее в перечень Норм для кабинетов по учебным предметам: познание мира, математика, информатика, физика, химия, биология и другие, а также программируемые робототехнические наборы и учебные комплекты для научных исследований, позволяют проводить учащимся разной возрастной категории (дошкольного, начального, основного и общего среднего уровней образования) учебные исследования по разным предметным областям.

Следует отметить, что современные условия такие, как повсеместная цифровизация, наличие свободного доступа к ресурсам исследовательских институтов и университетов мирового масштаба, раннее обучение иностранным языкам и многое другое оказывают значительное влияние на современный уровень участия учащихся в научно-исследовательской работе [5,6]. Многообразие современных форм и методов организации исследовательской работы обучающихся школ требует комплексного подхода к её планированию и организации.

Начальным этапом организации исследовательской деятельности учащихся является выявление способных детей, желающих заниматься исследовательской работой, диагностика уровня интеллектуального развития, диагностика уровня умений и навыков, позволяющих

заниматься исследовательской работой, диагностика способности к общению на уровне «ученик – ученик», «ученик – учитель» и т. д. При этом наличие у учащегося интереса к научно-исследовательской работе является одним из обязательных условий для успешного осуществления научно-исследовательской работы.

Многолетний опыт учителей-практиков показывает, что целесообразно привлекать в исследовательские группы разновозрастных учеников. Таким образом можно сохранить преемственность в исследовательской работе. Младшие видят реальные результаты старших, старшие всегда могут помочь младшим, доступно объяснить принципы научной работы. Поэтому рекомендуется учить и приобщать детей к исследовательской работе с младших классов. Предполагается, что такой подход способствует развитию у обучающихся начальных классов исследовательских навыков, навыков критического мышления, работы в команде и других жизненно важных навыков и умений.

Необходимо объяснить учащимся, что, выполняя научное исследование, они приобретают навыки самостоятельного творчества, креативного и мобильного мышления, что это будет полезно им в любой области профессиональной деятельности, так как в современном мире крайне важно обладать навыками самостоятельного получения новых знаний, обработки информации и их практического применения.

Успех исследовательской работы в большой степени зависит от научного руководителя, компетентного в рассматриваемой проблеме.

Поэтому в исследовательской деятельности учащегося научный руководитель играет очень важную роль. Под руководством научного руководителя учащиеся выбирают тему, формулируют цели и задачи исследования, выбирают объект и методы исследования, наблюда-

ют за ходом работы. Научный руководитель оказывает помощь в случае возникновения каких-либо затруднений. Вместе с ним учащиеся обсуждают полученные результаты, формулируют выводы.

Научный руководитель должен помнить, что исследовательская работа должна быть посильна для учащегося и учитывать возможности школы.

Научный руководитель – это творческая личность, он должен:

- постоянно заниматься самообразованием;
- занимать активную педагогическую позицию;
- иметь собственное стремление к исследовательской деятельности;
- уметь прогнозировать перспективу как собственной деятельности, так и деятельности учащегося;
- уметь налаживать деловые формы общения с учащимися,
- уметь диагностировать творческие способности учащихся в определенной области.

Следующим ключевым моментом в организации исследовательской работы учащихся является выбор направления и темы исследования, так как они представляют исходную информацию об исследовании, в том числе его актуальности и необходимости.

Каждую научно-исследовательскую работу можно отнести к определенной области науки. Под научным направлением понимается наука или комплекс наук, в области которых ведутся исследования.

В большинстве случаев направление учебного исследования определялось в соответствии с учебными предметами образовательной программы школы. Например, несколько лет назад наиболее распространенными направлениями научных исследований учащихся школ были математика, физика, история, литература, а сейчас проявляется большой интерес к таким наукам, как информа-

тика, робототехника, биология, экология, медицина и социология.

В первую очередь на выбор направления влияет исследуемая в будущем проблема и ее актуальность.

Выбор направления учебного исследования научного характера в значительной степени зависит от актуальности и своевременности проведения исследовательской работы, от условий и факторов, которые будут обеспечивать его успешное завершение.

Правильный выбор направления исследований всегда будет трудным вопросом, к решению которого следует подходить очень ответственно. Сложность правильного выбора состоит и в том, что актуальность предполагаемой работы необходимо анализировать с различных точек зрения. Это требует разнообразных знаний, большой эрудиции, навыков системного мышления. Поэтому на руководителей и наставников научно-исследовательских работ учащихся возлагается ответственность за обоснованность сделанного выбора.

Одним из самых сложных этапов исследования является выбор темы.

Во многих случаях, благодаря четкой и ясной формулировке наименования темы научного исследования, можно будет определить следующее:

- к какой области науки относится данная работа;
- тип исследования (прикладное или фундаментальное);

- концепцию исследования и другие.

Однако название темы научно-исследовательской работы учащихся в большей степени должно быть понятным и интересным для самих учащихся. Некорректное название работы является одним из наиболее распространенных ошибок в исследовательской работе учащихся. Например, такие названия, как «Метеориты – гости из космоса» или «Кто в доме ядовит?» больше подходят для ответа на уроке, а формулировки «Изучение метеоритов в современной науке и их классификация» или «Исследование влияния экосистемы человеческого жилища на здоровье» способствовали бы раскрытию темы исследовательских работ.

Выбирая тему работы, нужно четко представлять объект, предмет исследования, цели и задачи исследования. Объектом исследования является действительность (например, предмет, явление, процесс и другие), которую исследователь будет изучать, исследовать и экспериментировать, а предмет исследования – это та сторона этого объекта, которая выделяется исследователем как наиболее существенный его аспект (свойство, признак) для исследования.

Например, один и тот же объект может быть предметом разных исследований или даже целых научных направлений (Таблица 1).

Таблица 1. Примеры темы НИР учащихся школ

№	Наименование тем НИР учащихся	Объект исследования	Предмет исследования
1	Изучение метеоритов в современной науке и их классификация	Научные исследования в области астрономии и космических наук	Происхождение метеоритов
2	Исследование влияния экосистемы человеческого жилища на здоровье	Экосистема квартиры	Влияние экосистемы квартиры на здоровье человека
3	Планирование и организация экосистемы квартиры	Экосистема квартиры	Способы планирования экосистемы квартиры

В ходе исследовательской работы могут возникать новые формулировки наименования темы, однако в названии учебно-исследовательской работы рекомендуется обязательно отразить предмет исследования, сформулировать его точно и в соответствии с содержанием.

Следует отметить, что учебная исследовательская работа в школе учит учащихся различать основные категории методов исследования, например, теоретических и эмпирических. Проведенный нами анализ научно-исследовательских работ учащихся показал, что в учебных исследованиях по STEM направлениям учащимися чаще всего используются такие эмпирические методы, как наблюдение, эксперимент, опрос, измерение, обработка данных. Также в своих докладах учащиеся в качестве методов исследования указали и теоретические методы: анализ, синтез, моделирование, сравнение, обобщение. Следовательно, в ходе исследовательской работы учащиеся вполне могут использовать различные методы научного исследования, при этом получая достоверные данные и систематизированное знание по научному аппарату исследования. В большинстве исследовательских работ учащихся старшей школы наблюдается наличие элементов методологии, методов и методики исследования, так как научно-исследовательская работа в школе предполагает, что учащиеся в рамках учебного исследования научного характера последовательно и самостоятельно будут осуществлять все этапы исследовательской работы. Поэтому глубокое понимание понятийного аппарата научного исследования и правильное его применение в учебных исследованиях является одним из важных моментов организации научно-исследовательской работы учащихся в школе.

Важным этапом успешного завершения исследовательской работы является апробация и оформление результатов

исследования. Апробация – слово латинского происхождения, дословно означает «одобрение, утверждение, установление качеств». В современном понимании апробация – это установление истинности, компетентная оценка и конструктивная критика оснований, методики и результатов исследования. Официальная апробация может проходить в форме докладов, обсуждений, дискуссий, устного или письменного рецензирования работы.

Результаты исследования должны быть оформлены соответствующим образом. Основными видами оформления результатов исследования обучающихся школ могут быть научные статьи, презентации, исследовательские проекты, в том числе командные проекты. В настоящее время свою работу каждый учащийся может представить в конкурсах и конференциях на республиканском, межрегиональном, и международном уровнях по многим направлениям и номинациям. Все это способствует приобретению опыта выступления перед аудиторией, развивает умение чётко излагать свои мысли, анализировать, обобщать и делать выводы, помогает в дальнейшем в становлении конкурентоспособного специалиста.

Выводы

Вопросы организации, развития и управления исследовательской деятельностью учащихся современны и актуальны. Можно предположить, что это социальный заказ, запрос высшей школы, осуществляющей подготовку специалистов для экономики страны, способных самостоятельно овладевать новейшими достижениями науки и техники, обладающих потенциалом творческого саморазвития. Выполнение этого заказа нацелено на выработку у учащихся навыков исследовательской деятельности, что предполагает повышение уровня мотивации учащихся к активному участию в

научных программах, овладение методами научного исследования, непрерывное совершенствование знаний.

Когда стало известно, что повсеместное внедрение новых технологий не только эффективно и прибыльно, но и требует специалистов, мыслящих креативно, имеющих профессиональные навыки работы с современной технологией, готовых к освоению новых знаний по новым технологиям, многие страны стали рассматривать вопрос развития STEM образования в школах на государственном уровне.

Таким образом, для качественной организации учебно-исследовательской деятельности обучающихся методическому совету школы целесообразно разрабо-

тать систему действий, предусматривающую подготовку учителей-руководителей научно-исследовательских проектов и обучающихся к правильному маршруту по достижению ожидаемого результата.

Изучение педагогической литературы по проблемам исследовательской деятельности, практический опыт работы в средней школе, методических службах разных уровней, системе повышения квалификации работников образования, а также проводимое исследование дают основание говорить о том, что в современных условиях развития образования, обновления содержания образования научно-исследовательская деятельность приобрела особую актуальность как для обучающихся, так и учителей.

СПИСОК ИСПОЛЬЗУЕМОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

- 1 Пейперт С. *Переворот в сознании: Дети, компьютеры и плодотворные идеи*: Пер. с англ. / Под. ред. А.В. Беляевой, В.В. Леонаса. – М.: Педагогика, 1989. – 224 с.
- 2 *О науке. Закон Республики Казахстан от 18 февраля 2011 года № 407-IV.*
- 3 Карпов А.О. *Метод научных исследований как дидактический инструмент исследовательского образования // Инновации в образовании. – 2014. – № 6 – С. 36-55.*
- 4 *Об утверждении Типовых правил деятельности видов организаций дополнительного образования для детей. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 14 июня 2013 года № 228.*
- 5 Бережнова Е.В. *Основы учебно-исследовательской деятельности студентов / Е. В. Бережнова, В.В. Краевский – М.: Академия, 2005 – 128 с.*
- 6 Бектурганова Р.Ч. *Информатизация исследовательской деятельности будущих учителей на основе информационно - коммуникационных технологий: автореф. дис. на соиск. учен. степ. д-ра пед. наук / Бектурганова Римма Чингизовна; [Ин-т информатизации профессионального образования Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана]. - Караганда, 2004 – 41 с.*

М.У. МУКАШЕВА¹, Т.И. НАБАТНИКОВА²

БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ- ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

¹ Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

² Мектепке дейінгі және жалпы орта білім бері әдістемелік кабинеті,

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы, Қостанай қ., Қазақстан

M.U. MUKASHEVA¹, T.I. NABATNIKOVA²

ORGANIZATION OF THE RESEARCH WORKS OF SCHOOL LEARNERS

IN THE CONDITIONS OF DIGITALIZATION OF EDUCATION

¹National Academy of Education named after I. Altynsarın,

Nur-Sultan, Kazakhstan

²Methodical cabinet of preschool and general secondary education of the Department of Education of the Akimat of Kostanay region, Kostanay, Kazakhstan

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп білім алушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда қолданылатын түрлі ұстанымдарға талдаулар жасалған. Білім алушылардың оқу-зерттеу жұмыстарын білім беруді цифрландырудың шарттарын ескере отырып ұйымдастырудың ерекшеліктері қарастырылған. Мұғалімдердің тәжірибесіне жасалған талдаулар нәтижесіне сүйене отырып мектеп білім алушыларының оқу-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша практикалық ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: оқу зерттеулері, білім алушылардың оқу-зерттеу жұмыстары, білім беруді цифрландыру, STEM білім беру.

Abstract. This article analyzes various approaches to organizing learners' research work in schools. The features of the organization of educational and research work of learners in the context of digitalization of education are considered. Based on the analysis of the experience of practicing teachers, practical recommendations for organizing educational and research work of learners in schools are presented.

Keywords: educational research, educational research work of students, digitalization of education, STEM education.

FTAMP 14.39.09

Н.Т. ТОРМАНОВ¹, А.Б. БАУЫРЖАН¹, А.А. ДҮЙСЕНБЕК¹, Б.С. АХМЕТОВА²¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: Tormanov.nurtay@kaznu.kz, aitolkyn.bauyrzhan@mail.ru, ayaulym040917@gmail.com²Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, e-mail: akhmetovabotagoz@mail.ru

СИНЕРГЕТИКА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛ

Аңдатпа. Бұл мақалада білім беру жүйесіндегі синергетикалық әдістің рөлі баяндалады. Синергетика әр түрлі салалардағы көпнұсқалы күрделі жүйелердегі өзіндік ұйымдасу заңдылықтарын қарастыратын пәнаралық, ғылыми бағыт. Авторлар синергетикалық әдістің тарихын, дамуын, негізгі идеяларын саралай отырып, отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасаған. Сонымен қатар мақалада оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге анализ жасай отырып, тұрақсыз қоғам жағдайында күрделі жүйе болып табылатын білім беру жүйесін синергетикалық көзқарас тұрғысынан қарастыратын тұжырымдарға тоқталған. Қазіргі білім беру жүйесі өте күрделі жүйе. Осыған байланысты білім беру мәселесін синергетикалық көзқарас тұрғысынан қарастырған пайдалы болар еді. Білім беру жүйесі үшін синергетиканың әдіснамалық және эвристикалық құндылығы мынада: бұл теория тепе-теңдіктен алыс орналасқан әртүрлі сипаттағы жүйелердің өзін-өзі дамытуы мен қызмет етуінің әмбебап заңдылықтарын ашады. Синергетикалық тұжырымдамаға сәйкес педагогикалық процесс өзіне тән барлық қасиеттері мен даму принциптері бар, күрделі өзін-өзі ұйымдастыратын, ашық, сызықты емес жүйе ретінде сипатталады. Оқу процесіндегі синергетиканың негізгі мақсаты – оқушылардың өз білімінің сапасын тиімді және объективті түрде бақылауы үшін, оқыту мазмұнын практикалық іс-әрекетте қолдануды ұйымдастыру және өзін-өзі ұйымдастыруға жағдай жасау. Осылайша синергетикалық әдіс оқыту мен тәрбиелеу моделін құруға бағытталған озық білім беру жүйесін қалыптастыруға бастама жасайды. Сондықтан да, соңғы уақыттарда синергетика қолданысқа еніп, білім беру саласында өзекті орын алуда.

Түйін сөздер: синергетика, жүйе, педагогика, пәнаралық байланыс, өзін-өзі ұйымдастыру, әдіснама, тәсіл, интеграция.

КІРІСПЕ

Еліміздің білім беру жүйесінде қазіргі қоғамның жағдайын барабар көрсететін білім берудің оңтайлы құрылымын құруға бағытталған түбегейлі өзгерістер орын алуда. Дәстүрлі білім беру модель-

дері көбінесе білім мазмұнының қоғам қажеттіліктеріне сәйкес келмеуінен елдің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі жедел өзгерістерге жеткілікті дәрежеде бейімделе алмайды. Қазіргі уақытта жан-жақты дамыған, өз бетінше жұмыс

істеуге қабілетті, әртүрлі жағдаяттарда әрекет ете алатын және қоршаған әлеуметтік-табиғи әлемнің тұрақты дамуын қолдайтын, үнемі білім алу қажеттілігін сезінетін жеке тұлғаларды даярлау үшін қоғамның әлеуметтік тапсырысы қалыптасты.

Қазіргі қарқынды дамып жатқан әлем және жаһандану жағдайында білім беру жүйесі алуан түрлі мәселелерді шешуге дайын, жан-жақты, қоғам мен табиғат өмірінің күрделі жағдайларын талдауға қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағдарлануы тиіс. Бүгінгі әлемнің шындықтары қазіргі білім беру жүйесін дамытудың болашақ стратегиясын анықтайтын сапалы, жаңа тәсіл қажет деп сендіреді. Білім беруді модернизациялауда қоршаған рухани, әлеуметтік және табиғи әлемнің күрделенуінен туындаған білім берудің психологиялық, дидактикалық, мәдени және дүниетанымдық мәселелерін шешуге бағытталған жаңа әдістемелік тәсіл синергетика бола алады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мақалада синергетикалық әдістің даму жолы, синергетиканың әдістемелік принциптері анықталады, сонымен қатар синергетиканы оқу үрдісіне енгізудің бағытыттары және принциптері айқындалады. Тақырыпты жасақтау барысында анализ және синтез әдістері қолданылды.

1969 жылы Герман Хакен ғылыми айналымға енгізген «синергетика» термині «ынтымақтастық», «серіктестік» дегенді білдіреді [1]. Синергетика көптеген кіші жүйелердің бірлескен әрекеттерін зерттейді, нәтижесінде жоғарғы деңгейдегі құрылым мен сәйкесінше қызмет атқару жүзеге асады. Хакеннің пікірінше, синергетика - бұл ғылыми зерттеулердің пәнаралық бағыты, оның шеңберінде физикалық, химиялық, биологиялық, экологиялық, әлеуметтік және басқа сипаттағы ашық сызықтық емес жүйелердегі хаостан тәртіпке және керісінше өту процестерінің жалпы заңдылықтары зерт-

теледі. Яғни, синергетика әртүрлі жүйелердегі жүйелік интеграция мен өзін-өзі ұйымдастыру процестерінің заңдылықтарын зерттейтін ғылыми пән [2; 14].

Синергетика зерттеулердің ғылыми бағыты ретінде қоғам тарапынан сұранысқа ие. Заманауи ғылымдардың пәнаралық зерттеулерге деген қажеттілігі, синергетиканың одан әрі дамуын жаңа деңгейге көтерілуге ынталандыруда. Синергетика бүгінде ғылыми білімнің санаты ретінде қызмет етеді. Синергетика мазмұны әр түрлі саладағы ғалымдарға жүйелік түсіну және жаңа шешімдерді іздеу жолында жемісті өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді [3; 18].

ӘДЕБИ ШОЛУ

М.А. Кутимская, М.Ю. Бузунова синергетиканың арқасында жүйені құру принциптерін, оның пайда болуын, дамуын және күрделенуін сандық зерттеу мүмкін болатындығын айтты. Синергетикалық әдістерді өзін-өзі ұйымдастыратын күрделі жүйелерді имитациялау үшін қолдануға болады: биологиядағы морфогенезден және ми жұмысының кейбір аспектілеріне, әртүрлі ортадағы өздігінен тербелмелі процестерге дейін; ДНҚ молекуласынан ғарыштық масштабтағы объектілер эволюциясына дейін. Синергетика өзін-өзі ұйымдастыратын жүйелердің, олардың құрылымдары мен функцияларының пайда болуын басқаратын жалпы заңдылықтар бар екенін түсінуге мүмкіндік береді [4; 70].

И.В. Абакумова, П.Н. Ермаков, И.А. Рудакова «синергетика тұрғысынан қарастырылатын өзін-өзі ұйымдастыру дегеніміз – әлсіз құрылымдалған, тұрақсыз, ашық жүйенің өзін-өзі құру, жаңа, өміршең сапаға жету қабілеті» деген қорытындыға келген. Өзін-өзі ұйымдастыратын жүйелерді дамытудың негізгі көзі – ішкі ресурстар. Бұл қасиет кез-келген педагогикалық құрылымға толығымен қолданылады, осыған байланысты, синергетиканың тұжырымдамалары гума-

нистік контексте түбегейлі және дәлірек түсіндіре алады, яғни адамда «хаостан тәртіп» пайда болады.

Г.Хакен, И. Пригожин және И. Стенгерс ойлары гуманитарлық ғылымдарға кең таралуының нәтижесінде психосинергетика мен педагогикалық синергетиканың пайда болуына ықпал етті [5].

Синергетиканың толық мағынасын егжей-тегжейлі Ю.А. Даниловтың «қазіргі ғылымдағы синергетиканың рөлі мен орны» мақаласынан алынған сөздермен анықтауға болады. Синергетика:

- пәнаралық ғылыми бағыт;
- бір-бірімен өзара әрекеттесетін көптеген бөліктерден, компоненттерден немесе кіші жүйелерден тұратын жүйелерді зерттеумен айналысады; «синергетика» сөзі жүйенің тұтастай іс-әрекетінен көрінетін бөліктердің функцияларының үйлесімділігіне баса назар аудара отырып, «бірлескен іс-қимыл» дегенді білдіреді;

- зерттеу нысаны әртүрлі сипаттағы жүйелер болуы мүмкін; синергетика эволюцияның (даму, қозғалыс) жалпы заңдарына қызығушылық танытады, ол қарастыруды «жат» жүйелерге ортақ модельге дейін жеткізуге тырысады;

- физика, химия, биология, нейрофизиология, экономика, әлеуметтану, лингвистика және т.б. «өз» жүйелерін өз әдістерімен зерттейді және нәтижелерін «өз» тілінде тұжырымдайды; синергетика бірінші кезекте тербелістер теориясы мен дифференциалдық теңдеулердің сапалық теориясы негізінде қалыптасқан әмбебап тілді пайдаланады;

- өзін-өзі ұйымдастыру туралы ғылым; жүйеде үдерістер мен құрылымдар «өздігінен» туындайды, өзін-өзі ұйымдастырудың нәтижесінде сырттан жетекші «күштердің» бағыттауынсыз жүзеге асырылады;

- жүйенің күйін сипаттайтын шамалар тәуелді болатын және өз кезегінде тәртіп параметрлеріне әсер етуі мүмкін бірнеше тәртіп параметрлерін анықтайды. Си-

нергетика дегеніміз не? Ол: эволюцияны бір-бірін алмастыратын құрылымдардың сабақтастығы ретінде қарастырады; белгілі бір жағдайларда құрылымдар тұрақтылықты жоғалтады, күйрейді және жаңасымен ауыстырылады [6].

Атап айтқанда, тәрбиені белгілі бір сыртқы бастаманы талап ететін, жеке тұлғаның ішкі мүмкіндіктері көмегімен өзін-өзі ұйымдастыру қызметі ретінде қарастыруға болады. Ішкі ресурстар сананың жеке құрылымын бейнелейді: сыни көзқарас, мотивация, рефлексия, тәуелсіздік, дерексіз ойлауы және т.б. Әлемнің өзіндік бейнесін құрудың өзіндік тәжірибесін қалыптастырады. Өзін-өзі дамыту педагогикалық процеске қатысушылардың күш салуының арқасында, оның дамуға қарама-қайшылықтарын еңсеру нәтижесі, білім беру жүйесінің үздіксіз өзін-өзі жаңарту қабілетін анықтайтын принцип мәртебесіне ие болады [5].

Е.Е. Син, Д.И. Сұлтанқұлов тұжырымдары бойынша синергетиканы соңғы уақытта бүкіл әлемдегі педагогикалық және ғылыми қауымдастықтың қызығушылығын оятқан жаңа пәнаралық ғылыми бағыттардың бірі деп атауға болады. Қазіргі таңда оқытудағы көптеген заманауи инновациялық тәсілдер жүйенің синергетикалық қасиеттерін және жеке тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуының ішкі қорындағы мүмкіндіктерін қолданады [7; 108].

В.А. Игнатова бұл тәсілді теориялық және әдітемелік қолдану әр түрлі пәндік білімді біріктіру үшін бірдей маңызды мәселе болып табылатынына тоқталған. Қазіргі қоғам өмір сүру үшін әлеуметтік-мәдени дамудың жаңа моделін қажет етеді. Оның негізінде табиғат пен қоғамның өзін-өзі ұйымдастыру тетіктерін және олардың бірлескен эволюциясының қажеттілігін түсінуге бағдарланған іс-әрекет пен мінез-құлық үлгілері болуы керек. Мұндай үлгілерді қалыптастыру білім берудің тәрбиелік әлеуетін, оның мәдени сәйкестілігін арттырады,

әлемнің біртұтас бейнесін жасауға ықпал етеді. Жаратылыстану және гуманитарлық білім интеграциясы – білім мазмұнын құрылымдаудың жетекші тәсілдерінің бірі. Жүйелік-синергетикалық тәсіл оны жоғары теориялық-әдіснамалық деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Білім мазмұнын ашуға деген мұндай көзқарас білім алушыларға хаостан реттіліктің қалай пайда болатындығы туралы толық және егжей-тегжейлі түсінік беруге, әртүрлі жүйелердегі эволюция механизмдерінің біртұтас табиғатын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар адамның рухани өмірі мен оның қызметі табиғаттың дамуымен тығыз байланыстылығын көрсету. Интеграцияның өзгермейтін қасиеттеріне «жүйе», «процесс», «өзара әрекеттесу», «тұрақсыздық» (бифуркация нүктесі), «фрактал», «тартушы», «белгісіздік», «кездейсоқтық», «кері байланыс», «коэволюция», «бәсекелестік», «таңдау», «ынтымақтастық» ұғымдары айналады. Олардың көмегімен физикалық, химиялық, геологиялық, биологиялық, әлеуметтік, тілдік, ғылыми, технологиялық жүйелер мен олардың дамуының бірыңғай механизмдерінің өзара байланысын түсіну үшін табиғи негіз қалыптасады [8; 14].

В.А. Карамбиров бастапқыда ғалымдар жаратылыстану ғылымдары - математика, физика, химия, биология және медицинада ашық сызықтық емес жүйелерді құру мен талдауға синергетикалық тәсілді қолданғандығын атап өткен. Гуманитарлық саладағы инновациялық процестерді модельдеу, жүйелердің жұмыс істеуінің синергетикалық принциптерін қалыптастыру ХХ ғасырдың 80-жылдардың соңында басталды (Е.Н. Князева, С.П. Курдюмов, И.А. Евин, Р.А. Браже). 1980-1990 жылдары синергетикалық принциптер біртіндеп әлеуметтік-гуманитарлық салаларға ауысты. Синергетикалық тәсіл негізінде білім беру әдістемесі мен практикасының теориялық-әдістемелік негіздері талданады және қайта қарала-

ды, әлеуметтану, саясат, экономика, өнер, психология, білім беру, педагогика, филология, өнертану салаларында жүйелердің жұмыс істеуінің жаңа модельдері зерделенеді және құрылады.

Қазіргі педагогика ғылымында ғалымдар білім беруді өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде қарастырады және педагогикалық процестерді, құбылыстарды, жүйелерді зерттеуде өзін-өзі ұйымдастыру теориясының (синергетика) принциптерін қолдануға болады деп мәлімдейді. ХХ ғасырдың аяғында білім берудегі синергетикалық көзқарасты С.П. Курдюмов, Е.Н. Князева, Н.В. Гаскова, Л.Я. Зорина (жаратылыстану-гуманитарлық білім интеграциясының синергетикалық принциптері), К.Х. Делокаров, Ф.Д. Демидов, В.Г. Буданов, А.Д. Урсул (синергетикалық аспектідегі білім берудің философиялық-әдістемелік мәселелері), Г.Г. Малинецкий (білім беру үдерісі шеңберіндегі оқу және оқу іс-әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру принциптері), Л.И. Новикова, В.П. Веляскина, О.П. Мелехова, В.И. Аршинов (ашық білім беру жүйелерінде рефлексия мен қарым-қатынасты ұйымдастыру), М.Т. Громкова, К.К. Колин, И.А. Сурин (синергетикалық дүниетаным мен белсенділіктің қалыптасуы) қалыптастырды [9; 306].

Вернер Эблингтің кітабының орыс тілінде шығуы проблемаға нақты кіріспе болды, өйткені автор физика, химия және биологиядан мысал келтіре отырып оқырмандарды ашық жүйелердегі құрылымдардың пайда болу теориясының негізгі идеяларымен және нәтижелерімен таныстырды. Кейінірек теорияның принциптерін әлеуметтік жүйелерге таратуға тырысатын жұмыстар жарық көре бастады. Шетел әдебиеттерінде синергетикаға, оның ішінде білім беру процестерін синергетикалық зерттеуге белгілі ғылыми қызығушылық пайда болды. Р.К. Сержникова, Б.Е. Фишман, Н.Ю. Абраменко және Л.Ю. Жолго педагогикалық синергетиканы жеке тұлғаның шығар-

машылық тұрғыдан дамуын зерттейтін өзін-өзі ұйымдастыру теориясынан ажыратты, сонымен қатар оқушының тәуелсіз білім алуы және шығармашылық іс-әрекетін дамыту құрылымын ашатын синергетикалық модельді құрушылар [10; 152] Л.И. Тарарина және бірлескен авторлар тобы білім алушылардың либералды білім алуына синергетикалық көзқарастың теориялық және әдістемелік негіздемесін алға тартты. Оның ішінде жаратылыстану және гуманитарлық пәндердің пәнаралық байланысына негізделген педагогикалық технологияны ұсынды [11; 101]. И. Стеклова қазіргі мәдениеттегі дағдарыс білім беру мәселелерімен тығыз байланысты жаңа ғылыми парадигманың негіздерін іздеуді өзекті етеді деп санайды. Өзін-өзі ұйымдастыру теориясын ғылыми қауымдастықтың ерекше назар аударуын қажет ететін ғылыми парадигма ретінде ұсынған. Автор синергетика тұрғысынан жүйенің өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін-өзі дамытуының негізгі шарттарын анықтады. В.В. Васинский күрделі білім беру жүйесінің синергетикалық моделін қарастырды. Осы модель негізінде студенттердің қажетті деңгейдегі білімді игеру мәселесі шешілді [12; 636].

Білім беру жүйесінің синергетикалық моделі негізінде педагогикалық жүйені оңтайлы басқару және ондағы кері байланысты қалыптастыру мәселелері зерттелді. С.Н. Дворяткина, М.А. Мкртчян, С.А. Розанова жеке және кәсіби даму, жоғарғы біліктілікті игеру және білікті мамандарға сұранысты қанағаттандыру мақсатында математикалық және гуманитарлық білім синергиясының тұжырымдамалық идеясы шешуші маңызға ие, өйткені ол пәнаралық байланыстың мәнін ашады, әртүрлі пәндердің интеграциясына, пәнаралық сындарлы сұхбатқа ықпал етеді. Бұл үдерісте синергетикалық тәсіл жетекші рөл атқарады». В.Г. Щербаков өзін-өзі ұйымдастыру теориясынан алынған білім тірі және өлі

материя ұғымдарын жақындастыруға қызмет етеді деп санайды [12; 638]. В.Г. Виненко синергетика идеяларын мектепте қолдану мәселелерін қарастырды. В.Г. Буданов синергетика мәселелерін орта және жоғары оқу орындарындағы пән ретінде зерттеуге көп еңбек сіңірді. Б.П. Безручко, А.А. Короновский, Д.И. Трубецков, А.Е. Храмов әр түрлі мамандық студенттеріне арналған «Синергетикаға жол. Он дәрістегі экскурсия» атты дәрістер жинағын ұсынды [13; 11].

НӘТИЖЕСІ

Көптеген зерттеулердің нәтижесінде синергетиканың әдістемелік принциптері анықталып, сонымен қатар синергетиканы оқу үрдісіне енгізудің үш бағытын В.М. Курейчик, В.И. Писаренко, В.Г. Буданов былай тұжырымдады:

- білім беру үдерісін талдауға, жеке тұлға мен білімді қалыптастыруда қолданылатын білім беру синергетикасы; синергетикалық принциптер негізінде мұғалімге гуманитарлық ғылымдардың бүкіл спектріне сүйене отырып авторлық әдістер мен өзіндік оқытушылық стилін құруға үйрету; білімге жүйелі көзқарасты ғана емес, сонымен қатар білім беру кеңістігі субъектілерінің өзін-өзі ұйымдастырудың динамикасы мен механизмдерін, білім беруді басқаруды, білім мен тәрбиенің бірлігін ескеруді білдіреді;

Синергетика білім беру процесінде, тұлғаның жеке қасиеттері мен білімін қалыптастыруда қолданылады. Мұнда адам факторы, синергетиканың пост-классикалық сипаты, диалог процестеріне және жүйелердің дамуына өзін-өзі сипаттай отырып, үлкен дәрежеде әсер етеді. Педагогикалық шеберлік пен авторлық әдістердің жоғары үлгілері тұтас синергетикалық тәсілдерді қолданудың ең жақсы мысалдары болып табылады, бірақ бүгінгі таңда мәселе біртұтас методиканы құру емес, мұғалімді өзінің өзіндік әдістемесі мен стилін саналы түрде

құруға үйрету болып табылады. Мұнда білім берудің жүйелі тәсілі ғана емес, сонымен қатар білім беру кеңістігі субъектілерінің өзін-өзі ұйымдастырудың динамикасы мен тетіктерін ескеру, білім беру мекемелерінің демократиясы мен бастамалары жағдайында білім беруді басқару, мазмұн мен тәрбиенің бірлігі, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру бар;

- білім беру үшін синергетика – білім берудің барлық кезеңдерінде әртүрлі модельдермен, оқыту технологияларымен жабдықталған синергетика бойынша біріктірілген курстар құру; білім берудің барлық деңгейлерінде интегративті синергетикалық курстар түрінде жүзеге асырылады: дайындық, бастауыш, орта мектеп, жоғары оқу орындарындағы негізгі пәндер циклі, арнайы пәндер циклі, аспирантура, оқытушылар мен мұғалімдерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру факультеттері, адаптивті курстар, екінші жоғары білім алу; синергетика саласында жұмыс жасайтын көптеген авторлар синергетика жоғары мектептің қабырғасынан шығып, синергетикалық және әдіснамалық курстардың әртүрлі деңгейлер мен оқу кезеңдеріне бейімделетінін айтады;

Белгілі оқу циклі аяқталғаннан кейінгі орта және жоғары мектептердегі интеграциялық синергетика курстары - дайындық, бастауыш, орта мектеп, жоғары оқу орындарындағы іргелі пәндер циклі, арнайы пәндер циклі, аспирантура, мұғалімдер мен оқытушыларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру факультеттері, бейімделу курстары және ересек адамдардың екінші білім алуы. Мақсатқа жету үшін ең алдымен әдебиеттерді жасақтаудан бастау керек. Бұл әлемнің тұтастығын түсіну шептеріне спиральды көтерілудің жолы бола алады;

- білім берудегі синергетика – жекелеген салаларға тиісті пәндік бағыттардағы синергетика принциптерінің әсерін суреттейтін материалдарды енгізу; осы пәндердің көптеген түсініктерін синерге-

тикалық тілде енгізуге мүмкіндік беретін жаңаның қалыптасу, пайда болу процестерін зерттейтін бөлімдер бар; мұндай курстардың мысалы – гуманитарийлерге арналған, синергетика синтездейтін бастама болып табылатын «Қазіргі жаратылыстану тұжырымдамасы» пәні;

Әр пән бойынша синергетика принциптерін суреттейтін материалдарды жеке пәндерге енгізу үшін, мейлі ол жаратылыстану немесе гуманитарлық пән болсын, жаңаның пайда болу, қалыптасу процестерін зерттейтін бөлімдерді таба аласыз, және дәстүрлі тілмен қатар синергетика тілін қолдану орынды болады, бұл болашақта пәнаралық диалогтің көлденең өрісін, ғылым мен мәдениеттің тұтастық өрісін құруға мүмкіндік береді. Жоғары мектепте синергетика синтездеу бастамасы болып табылатын гуманитарлық ғылымдарға арналған «Қазіргі жаратылыстану тұжырымдамалары» базалық пәні пәнаралық диалогтің жарқын мысалы бола алады. Мектепте, оның ішінде жоғары мектепте пәнаралық кеңістік құру әлемнің синергетикалық бейнесін және педагогикалық, оқытушылар ұжымының синергетикалық әдіснамасын қабылдауын меңзейді, бұл ең алдымен синергетик мамандардың көмегімен арнайы дәріс курстарын және оқытушыларды қайта даярлауды талап етеді. Бұл процесс ғылыми орталықтарымен және жоғары мектеппен тығыз ынтымақтастықта ғана мүмкін болады [14; 38].

В.А. Игнатованың айтуы бойынша қазіргі уақытта синергетика элементтері педагогикаға жаңа тұжырымдама, инновациялық технология, қазіргі білім берудегі ақпараттық проблеманы шешу құралы, жаңартылған білім беру моделі, жаратылыстану-ғылыми білім беруді интеграциялау құралы, білім берудің тәсілі, мектептегі жаратылыстану-ғылыми білім мазмұнын құрылымдаушы ретінде кеңінен енгізіле бастады және т.б. [15; 12].

Осыған байланысты педагогиканың

алдында тұрған бірнеше негізгі проблемалар:

- білім беру процесін талдау, болжау, модельдеу және жобалаудың әдіснамалық негізі ретінде жүйелік-синергетикалық тәсілді қолдану - педагогикалық зерттеудің негізгі объектісі, оның қайшылықтары мен заңдылықтарын зерттеу;
- оны оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен технологияларын ғылыми негіздеу үшін педагогикалық инноватикада қолдану;
- білім беру мазмұнында оның идеяларын бейімдеудің дидактикалық аспектілерін дамыту;
- пәнаралық білімнің теориялық және әдістемелік деңгейлерінде интеграцияның негізі ретінде осы тәсілді қолдану;
- оқушылардың жеке қасиеттерін және олардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыру үдерісінің динамикасын зерттеу;
- оқу үдерісін басқаруға синергетикалық идеяларды қолдану;
- синергетиканың математикалық аппаратын жергілікті, аймақтық, мемлекеттік және әлемдік деңгейде білім беру жүйесінің дамуын модельдеу және болжау кезінде қолдану мүмкіндігі [16; 6].

А.А. Макаров, Л.В. Макарова, С.Д. Смольников ақпараттық технологиялардың әлеуетін шығармашылық білім беру ортасын жобалау үшін пайдалануға болады деп санайды. Бұл, ең алдымен, виртуалды зертханаларды, мультимедиялық оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, интернет-технологияларды (блогтар, форумдар, чаттар және т.б.) қолдануға қатысты. Білім беруде синергетикаға қызығушылық артқан сайын синергетика қағидалары ішінара немесе толықтай жүзеге асырылатын жаңа әдістер мен технологиялар көбірек пайда болатындығы сөзсіз [17].

В.И. Загвязинский педагогика ғылымына синергетикалық тәсілді енгізуді зерттеудің осы спектріндегі инновация-

лық бағыт деп санауға болады деген көзқарасты ұстанады. Алайда, инновациялық және дәстүрлі әдістердің үйлесімді қызметі ғана білім беру процесінің жан-жақты бейнесін бере алатындығын есте ұстаған жөн [16; 14]. Шын мәнінде, біз оқу процесінің субъектілері ретінде зерттеуші мен зерттеу объектісі арасындағы өзара іс-қимылдың ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық объектілер мен құбылыстарды зерттеудің кешенді әдісін дамыту және қолдану қажеттілігі туралы айтып отырмыз.

А.В. Гвоздева мен Хтун Хтун Наингтың тұжырымдары бойынша синергетикалық көзқарас тұрғысынан оқытудың екі субъектісі де келесі деңгейлерге сәйкес дамиды ашық, сызықтық емес жүйелер болып табылады: оқу процесінің жалпы бағыты мен оның түпкі мақсатын анықтайтын стратегиялық (жобалау) деңгей; бүкіл білім беру үдерісін қамтамасыз ететін тактикалық (әдіс-тәсілдер) деңгей; сыртқы және ішкі өзгерістерге реакция ретінде оперативтік (іс-қимыл) деңгей. Сонымен, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз оқытудың синергетикалық тәсілін оқу процесін жақсартуға арналған белгілі бір әдістердің, тәсілдердің бірігуі ретінде ғана қарастырмаймыз. Керісінше, бұл мұғалімнің адам туралы ғылымның негізгі ережелеріне сүйене отырып, өзіне ғана тән өзіндік авторлық әдістемесі мен оқыту стилін дамыта және жүзеге асыра алуы. Синергетикалық тәсіл өзін-өзі ұйымдастыру ғылымы ретінде ойлаудың жаңа стиліне айналуға [18].

Н.А. Манаков синергетикалық әдісті негізінде жасақталған оқыту процесінің құрылымында үш элемент бар екіндігін жазады. Бұл элементтер әдетте «оқыту кезеңі» терминімен белгіленеді. Білім алушылардың жаңа материалды игеруге бағытталған іс-әрекетін ұйымдастыру және өзін-өзі ұйымдастыру бірінші элемент болып табылады. Бірінші кезең сабақ барысында жүзеге асырылады және келесі құрылымға ие:

1. Осы кезеңде игеруге қажет білім көлемін бөлу. Жаңа білімді талдау мен қабылдауға ыңғайлы формаға келтіру. Қабылдау сапасын жақсарту мақсатында материалды ұсыну формасын түзету.

2. Бірінші кезеңнің өнімдерін пайдалана отырып, оқу сабағын өткізу.

3. Білімді меңгеру сапасына бақылау жүргізу. Мұнда оқушылардың өз білімінің сапасын тиімді және объективті түрде өзін-өзі бақылауы үшін жағдай жасаған жөн.

Екінші кезеңнің мақсаты оқыту мазмұнын практикалық іс-әрекетте қолдануды ұйымдастыру және өзін-өзі ұйымдастыру үшін жағдай жасау болып табылады (шығармашылық тапсырмалар, стандартты емес жағдайлары бар тапсырмалар, сондай-ақ нәтижені еске түсіруге арналған қарапайым тапсырмалар осы мақсат үшін жақсы сәйкес келеді). Екінші кезеңде келесі элементтер бар:

4. Практикалық тапсырмалар.

5. Пәнаралық байланыстар, күнделікті жағдайларға негізделген тапсырмалар.

6. Оқу процесінің тиімділігін бақылау және өзін-өзі бақылау.

Жаңа білімдер мен дағдыларды өз бетімен қолдану нәтижесіндегі жетістіктерін өзіндік талдау. Үшінші кезең сабақтан тыс уақытта жүзеге асырылады. Бұл кезеңде жаңа білім, білік және дағдыларды күнделікті өмірде қолдану қарастырылады. Мұнда жоба әдісін қолданған жөн. Бұл кезең мынадай элементтерге бөлінеді:

7. Жаңа үйренген әдістерді қолдана отырып, күнделікті өмір жағдайларын сипаттау және зерттеу. Бұл кезең мұғалімнің көптеген кеңестерімен бірге жүреді деп болжанады, өйткені оқушылар әлі де толыққанды тәуелсіз іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін жеткілікті дағдылар мен шеберлікке ие емес.

8. Жаңа білімді практикалық маңызды мәселелерді анықтау және шешу үшін қолдану. Бұл кезең тәуелсіз ғылыми

шығармашылықты бағамдайды. Осы кезеңнің сәтті аяқталуы нәтижелерді ғылыми есеп берудің дәстүрлі түрінде ұсыну болып саналады [19].

Білім берудегі синергетиканың негізгі идеялары: ақпаратты өз контекстінде түсіндіру (шығармашылық жұмыстар), диалогты немесе «полилогты» (топтық және жұптық жұмыс) қолдана отырып өзіндік жұмыс, бейсызықтық, ол оқушылар мен оқытушы нәтижелерін болжай алмайтын пікірталастарды, «ми шабуылын», «сарапшылар кеңесін» ұйымдастыруда көрінеді. Ең бастысы - мұғалімнің үстемдігінің толық болмауы, оның рөлі бастапқы импульсті инициализациялауға, өзін-өзі оқыту процесінің барысын жұмсақ басқаруға және оқушылармен бірге қорытындылауға дейін азаяды [17].

Өзін-өзі ұйымдастыру теориясының негіздерін оқытудың мазмұнын жобалау мен таңдаудың әдіснамалық негізі басты дидактикалық принциптерден тұрады. Синергетика негіздерін оқытудың дамыған әдістемелік жүйесін жобалау кезінде оқу материалын іріктеуге мыналар бастама болады: синергетика, пәндік және әдістемелік білімдер негізінде динамикалық жүйелер мен теориялар модельдерінің иерархиясына негізделген өзін-өзі ұйымдастыру теориясының негіздерін зерттеу логикасы [20].

С. Королев педагогикада синергетикалық тәсілді қолдану кезіндегі оқытудың негізгі принциптері маңызды рөл атқаратындығын, оларды ескеру және сақтау қажеттігін атап өтті. Бұл принциптер:

- оқытушы мен оқушы бірге арнайы команда құруы керек – оқу процесі жүретін тандем;
- тандемдегі негізгі объект – «әлсіз буын» ретіндегі оқушы;
- білімнің реттелген құрылымдарын құрудағы негізгі креативті объект оқытушы болып табылады;
- білімді құрылымдау процесі білім алушылардың белсенді қатысуымен жүруі керек;

- оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іздеу және қолдану үнемі жүргізілуі керек;
- сабақтардың тиімділігін барынша арттыру мақсатында оқу процесінде бұрыннан белгілі әдістерді үнемі өзгертіп отыру қажет;
- оқытушы – оқушы тандемі интернет арқылы басқа оқушылар және оқытушылармен, жаңа ақпаратты алудың компьютерлік, сандық және аналогтық арналары арқылы сыртқы ортамен еркін ақпарат алмасу жүргізілетін ашық әлеуметтік жүйе болуы тиіс [21; 95].

ҚОРЫТЫНДЫ

Көптеген оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасай отырып мынадай тұжырымға тоқталдық. Қазіргі білім тұрақсыз қоғам жағдайында өмір сүретін өте күрделі жүйе. Осыған байланысты білім беру мәселесін синергетикалық көзқарас тұрғысынан қарастырған пайдалы болар еді. Білім беру жүйесі үшін синергетиканың әдіснамалық және эвристикалық құндылығы - бұл теория өзін-өзі дамытудың әмбебап заңдылықтарын және тепе-теңдіктен алыс, әртүрлі сипаттағы жүйелердің жұмысын

ашады. Бұл қоғамды реформалау жағдайында оқыту мен тәрбиелеу моделін құруға бағытталған білім беру жүйесін жасақтауға болатын принциптерді жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Синергетикалық әдістің Европаның, Ресей және басқа да елдердің оқу орындарына біртіндеп ене бастағандығын байқадық. Әлемдегі елдер арасындағы білім беру жүйесіндегі қауымдастықтың нәтижесінде, біздің еліміздегі оқу орындары қарым-қатынасты ұйымдастырып, білім берудің жаңа технологияларын пайдалануға бет бұрыс жасауда. Оның ішінде кейс-стади, жобалау әдісі, жаңартылған оқу бағдарламасы, шәкірттердің білім деңгейін, оқу жетістігін критериалды бағалау және т.б.

Осыған орай оқу процесін синергетикалық әдіспен ұйымдастыруда, заманауи оқу жүйесінде өзінің орнын табады деген ойдамыз. Егер синергетиканың жеке-жеке элементтерін дұрыс байланыстырып, өз орнына қойып, тексеріп, бақылап отыратын болса қойылған мақсат табысты болады. Әсіресе мектепте, ЖОО оқу процесін ұйымдастыруға жан-жақты, барлық элементтерін (бөлшектерін) оңтайлы байланыстыруды түсіну басты фактор.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Ермакова Т.И. *Образовательная деятельность технического вуза: синергетический подход [Электронный ресурс] / Т.И. Ермакова, С.В. Ратафьев // Современные проблемы науки и образования. – 2016. – № 3. – Режим доступа: <https://www.science-education.ru/ru/article/view?id=24665>.*
2. Хакен Г. *Тайны природы. Синергетика: учение о взаимодействии.* / Г. Хакен. – Москва.: Ижевск: Институт компьютерных исследований, 2003. – 320 с.
3. Буданов В. Г. *Методология синергетики в постнеклассической науке и образовании : 3-е изд., доп.* / В. Г. Буданов. – М.: Либроком, 2009. – 240 с.
4. Кутимская М.А. *Синергетический подход к вопросам образования и науки / М.А. Кутимская, М.Ю. Бузунова // advances in current natural sciences. – 2011. – №3. – С. 70-73.*
5. Абакумова И.В. *Смыслоцентризм в педагогике: новое понимание дидактических методов.* / И.В. Абакумова, П.Н. Ермаков, И.А. Рудакова. – Ростов-на-Дону: Изд-во Ростовского ун-та, 2006. – 256 с.
6. Безручко Б.П. *Экскурсы в десяти лекциях «Путь в синергетику».* / Б.П. Безручко, А.А. Короновский, Д.И. Трубецков, А.Е. Храмов. – М.: КомКнига, 2005. – 304 с.
7. Син Е.Е. *О перспективности и полезности синергетического подхода в обучении / Е.Е. Син, Д.И. Султанкулов // Известия Кыргызской Академии Образования. – 2014. – № 4(32). – С. 108– 112.*

8. Игнатова В.А. Адаптация идей и познавательных моделей постнеклассической науки в содержании общего школьного образования как одно из направлений его экологизации / В.А. Игнатова // Наука и школа. – 2006. – № 1. – С. 13-16

9. Карамбилов В.А. Синергетические подходы к самоорганизации студентов в процессе самостоятельной работы в вузе / В.А. Карамбилов // Общество и право. – 2013. – № 2 (44). – С. 305-310.

10. Serezhnikova R.K. Pedagogical synergetics as the activity approach basis in professional and pedagogical training at the university / R. K. Serezhnikova // International Education Studies. – 2015. – № 8. – Pp. 148–156.

11. Tararina L. The synergetic approach to liberal education of the university students / L. Tararina // Mediterranean Journal of Social Sciences. – 2015. – № 2. – Pp. 98–104.

12. Мукушев Б.А. Формирование научного мировоззрения у школьников на основе включения идей синергетики в содержание образования / Б.А. Мукушев, Б.С. Желдыбаева, И.С. Мусатаева, С.Б. Мукушев, К.У. Кариева, А.Б. Турдина // Интеграция образования. – 2018. – № 4. – С. 337-342.

13. Чванова М.С. Синергизм системы открытого образования / М.С. Чванова, М.В. Храмова // Психолого-педагогический журнал Гаудеамус. – 2012. – № 1 (19). – С. 9-21.

14. Курейчик В.М. Синергетика в образовании / В.М. Курейчик, В.И. Писаренко // Открытое образование. – 2010. – № 4. – С. 33-44.

15. Игнатова В.А. Интеграция и дифференциация как универсальные категории науки и их отражение в теории и практике естественнонаучного образования / В.А. Игнатова // Образование и наука. – 2013. – № 2(101). – С. 3-17.

16. Игнатова В.А. Проблемы использования системно-синергетического подхода в педагогике / В.А. Игнатова // Образование и наука. – 2013. – № 10 (109). – С. 3-16.

17. Макаров А.А. Синергетическая концепция образования [Электронный ресурс] / А.А. Макаров, Л.В. Макарова, С.Д. Смольников // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 6. – Режим доступа: <https://www.science-education.ru/ru/article/view?id=16411>.

18. Гвоздева А.В. Синергетический подход к методам обучения [Электронный ресурс] / А.В. Гвоздева, Хтун Наинг Хтун // Педагогические науки. – 2015. – №1(33). – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/sinergeticheskiy-podhod-k-metodam-obucheniya>

19. Манаков Н.А. Процесс обучения: синергетический подход [Электронный ресурс] / Н.А. Манаков, В.В. Гуньков // Современные проблемы науки и образования. – 2017. – № 3. – Режим доступа: <https://www.science-education.ru/ru/article/view?id=26497>

20. Васева Е.С. Требования к отбору содержания обучения основам синергетики, ориентированного на формирование научного мировоззрения будущего учителя физики [Электронный ресурс] / Е.С. Васева // Современные проблемы науки и образования. – 2012. – № 3. – Режим доступа: <http://science-education.ru/ru/article/view?id=6147>

21. Королев С.В. Преодоление «синергетического синдрома» в процессах обучения [Электронный ресурс] / С.В. Королев // Наукові записки. – 2016. – №9(3). – С. 90-96. – Режим доступа: <https://www.cuspu.edu.ua/en/konferentsii-2016-2017-n-r/conf-problemy-ta-inovatsii-sektsiia-3/4733-preodolenie-sinergeticheskogo-sindroma-v-protsessakh-obucheniya>

Н.Т. ТОРМАНОВ¹, А.Б. БАУЫРЖАН¹, А.А. ДУИСЕНБЕК, Б.С. АХМЕТОВА²

СИНЕРГЕТИКА НОВЫЙ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

г.Алматы, Казахстан,

e-mail: Tormanov.nurtay@kaznu.kz, aitolkyn.bauyrzhan@mail.ru, ayaulym040917@gmail.com;

com;

²Национальная академия образования им. И.Алтынсарина,

г.Нур-Султан, Казахстан

e-mail: akhmetovabotagoz@mail.ru

Н.Т. ТОРМАНОВ¹, А.Б. БАУЫРЖАН¹, А.А. ДУИСЕНБЕК¹, Б.С. АХМЕТОВА²

SYNERGY A NEW METHODOLOGICAL APPROACH IN THE EDUCATION SYSTEM¹ Al-Farabi Kazakh National University,

Almaty, Kazakhstan, e-mail: Tormanov.nurtay@kaznu.kz, aitolkyn.bauyrzhan@mail.ru, ayaulym040917@gmail.com

² I. Altynsarin National Academy of Education,

Nur-Sultan, Kazakhstan, e-mail: akhmetovabotagoz@mail.ru

Аннотация. В данной статье освещается роль синергетического метода в системе образования. Синергетика междисциплинарное, научное направление, рассматривающее закономерности самоорганизации в многовариантных сложных системах в различных областях. Авторы провели обзор отечественной и зарубежной литературы, проанализировав историю, развитие, основные идеи синергетического метода. С синергетической точки зрения рассматривается система образования, представляющая собой сложную систему в условиях нестабильного общества. Современная система образования-очень сложная система. В связи с этим было бы полезно рассмотреть проблему образования с точки зрения синергетического подхода. Методологическая и эвристическая ценность синергетики для системы образования состоит в том, что эта теория раскрывает универсальные закономерности саморазвития и функционирования систем различного характера, далеких от равновесия. В соответствии с синергетической концепцией педагогический процесс характеризуется как сложная самоорганизующаяся, открытая, нелинейная система со всеми присущими ей качествами и принципами развития. Основная цель синергетики в учебном процессе-создание условий для организации и самоорганизации использования содержания обучения в практической деятельности, для того, чтобы учащиеся эффективно и объективно контролировали качество своих знаний. Таким образом, синергетический метод инициирует формирование передовой системы образования, направленной на создание модели обучения и воспитания. Поэтому в последнее время синергетика набирает обороты и становится все более актуальной в сфере образования.

Ключевые слова: синергетика, система, педагогика, междисциплинарные связи, самоорганизация, методология, подход, интеграция.

Abstract. This article highlights the role of the synergetic method in the education system. Synergy is an interdisciplinary, scientific field that considers the patterns of self-organization in multivariant complex systems in various fields. The authors conducted a review of national and foreign literature, analyzing the history, development, and main ideas of the synergetic method. Also in the article, analyzing the educational and methodological literature, I focused on the conclusions that consider the education system from a synergetic point of view, which is a complex system in an unstable society. The modern education system is a very complex system. In this regard, it would be useful to consider the issue of education from the perspective of a synergetic approach. The methodological and heuristic value of synergy for the education system lies in the fact that this theory reveals the universal laws of self-development and functioning of systems of various types that are far from equilibrium. In accordance with the synergetic concept, the pedagogical process is characterized as a complex self-organizing, open, nonlinear system with all its inherent qualities and principles of development. The main goal of synergy in the educational process is to create conditions for the organization and self-organization of the use of learning content in practical activities, so that students effectively and objectively control the quality of their knowledge. Thus, the synergetic method initiates the formation of an advanced education system aimed at creating a model of education and upbringing. Therefore, in recent years, synergy has been gaining momentum and is becoming more and more relevant in the field of education.

Keywords: synergetics, system, pedagogy, interdisciplinary connections, self-organization, methodology, approach, integration.

Н. КАСЕНОВА¹, Б.С. АХМЕТОВА², Г.А. КУАНЫШЕВА²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: elyxion61loey@gmail.com

²Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан,
e-mail: akhmetovabotagoz@mail.ru, g.kuanysheva@mail.ru

МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІН АНЫҚТАУ

Аңдатпа. Қоғамның әлеуметтік тапсырысы – жаратылыстану-математикалық, химия-биологиялық пәндер бойынша ғылыми дайындықтың әлдеқайда жоғары деңгейін қамтамасыз ету. Сонымен қатар білім беруде осы бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыру. Жаратылыстану ғылыми пәндерін ағылшын тілінде оқытуды әдіснамалық қамтамасыз ету міндеті өзекті болып отыр.

Мақалада биологияның жекелеген тақырыптарын ағылшын тілінде оқытуда әртүрлі педагогикалық технологияларды қолданудың салыстырмалы зерттеуінің нәтижелері келтірілген. Әзірленген 10 сабақтың ішінде студенттер сыни ойлау технологиясын, интерактивті оқыту технологиясын, топтық оқыту технологиясын (ұжымдық іс-қимыл) қолдана отырып сабақ өткізу кезінде ең жоғары білім сапасын көрсетті. Биологияны ағылшын тілінде оқытуға мүмкіндік беретін басқа да технологиялардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктері талқыланады.

Түйін сөздер: биология пәні, педагогикалық оқыту технологиясы, оқытудың әдіс-тәсілдері, оқу бағдарламасы, білім сапасы.

КІРІСПЕ

Білім берудің басты мақсаты – мамандарды әлемді шығармашылық тұрғыдан өзгертудің әдістемесімен қаруландыру [1]. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады [2]. Жаңа педагогикалық технологиялар

– бұл білімнің басында мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамасымен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұндай іс-әрекет оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды [3]. Қазіргі кездегі оқытудың мақсаты жеке адамды жан-жақты және кешенді оқыту, тәрбиелеу және дамыту. Қазақстандық мектептердің алдына қойылып отырған мақсат – инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында өскелең ұрпаққа

жүйелі, жан-жақты да терең білім беру болып табылады [4].

Қоғамның әлеуметтік тапсырысы – жаратылыстану-математикалық, химия-биологиялық пәндер бойынша ғылыми дайындықтың әлдеқайда жоғары деңгейін қамтамасыз ету. Сонымен қатар білім беруде осы бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыру. Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Қазіргі таңда көптілді меңгерту – білім беру жүйесінің өзекті мәселесі болып отыр.

Биология пәнін тек қана қазақ тілінде емес, орыс және ағылшын тілдерінде меңгерту болашақта өзге дамыған елдермен білім бәсекелестігіне түсе алатын, еліміздің химия саласын дамытуға үлес қоса алатын, көп тілді және көп мәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді. Жалпы білім беретін мектептердің дарынды оқушылары биология пәнінен халықаралық олимпиадаларға көптеп қатысуда. Ал, осы олимпиадалармен ғылыми жобалар ағылшын тілінде қорғауды қажет етеді. Көп жағдайда биология пәнін жақсы меңгерген оқушылар ағылшын тілін жетік білмегендіктен, осындай мүмкіндіктерге қол жеткізе алмай жатады. Осы кедергілерді жою мақсатында мектепте өткізілетін биологияны ағылшын тілін кіріктіре өткізген тиімді.

«Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға мемлекеттік бағдарламасында» жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңарту басты мақсаттарының бірі екендігі көрсетілген [5]. Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамытудың жаңа бағдарламасын әзірлеуді және оны жүзеге асыруды талап етіп отырғаны белгілі. Осындай бағдарламалардың бірі ретінде «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасын» атап өтуге болады. Осы бағдарламаны

орындаудың негізгі жолдарының бірі биологияны және ағылшын тілін кіріктіре оқыту бойынша оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу болып саналады [6]. Осы бағдарламалардан кейін сабақта пәндік-тілдік кіріктіре оқыту ұстанымын қолдану елімізде біртіндеп жүзеге асырыла бастады. Осылайша мектептегі биология пәнінің мазмұнына оқулықтар мен бағдарламалардағы жақсы сипатталған білім, біліктілік ұғымдары дәстүр бойынша мектепте білім берудің мазмұнын қалыптастыруда үлкен маңызы бар мәселенің бірі болып табылады.

Биологияны оқытудың негізгі мақсаты оқушыларды оқыту-тәрбиелеу мақсатымен бірге жүзеге асырылады. Биологияны оқыту әдістемесі бойынша зерттеу нысандары негізінен мектептегі педагогикалық үрдіс болып, ал зерттеу пәні биологиялық пәндерді оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі таңдағы өзекті мәселелері, оның ішінде биология пәнін ағылшын тілінде оқыту болып табылады.

Кіріктіре оқыту – сабақта пәнаралық байланыстарды дамытуды және тереңдетуді, олардың ғылымаралық байланысының түпнұсқасы, яғни түрлі пәндерді оқытуды қиыстырудан, олардың өзара терең байланыста өтуін қарастыру болып табылады [7]. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттақ сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Педагогикалық жаңа технологиялар – бұл білімнің басында мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамасымен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, фор-

малары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда іс-әрекет оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды. Қазіргі кездегі оқытудың мақсаты жеке адамды жан-жақты және кешенді оқыту, тәрбиелеу және дамыту. Қазақстан мектебінің алдына қойылып отырған мақсаты инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағы-

тында өскелең ұрпаққа жүйелі, нақты білім беру болып табылады.

Әдіс-тәсілдердің өткізілген сабақтарға тиімділігін анықтау

Биология пәнін ағылшын тілінде оқыту барысында барлығы 10 сабақ жоспары жасалынып, 10 сабақ өткізілді. Өткізілген сабақтар негізінде әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылып, сабақтарға кіріктірілді. Өткізілген сабақтардың тақырыптары бойынша қолданған әдіс-тәсілдер 1-кестеде ұсынылған.


1-кесте – Өткізілген сабақтарда қолданған әдіс-тәсілдер

Тақырыбы	Әдіс-тәсіл атауы
Сезім мүшелері және анализаторлар туралы түсінік. Анализаторлардың қасиеттері, олардың маңызы және өзара байланысы.	Мәселелік (проблемалық) оқыту технологиясы
Көру мүшесі. Көздің құрылысы мен қызметі. Көру анализаторлары. Көру орталығы.	Ақпараттық оқыту технологиясы
Есту мүшесі және есту анализаторы. Сыртқы, ортаңғы және ішкі құлақтың құрылысы және қызметі. Есту анализаторының бөліктері. Есту орталықтары.	Модульдік оқыту технологиясы
Есту гигиенасы. Есту мүшелерінің аурулары, олардың алдын алу. Тепе-теңдік мүшелері: вестибула аппараты. Сипап сезу, иіс сезу, дәм сезу мүшелері және олардың анализаторлары.	Кейс-стади технологиясы
Сүйектер, бұлшық ет, сіңірлер – тірек қимыл жүйесінің құрамдас бөліктері. Олардың маңызы. Қаңқада сүйектердің байланысуы. Буындардың құрылысы.	Сын тұрғысынан ойлау технологиясы
Сүйектердің құрамы, құрылысы, олардың пішіндері және қызметі. Түтікті сүйектердің өсуі. Сүйектің ішкі құрылысы. Сүйектің қызыл және сары кемігі.	Интерактивті оқыту технологиясы
Қаңқаның негізгі бөлімдері: бассүйек, тұлға қаңқасы, иық және жамбас белдеулерінің қаңқасы, қол-аяқ қаңқасы. Омыртқа жотасының бөлімдері.	Деңгейлеп оқыту технологиясы
Адам қаңқасының ерекшеліктері.	Эвристикалық оқыту технологиясы
Бұлшық ет, оның типтері, құрылысы және маңызы. Адам организміндегі бұлшық еттердің негізгі топтары. Бұлшық еттердің жұмысы.	Топтық оқыту (ұжымдық әрекеттесу) технологиясы
Қан, ұлпа сұйықтығы және лимфа - организм ішкі ортасының құрам бөліктері. Олардың айналымы және байланысы. Қанның құрамы: плазма және формалы элементтері – эритроциттер, тромбоциттер, лейкоциттер.	Модульдік оқыту технологиясы

Оқушылардың үлгерімін анықтау үшін өткізілген тақырыптар бойынша орташа балл, абсолюттік үлгерім және оқу сапасы анықталды (2-кесте, 1-сурет).


2-кесте – Тақырыптар бойынша оқушылар үлгерімінің қорытынды көрсеткіші

Тақырыбы	«5»	«4»	«3»	«2»	Орташа балл	Абсолюттік үлгерім	Оқу сапасы	СОК
1. Сезім мүшелері және анализаторлар туралы түсінік. Анализаторлардың қасиеттері, олардың маңызы және өзара байланысы.	5	10	3	0	4,11	100%	83%	69%
2. Көру мүшесі. Көздің құрылысы мен қызметі. Көру анализаторлары. Көру орталығы.	6	9	3	0	4,17	100%	83%	71%
3. Есту мүшесі және есту анализаторы. Сыртқы, ортаңғы және ішкі құлақтың құрылысы және қызметі. Есту анализаторының бөліктері. Есту орталықтары.	6	9	3	0	4,17	100%	83%	71%
4. Есту гигиенасы. Есту мүшелерінің аурулары, олардың алдын алу. Тепе-теңдік мүшелері: вестибула аппараты. Сипап сезу, иіс сезу, дәм сезу мүшелері және олардың анализаторлары.	5	8	5	0	4,0	100%	72%	66%
5. Сүйектер, бұлшық ет, сіңірлер – тірек қимыл жүйесінің құрамдас бөліктері. Олардың маңызы. Қаңқада сүйектердің байланысуы. Буындардың құрылысы.	4	12	2	0	4,11	100%	89%	69%
6. Сүйектердің құрамы, құрылысы, олардың пішіндері және қызметі. Түтікті сүйектердің өсуі. Сүйектің ішкі құрылысы. Сүйектің қызыл және сары кемігі.	8	8	2	0	4,33	100%	89%	73%
7. Қаңқаның негізгі бөлімдері: бассүйек, тұлға қаңқасы, иық және жамбас белдеулерінің қаңқасы, қол-аяқ қаңқасы. Омыртқа жотасының бөлімдері.	7	8	4	0	4,16	100%	79%	71%
8. Адам қаңқасының ерекшеліктері.	7	6	6	0	4,05	100%	68%	68%
9. Бұлшық ет, оның типтері, құрылысы және маңызы. Адам организміндегі бұлшық еттердің негізгі топтары. Бұлшық еттердің жұмысы.	7	10	2	0	4,26	100%	89%	74%
10. Қан, ұлпа сұйықтығы және лимфа – организм ішкі ортасының құрам бөліктері. Олардың айналымы және байланысы. Қанның құрамы: плазма және формалы элементтері – эритроциттер, тромбоциттер, лейкоциттер.	5	11	3	0	4,11	100%	84%	69%



1-сурет. Ағылшын тілінде өткізілген сабақтардың тиімділігі

Эксперимент барысында зерттелген сабақтардың оқу сапасының көрсеткіштері 2-суретте берілген



2-сурет. Оқу сапасының пайыздық көрсеткіші

1-суретте келтірілген мәліметтерге сәйкес оқушылардың білім сапасының ең жоғарғы көрсеткіші 89% - «Сүйектер, бұлшық ет, сіңірлер - тірек қимыл жүйесінің құрамдас бөліктері», «Сүйектердің құрамы, құрылысы, олардың пішіндері және қызметі», «Түтікті сүйектердің өсуі. Сүйектің ішкі құрылысы. Сүйектің қызыл және сары кемігі», «Бұлшық ет, оның типтері, құрылысы және маңызы. Адам организміндегі бұлшық еттердің негізгі топтары. Бұлшық еттердің жұмысы» тақырыптарын өту кезінде байқалды, ал ең төменгі көрсеткіш – 68% «Адам қаңқасының ерекшеліктері» тақырыбын қарастыруда анықталды. «Бұлшық ет, оның типтері, құрылысы және маңызы. Адам организміндегі бұлшық еттердің негізгі топтары. Бұлшық еттердің жү-

мысы» тақырыбын қарастыру барысында топтық оқыту технологиясын тиімді қолдану арқылы білім сапасының жоғарғы көрсеткішіне жеттік. «Адам қаңқасының ерекшеліктері» тақырыбында эвристикалық оқу технологиясын қолдану төменгі көрсеткішті көрсетті. Топпен оқыту оқушылардың білімге деген қызығушылығын, қабілетін, ой-өрісін арттыратын тәсіл екенін практика жүзінде көз жеткіздік. Яғни, топпен оқыту кезінде топқа бөлінген оқушылар бірігіп жұмыс істеп, ағылшын тіліндегі материалдарды өзара талқылап және түрлі деңгейдегі оқушылар бір-біріне көмектескенін байқадық. Оқушылар сабақта диалогтік қатынастарды пайдалана отыра дұрыс сұрақ қоюға үйренеді.

Ақпараттық оқыту технологиясына

келетін болсақ, бұл технология тұлғаның биология пәнінен алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі, мысалы: интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, сабақ барысын қорытындылау кезінде оқушылар қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады. Үш тілде тесттік тапсырмалар орындайды, яғни, компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер береді.

Сонымен, жалпы айтқанда, көптілді білім беру бағдарламасы аясында ағылшын тілінде биология пәнін меңгеру тәжірибесін жинақтап, оқушылардың әлемдік деңгейге көтерілуіне жол ашылды. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейтуге, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жетуіне мүмкіндік береді. Оқушыға елдің ертеңі, өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы, ой-пікірмен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Биология пәнін ағылшын тілімен үндестіре отырып меңгерту үшін стандарттық бағдарламаны игеруде оқушының дүниетанымын қалыптастырып, оны қызықтыру үшін тілді игертудің оңай жолдарын, тәсілдерін табу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мектеп оқушылары заман ағымына сай күнделікті өмірде өз ана тілімен бірге орыс және ағылшын тілдерін де жиі қолданады.

Әрбір сабақ оқушылардың білім, білік игеруі, дүниетанымдары мен ойларының дамуын, тұлғалық сапалары мен сезімдерінің тәрбиеленуі, өзін жеке тұлға ретінде сезінуі және қоршаған шындыққа деген қатынас қалыптастыратын тұтас әрі күрделі жүйе болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Биология пәнін ағылшын тілінде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдердің тиімді қолдану жолдары және инновациялық технологиялардың озық түрлерінің меңгеру жолдарын қарастыру барысында оқыту технологиясының жаңа әдіс-тәсілдерін қарастырылды. Эксперименттік бөлім негізінде әр сабаққа сараптама берілді және оқу технологиясының тиімді әдістері практика жүзінде анықталды. Бұл сын тұрғысынан ойлау технологиясы, интерактивті оқыту технологиясы, топтық оқыту технологиясы (ұжымдық әрекеттесу). Оқушылардың білім сапасының ең жоғарғы көрсеткіші (89%) - «Сүйектер, бұлшық ет, сіңірлер – тірек қимыл жүйесінің құрамдас бөліктері», «Сүйектердің құрамы, құрылысы, олардың пішіндері және қызметі. Түтікті сүйектердің өсуі. Сүйектің ішкі құрылысы. Сүйектің қызыл және сары кемігі», «Бұлшық ет, оның типтері, құрылысы және маңызы. Адам организміндегі бұлшық еттердің негізгі топтары. Бұлшық еттердің жұмысы» тақырыптарын өту кезінде байқалды, ал ең төменгі көрсеткіш – 68% «Адам қаңқасының ерекшеліктері» тақырыбын қарастыруда анықталды.

Оқушылардың үлгерімінің орташа баллдық ең жоғары көрсеткіші (4,33) – «Сүйектердің құрамы, құрылысы, олардың пішіндері және қызметі. Түтікті сүйектердің өсуі. Сүйектің ішкі құрылысы. Сүйектің қызыл және сары кемігі» тақырыбын оқыту кезінде, ал ең төменгі көрсеткіш (4,05) – «Адам қаңқасының ерекшеліктері» тақырыбын өту барысында белгілі болды. Зерттеу барысында алынған нәтижелерге сәйкес СОК-тың төртінші дәрежелі жоғары көрсеткішін 74 % – топтық оқыту технологиясы, 73 % – интерактивті оқыту технологиясы, 71 % – ақпараттық оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, деңгейлеп оқыту технологиясы көрсетті. Үшінші дәрежелі орташа көрсеткішпен 66 % - кейс-стади технологиясы сипатталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (баптары бойынша түсіндірмелерімен) және оны жүзеге асыру жөніндегі құжаттар. Алматы. – «Дастан» баспасы, 2000 – 336 бет.
2. Қазақстан Республикасы педагогика қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы / мұғалімге арналған нұсқаулық
3. URL: <https://adisteme.kz/janartylgan-bilim-bery-bagdarlamasyn-juzege-asyrydagy-qadamdar.html>
4. А.Б. Айтбаева «Білім берудегі жаңа технологиялар» - Алматы «Қазақ университеті», 2011-3336.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2016. ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген.
6. Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622 бұйрығымен бекітілген.
7. Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. - Томск: изд-во Томского ун-та. 1995. - 250 с.

Н. КАСЕНОВА¹, Б.С. АХМЕТОВА², Г.А. КУАНЫШЕВА²

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЭФФЕКТИВНЫХ МЕТОДОВ ПРЕПОДАВАНИЯ БИОЛОГИИ В ШКОЛЕ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

¹ Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан, e-mail: elyxion61loey@gmail.com

²Национальная академия образования им.И.Алтынсарина, г.Нур-Султан, Казахстан, e-mail: akhmetovabotagoz@mail.ru, g.kuanysheva@mail.ru

N. KASENOVA¹, B.S. AKHMETOVA², G.A. KUANYSCHEVA²

THE EFFECTIVE METHODS OF TEACHING BIOLOGY IN ENGLISH AT SCHOOL

¹Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan, e-mail: elyxion61loey@gmail.com

² National Academy of Education named after I.Altynsarin, Nursultan, Kazakhstan, e-mail: akhmetovabotagoz@mail.ru, g.kuanysheva@mail.ru

Аннотация. Социальная цель общества – обеспечить более высокий уровень научной подготовки по дисциплинам естественных наук, математике, химии и биологии. Одновременно осуществляется реализация преподавания дисциплин на английском языке в сфере образования. Актуальной становится задача методологического обеспечения преподавания естественнонаучных дисциплин на английском языке.

В статье приведены результаты сравнительного исследования использования различных педагогических технологий в преподавании отдельных тем биологии на английском языке. Наиболее высокое качество знаний обучающиеся показали после уроков с применением технологии критического мышления, интерактивного обучения, группового обучения (коллективного действия). В статье раскрываются особенности и возможности других технологий для преподавания биологии на английском языке.

Ключевые слова: биология, педагогическая учебная технология, методы обучения, учебная программа, качество знания.

Abstract. The social goal of the community is to provide a higher level of scientific training in disciplines of natural sciences, mathematics, chemistry and biology. At the same time, there is a tendency of teaching natural science subjects in English, so it is of great importance to provide methodological support to teachers.

The article presents the results of a comparative study when various pedagogical technologies in teaching certain topics of biology in English. Within 10 lessons the students showed the highest quality of knowledge using critical thinking technology, interactive learning technology, group learning technology (collective action). The features and capabilities of other technologies as potential for teaching biology in English are discussed.

Key words: biology, technology of teaching, methods, curriculum, quality of education.

FTAMP 372.857

Н. А. ОРАЗАХЫНОВА¹, З. ЖАУБАЙҚЫЗЫ²

¹«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

²Моңғолияның Білім, ғылым министрлігіне қарасты Білім институтының ғылыми қызметкері, Улан-Батор, Моңғолия

«САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ – БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Аңдатпа. Мақалада Алаш зиялыларының әдістемелік мұраларына негізделген және ұлттық құндылықтарға басымдық беретін «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы сипатталған. Бұл технология оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әр пәннің ерекшеліктеріне байланысты білім мазмұнын студенттерге оқытудың әртүрлі әдістеріне негізделген сапалы білім беруге бағытталған. Үшінші және төртінші сыныптарға арналған «Фонетика» бағыты бойынша лингвистиканың деңгейлерін жүзеге асыру әдістерін талдау мысалдары келтірілген.

Түйін сөздер: лингвистиканың технологиясы, оқыту әдістері, деңгейлері.


Технология дегеніміз – белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысындағы білімдердің жиынтығы. Технология дегеніміз – тәжірибе жүзінде орындалатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы. Технология дегеніміз – оқу үдерісін жоғары деңгейге жеткізу мақсатында алдын ала ойластырылған ықпал мен әсер. Осы ойларымызды түйіндей келгенде айтарымыз, педагогикалық технология дегеніміз – оқытушының кәсіби қызметін жан-жақты қамтамасыз ететін, олардың оқушыға сапалы, терең білім беру жолындағы нақты іс-шаралар жиынтығы. Елімізде шетелдік технологиялар мен қатар отандық технологиялардың білім беру жүйесінде қолданылып келе жатқандығы баршаға аян. Солардың бірі – Алаш зиялыларының әдістемелік мұраларын басшылыққа алған, ұлттық құндылықтарға басым бағыт беріп отырған «Сатылай кешенді оқыту»

технологиясы. Бұл – технологияның білім саласында қолданыста болып келе жатқанына 27 жыл. Осы жылдар ішінді әуелі қазақ тілінен бастау алса, бүгінгі таңда он пәнге енгізіліп отыр. Себебі, бұл технология әр пәннің өзіндік ерешелігіне қарай оқушыларға білімнің мазмұнын беруде өзіне тән түрлі әдіс-тәсілдерді басшылыққа ала отырып, сапалы білім беруді мақсат етеді. Солардың бірі – оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне орайластырылып жасалған деңгейлері. Ең алдымен қазақ тілінен бастау алғандықтан бұл мақалада тіл білімінің «Фонетика» саласы бойынша деңгейлерді жүзеге асырудың жолдарын үшінші, төртінші сыныптар бойынша талдау үлгілерін ұсынбақпыз.

Бірінші деңгей. Бірінші деңгейде айтылым және жазылым басшылыққа алынады. Мұнда Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының мына

қағидасын басшылыққа аламыз: «... қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін я білмегендік, я білсе де істеп көрмегендік. Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы». Сондықтан бірінші сыныпта әр дыбыспен жеке-жеке таныстырамыз. Сөйте отырып А.Байтұрсынұлының дыбыспен жаттықтыру әдісін орындаймыз. Қай


сыныпта болсын, бұл деңгейде мұғалімнің қызметі бірінші орында тұрады. Яғни, мұғалім айтылым және жазылым әрекеті арқылы тірек сызбаларды басшылыққа алып, теориялық материалдың алғашқы нұсқасқаларын бірінші сыныпта ауызша, екінші сыныптан бастап жазбаша сатылап талдату арқылы білімді оқушылардың дағды арқылы саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді. Онда білім алушылар біріншіден, сауатты жазып, оқып, айтуға дағдыланады; екіншіден, материалды жүйелі түрде түсініп, ғылыми тілде баяндауға машықтанады.



Екінші деңгей. Екінші деңгейде тіл білімі салаларын қысқаша талдау, ауызша толық баяндау. Бұл деңгейде тыңдалымға ерекше мән беріледі. Өйткені алдыңғы деңгейде оқушылар жазылым бойынша жуан, жіңішке, аралас буынды сөздерді сөзсазындық талдауға жаттықса, екінші деңгейден бастап оқушының іс-әрекетіне басымдық беріледі. Мұнда мұғалім бағыттаушы, көмекші қызметін атқарады. Себебі, қазіргі балаларда алаңдаушылық басым, ойлары шашыраңқы, зейіндері тұрақсыз. Сондықтан бұл технология зейінді тұрақтандыруға көп көмектеседі. Оқушылар сыныптастарының жауаптарын мұқият тыңдау, ондағы жіберілген қателіктерін дер кезінде аңғару, оны сауатты түрде түзету сияқты іс-әрекеттерге

машықтанады. Әдеттегі сабақтарда бұл мәселелер жауап беруші оқушыға ғана қажетті болып көрінетін. Себебі дәстүрлі оқыту жүйесінде белгілі бір мәселеге әр оқушы өз түсінігі, өз тұжырымы бойынша жауап береді. Ал, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында әр пәннің тірек сызбалары бойынша жүйелі, сауатты, ғылыми тілде баяндау талап етіледі. Бұл – технологияның басты қағидаларының бірі.


Сонымен қатар мұндағы көзделген мақсат – оқушылардың ұқсас ұғымдарды жинақтау, айырмашылықтарын ажырата білу, жекеден жалпыға көшу әрекетін жүзеге асыра алу, ой ұшқырлығына баулу, танымдық дүниесінің баюына жол сілтеу.



Үшінші деңгей. Үшінші деңгей – ықшамдау принципімен өрнектеу. Бұл деңгейдегі көзделген мақсат – оқушылардың ұқсас ұғымдарды жинақтау, айырмашылықтарын ажырата білу, жекеден жалпыға көшу әрекетін жүзеге асыра алу, ой ұшқырлығына баулу, танымдық дүниесінің баюына жол сілтеу.

Төртінші деңгей. Төртінші деңгей – белгісіздікпен өрнектеу. Мұнда оқушылар алдыңғы игерген білім, білік дағдыларын жинақтаумен қатар шартты белгілермен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін сауатты меңгеру және өз беттерінше жұмыс жасау барысында іскерлік дағдысы қалыптасады.

Сөзсазындық талдауды белгісіздікпен өрнектеу, сатылай кешенді талдау



Бесінші деңгей – диалогті талдау. Бесінші деңгейде оқушылар талдау арқылы аңғарымпаздыққа, жауап беріп тұрған оқушыны мұқият тыңдауға, ойын әрі қарай жалғасытырып кетуге машықтанады. Талдау үлгілері ауызша орындалады, мұндағы іс-әрекет көбінесе ұлттық ойындар (арқан тарту, ормал тастамақ, көкпар, бестас, т.б.) жүр-

гізіледі. Сонымен қатар бұл деңгейде білім алушылар тіл білімі салаларын талдаудың тізбекті, диалогті, кері талдау үлгілерімен де жұмыс жасайды. Төменде елдің сөзіне диалогтік сөзсазындық талдау үлгісін ұсынып отырмыз.

– Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу, жолдарына қарай қандай буынды сөз?

– Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу,

жолдарына қарай – жіңішке буынды сөз.

– Неге?

– Себебі, сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар жіңішке дауыстылар.

– Бұл сөз неше буынға бөлінеді?

– Бұл сөз ел-дің болып екі буынға бөлінеді.

– Неге?

– Себебі, сөздің құрамында екі дауысты дыбыс бар.

– Ел буыны қандай буын?

– Ел буыны – тұйық буын.

– Неге?

– Себебі, буын дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталып тұр.

– Дің буыны қандай буын?

– Дің буыны – бітеу буын.

– Неге?

– Себебі, буын дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталып тұр.

– Буын дегеніміз не?

– Буын дегеніміз – сөздегі фонациялық (дыбыс жасайтын) ауаның қарқынымен үзіліп, бөлшектеніп шығатын бір дауысты немесе бірнеше дыбыс тобы.

– Бұл сөз қалай тасымалданады?

Бұл сөз:

ел	- болып бір жағдайда
дің	тасымалданады.

– Неге?

– Себебі, сөз екі буыннан тұр немесе сөз буын жігіне сәйкес тасымалданған.

– Тасымал дегеніміз не?

– Тасымал дегеніміз – жазып келе жатқанда сөз жолға сыймай қалса, тұтас бір я бірнеше буынды екінші жолға көшіру. Ондай жағдайда сөздің соңғы буындары дефис (-) арқылы тасымалданады.

– Бұл сөзде екпін қайда түседі?

– Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буына қарай ығысып отырады. Сон-

дықтан бұл сөзде екпін дің буынындағы і дауысты дыбысына түсіп тұр.

– Екпін дегеніміз не?

– Екпін дегеніміз – сөз ішінде бір буынның (дауысты дыбыстың) басқа буындардан ерекшеленіп айтылуы.

– Сөзде буын үндестігі бар ма?

– Сөзде түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігі бар.

– Дәлелдеңіз?

– Себебі, түбір сөз ел жіңішке болғандықтан, оған жалғанатын қосымшаның да (-дің) жіңішке нұсқасы келіп тұр. Сондықтан біз оның (-дың) жуан нұсқасын алмаймыз.

– Буын үндестігі дегеніміз не?

– Буын үндестігі (сингармонизм) дегеніміз – сөздің соңғы буынының жуан жіңішке болуына қарай қосымшалардың түбірге бірыңғай жуан не жіңішке болып жалғануы.

– Сөзде дыбыс үндестігі бар ма?

– Сөзде дыбыс үндестігі, түбір мен қосымшаның арасында ілгерінді ықпал бар.

– Дәлелдеңіз?

– Себебі, түбірдің соңғы дыбысы л үнді болғандықтан өзіне жалғанатын қосымшаның алғашқы дыбысының д ұяңнан басталуын талап етіп тұр.

Сондықтан біз оның қатаңнан басталатын (-тің) нұсқасын алмаймыз.

– Дыбыс үндестігі дегеніміз не?

– Дыбыс үндестігі дегеніміз – түбір мен қосымшаның жігіндегі, сөз бен сөздің арасындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың көршілес дауыссыз дыбыстардың ілгерінді-кейінді ықпал етіп өзгеруі. Дыбыс үндестігінің үш түрі бар: ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал.

Алтыншы деңгей. Жат жазу. Мақсат

– оқушылардың сатылай кешенді талдау арқылы меңгерген білімдерін жатқа жаздыру. Сол арқылы әр оқушының теориялық материалды тиянақты меңгергендігін анықтау, орфографиялық,

пунктуациялық сауаттылық деңгейінің қаншалықты артқандығына көз жеткізу. Мұнда тапырма әр оқушыға жеке-жеке беріледі. Оны оқушылар жазбаша орындайды. Оқушылардың дағды арқылы санасында сауатты тұрақталған білім жазбаша орындауда оларды мұқияттылыққа, көркем жазуға бейімдейді. Бұл деңгейді ендіруге Алаш зиялысы Ж.Аймауытовтың мына бір тұжырымы түрткі болды: «Жадқа алудың талай әдістері бар, олардың кейбірі мақсұтқа жеткізеді, кейбірі жеткізбейді. Жай пысықтап, қайталап, ережені түбірлей беру жақсы әдіс емес, жақсы әдіс оны талдау, тексеру, ойлай білу. Мәселен, ережені түбірлей беру жақсы әдіс емес, жақсы әдіс оны талдау, тексеру, ойлай білу, содан кейін «жай пысықтап, қайталап» деген толықтырғыш бөлімін қосу керек. Жаттату сонда керек болады. Енді ол ережені оңай ұғады. Жабайы жаттағаннан гөрі миға тереңірек қонады» (4-том, 138-б).

Жетінші деңгей. Уақытқа талдау. Уақытқа талдаудың басты қағидалары – әр сөйлемді, сөзді, дыбысты сауатты талдау, анық, айқын айтуға дағдыландыру. Егер алдыңғы деңгейлерде жұмыс сауатты, тиянақты, ширақ, жігерлі жүргізілетін болса, бұл деңгейдегі талдау өз нәтижесін береді. Тез, әрі қатесіз талдап үйренген бала уақытқа талдау кезеңін қызыға орындайды. Уақыт мерзімінен шығу мұғалімнен талдауды жүйелі, үздіксіз жүргізіп отыруды талап етеді. Тіл білімінің барлық саласын өте жыл-

дам талдайтын бала – 7 минут; жылдам талдайтын бала – 10 минут баяу талдайтын бала – 15 минутта талдайды. Ал, оны мұғалім іштей өте жылдам 5 минут; жылдам 7 минут: баяу – 10 минутта талдап тұрулары қажет.

Сегізінші деңгей. Компьютерлік талдау. Бүгінгі таңдағы мектеп оқушылары білімді нақты, қысқа, ақпараттық технологиямен алуды мақсат етеді. Сондықтан мұғалімдерге өмірдің ағымынан қалмай сабағын компьютермен оқытуды жолға қоюы тиіс. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен білім алған әр оқушының компьютермен жұмыс жасау машықтығы қалыптасады. Компьютерді ойын немесе қажетсіз ақпараттармен емес, мақсатты түрде нағыз оқу құралына айналдырады. Мүмкіндігіне қарай екінші деңгейден бастап компьютерлік талдауды енгізе беруге болады. Бұл білім алушылардың ақпараттық құралдармен сауатты әрі жылдам жұмыс жасау машығын қалыптастырады. Талдап отырған сөйлеміне, сөздеріне қажетті материалдарды ақпарат көздерінен алуға дағдыланады. Біз бұл деңгейге әлі де толық қол жеткізе алмай келеміз. Алматы қаласындағы жасаған тәжірибелік жұмыстарымызда бұл деңгейге қол жеткізе алған едік. Оның нәтижесінде оқушыларымыз жыл сайын зертханалық жұмыстар бойынша жинақ шығарып отырды. Бөмендегі талдау үлгілері компьютерлік талдау бойынша орындалатын жұмыстар.

Дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеу, дыбыстық мінездеме беру

Берілгені: Қалды, гүлдер, емхана = О = □ / Δ = ?

Шешуі: Қалды, гүлдер, емхана = 17о = 7(3а,ы,ү,2е) □ / 10 (қ,2л,2д,г,р,м,х,н)Δ

<p>□</p> <p>а) 7□ = 4(3а,ы)□ / 3(ү,2е)□</p> <p>ә) 7□ = 3(3а)□ U 2(2е)□ / 2(ы,ү)□</p> <p>б) 7□ = 1(ү)□ / 6(3а,ы,2е)□</p>	<p>Δ</p> <p>а) 10Δ = 2(қ,х)Δ U 3(2д,г)Δ / 5(2л,р,м,н)Δ</p> <p>ә) 10Δ = 4(қ,2д,г)Δ U 1(х)Δ / 1(р)Δ U 2(2л)Δ U 2(м,н)Δ</p> <p>б) 10Δ = 2(қ,х)Δ U 4(2л,р,н)Δ U 2(д)Δ U</p>
---	---

Тоғызыншы деңгей. Тест. Тест – оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың тиімді әдісі. Тест жұмысын ұйымдастыруда дидактикалық шарттар дұрыс орындалып отыру керек. Тесттің түрлері көп, оны біздің технологиямыз-

дың талаптарына сәйкес келетін түрін мұғалім өзі таңдайды. Мұғалімдер көбіне ашық тест алуға жұмыстанады. Мұнда оқушыларды сауатты, жан-жақты жауабы ескеріледі. Оның қысқаша үлгісін ұсынайық:


Білімдарлығының

1. а) Аралас буынды сөз
ә) Жіңішке буынды сөз
б) Жуан буынды сөз
2. а) 7 буынды сөз
ә) 6 буынды сөз
б) 8 буынды сөз
3. а) 3 бітеу, 4 ашық буын
ә) 3 ашық, 3 бітеу буын
б) 3 ашық, 3 тұйық буын
4. а) Тасымалданбайды
ә) Тасымалданады
б) 1 буынды сөз
5. а) 5 түрлі жағдайда тасымалданады
ә) 4 түрлі жағдайда тасымалданады
б) 6 түрлі жағдайда тасымалданады
6. а) Екпін -ғы буынындағы ы дауысты дыбысына түсіп тұр
ә) Екпін -ның буынындағы ы дауысты дыбысына түсіп тұр
б) Дұрыс жауабы жоқ
7. а) Буын үндестігі бар
ә) Буын үндестігі жоқ
б) Қосымшасыз сөз
8. а) Дыбыс үндестігі, түбір мен бірінші қосымшаның, бірінші қосымша мен екінші қосымшаның, екінші қосымша мен үшінші қосымшаның, төртінші қосымша мен бесінші қосымшаның арасында ілгерінді, үшінші қосымша мен төртінші қосымшаның арасында кейінді ықпал бар
ә) Дыбыс үндестігі, түбір мен бірінші қосымшаның, бірінші қосымша мен екінші қосымшаның, үшінші қосымша мен төртінші қосымшаның, төртінші қосымша мен бесінші қосымшаның арасында ілгерінді, екінші қосымша мен үшінші қосымшаның арасында кейінді ықпал бар.
б) Дыбыс үндестігі жоқ.


9. Сөздегі дыбыстың саны:
 а) 14
 ә) 15
 б) 16
10. Дауысты дыбыстар:
 а) 8
 ә) 6
 б) 7
11. Жуан дауыстылар:
 а) 5
 ә) 3
 б) 4
12. Жіңішке дауыстылар:
 а) 2
 ә) жоқ
 б) 1
13. Ашық дауыстылар:
 а) 1
 ә) 3
 б) 2
14. Жартылай ашық:
 а) 1
 ә) 2
 б) жоқ
15. Қысаң дауыстылар:
 а) 5
 ә) 6
 б) 8
16. Еріндік дауыстылар:
 а) 3
 ә) жоқ
 б) 2
17. Езулік дауыстылар:
 а) 5
 ә) 6
 б) 7
18. Дауыссыз дыбыстар:
 а) 9
 ә) 10
 б) 8
19. Қатаң дауыссыздар:
 а) 3
 ә) 1
 б) жоқ
20. Ұяң дауыссыздар:
 а) 2
 ә) жоқ
 б) 1
21. Үнді дауыссыздар:
 а) 8
 ә) 6
 б) 7
22. Шұғыл дауыссыздар:
 а) 2
 ә) 4
 б) 5
23. Ызың дауыссыздар:
 а) 3
 ә) 1
 б) жоқ
24. Діріл дауыссыздар:
 а) 1
 ә) жоқ
 б) 2
25. Ауыз жолды дауыссыздар:
 а) 2
 ә) жоқ
 б) 1

Оныншы деңгей. Шығармашылық – бұл адамның өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Шығармашылық – адам бойындағы қабілеттерін дамытып, адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі дамытуына көмектеседі. Бұл деңгейге негіз болған Ж.Аймауытовтың мына тұжырымы: «...мұғалім машықтанған жұмысын ғана істей білетін жай шебер емес, шығарғыштық қуаты бар өнерпаз екенін ұмытпасын. Адамның жетілуіне де, бойына сіңірген жақсы дағдыларын

сақтауына да себеп болатын – еңбек. Талапсыз, еңбексіз ілгері басу жоқ. Ілгері баспаған адам бір орында қалмақ емес, кейін кетпек, өйткені өмір – жарыс». Бүгінгі таңда еліміздің әр өңірінде аталмыш технологиямен бірнеше жылдан бері үздіксіз еңбек етіп, шығармашылық деңгейге жеткен мұғалімдеріміз бар. Олардың алдарынан қаншама шәкірттер білім нәрімен осы технология арқылы сусындап, өмірде өз орындарын адаспай табуда. 2005-2010 жылдар аралығына оларды біз мына төмендегідей мұғалімдер болады деп болжаған едік.



Ал бүгінгі таңда олар:



Қорыта келе айтарымыз, олар осы технология арқылы оқушыларға терең білім бере жүріп, өздері де кәсіби жағынан өсіп, педагогикалық шеберліктерін шыңдай түсуде. Сол мұғалімдеріміздің шығармашылық жетістіктері мен оқушыларға берген білімдерінің нәтижесіне көз жеткізген соң, басқа пән мұғалімдерінің де технологияға қызығушылықтары артты. Бүгінгі таңда бірінші сыныптан қазақ тілінен бастау

алған жұмысымыз он пән бойынша жүріп жатыр. Осы арқылы мұғалімдер арасында әріптестік қарым-қатынас орнап, балалардың бір технология арқылы білім алуы оң нәтижесін беруде. Сонымен қатар оқушылардың білімге деген қызығушылығымен қатар, оқу сапасының артуы да жылдан-жылға өз нәтижесін беріп келеді. Оған дәлелел оқушылардың олимпиададағы жеңістері, ҰБТ-дағы көрсеткіштері.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ж.Аймауытов. 4-том. – «Ғылым» баспасы, – Алматы, 1998. – 446 бет.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. –Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
3. Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту. П.ғ.д.дисс...автореф. 13.00.01.–Алматы: ҚазҰПУ, 2006. – 50 б.
4. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (фонетика, лексика). Оқу құралы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 75 б.
5. Оразахынова Н.А. т.б. Фонетикалық материалдарды сатылай комплексті талдау (Оқу құралы). –Алматы: РБК, 2001. – 72 б.
6. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (синтаксис). Оқу құралы. –Алматы: Ғылым, 2002. – 110 б.
7. Оразахынова Н.А. т.б. Сатылай комплексті талдау (фонетика, сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис). Оқу құралы. –Алматы: Телеарна, 2006. – 302 б.
8. Н.А.Оразахынова. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. –Алматы: «Дайыр» баспасы, 2007 ж. – 289 б.

Н. А. ОРАЗАХЫНОВА¹, ЗУЛМИРА ЖАУБАЙҚЫЗЫ²

ТЕХНОЛОГИЯ «ПОШАГОВОЕ ИНТЕГРИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ» – ЭФФЕКТИВНЫЙ СПОСОБ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ

¹ доктор педагогических наук, профессор
автор технологии «Пошаговое интегрированное обучение»
г.Нур-Султан, Казахстан

²Научный сотрудник Института образования
министерства образования и науки Монголии
г.Улан-Батор, Монголия

Н. А. ORAZAKHYNova¹, ZULMIRA ZHAUBAYEVNA²

Проводились концертные программы «Масленица», «Наурыз», праздники (национальные обряды и праздники). Целью данных мероприятий являлось способствование распространению и сохранению национальной культуры, формирование у воспитанников патриотических чувств уважение к культуре и традициям своего народа и родному языку. В концертных программах принимали участие дети подросткового возраста. В программу были включены народные песни и танцы, викторины. Мероприятия имели направленность на различные социально значимые нормы и ценности. Концертные программы предполагали создание атмосферы успеха и праздника - что очень важно для детей данного возраста. Творческие навыки подростков развивались не только в процессе самого концерта, но и на этапах организации. Также очень важна эмоциональная составляющая. На празднике ребята помимо того, что представили родителям, друзьям то, чему научились. В финале был произведен и вынос праздничных угощений. Это своеобразное поощрение для детей за их старания. Подросткам требуется смена деятельности. Дети подросткового возраста: нуждаются в создании собственного мира, происходит бурное развитие фантазии. С этой целью после концертных программ испытуемые решали творческие задания на развитие творческих способностей.

В рамках приобщения подростков к ценностям народной художественной культуры, проведена выставка декоративно - прикладного творчества. На выставке были представлены куклы в костюмах разных народов мира. Каждый экспонат ученик представлял сам, и рассказывал о нем лично. Всего участников выставки – 10 человек. По завершению выставки испытуемые должны были решить задачу, направленную на развитие творче-

ского потенциала. С помощью атрибутов казахского и русского народных костюмов, и собственной одежды, испытуемые должны были создать современный костюм девушки и молодого человека. Данная творческая задача способствовала развитию их креативных навыков, способность преобразовать стандартный объект. Народное декоративно-прикладное искусство, как часть художественной культуры позволило открыть широкий простор для творчества и развития творческого потенциала испытуемых, народное художественное творчество делает их жизнь нравственно стабильнее и духовно богаче.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Проблема развития творческого потенциала подростков в процессе приобщения к ценностям народной художественной культуры в современных условиях, где повышается количество детей, имеющих проблемы в воспитании, достигли небывалых масштабов, выходя на первый план. Решение этой проблемы возможно только в том случае, если этим будут заниматься все слои общества и государства. Данная проблема, представляет серьезную угрозу не только общественной безопасности, но и индивидуальному благополучию подростков.

Эффективность развития творческого потенциала подростков напрямую зависит от созданных условий, обеспечивающих эффективность данного процесса, помогающих развивать в личности подростка мотивацию к успеху, творческое воображение мышление, организаторские способности, позволяющие ему успешно функционировать в современном обществе, а также формировать профессиональные компетенции.

Проведенное исследование дает основания считать, что представленные в нем положения открывают новое направление научных исследований,

в рамках которого необходимо вести дальнейшее изучение и теоретическое осмысление: условий подготовки работников культуры к организации развития

творческого потенциала в разных учреждениях на основе народного художественного подхода.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Государственная программа «Культурное наследие» // Республика Казахстан, 2004г.
2. Стратегия развития духовно-нравственного воспитания личности в Республике Казахстан в условиях обновления содержания образования. Электронный ресурс: <https://nao.kz/blogs/view/2/194>
3. Концептуальные подходы к развитию дополнительного образования детей в Республике Казахстан. Электронный ресурс: http://aqtoedu.gov.kz/public/files/2019/4/10/100419_114127_konceptualynye-podhody-po-dopolnitelynomu-obrazovaniyurusyaz.pdf
4. Габитов Т.Х. Культурология // Учебник для вузов и колледжей // Алматы: Паритет, 2001. – с.195
5. Педагогический энциклопедический словарь // Бим-Бад Б.М., 2002. С. 466

В.Г.ХЛЫСТУН

ХАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫН ДАМУҒА ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
Петропавл қ., Қазақстан*

V.G. KHLYSTUN

PEOPLE'S ART CULTURE AS A MEANS OF DEVELOPMENT OF CREATIVE CHILDREN'S POTENTIAL

*North-Kazakhstan University named after M. Kozybaeva
Petrovavlovsk, Kazakhstan*

Аңдатпа. Мақала жасөспірімдердің бос уақытын өткізудегі халықтық өнер мәдениетінің жоғары рөліне арналған. Халық шығармашылығы мәдениетінің құралдарына негізделген бос уақытты өткізу кешенін жүзеге асыру шығармашылық ойлау іс-әрекетін, шығармашылық шеберлікті іс жүзінде меңгеруді, интуицияны, шығармашылық қиялды дамытады.

Түйін сөздер: жасөспірімдер, мәдениет, халық мәдениеті, бос уақытты өткізу

Abstract. The article is devoted to the high role of folk art culture in the leisure activities of adolescents. The implementation of leisure activities complex based on folk art culture stimulates the development of creative thinking, mastery of creative skills, intuition, creative imagination.

Keywords: adolescents, culture, folk culture, leisure activities

FTAMP 14.09.25

Ш.Т. ТАУБАЕВА*ӘЛ-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан***ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ОРДАСЫ -
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БІЛІМ
АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ЖАЙЛЫ ПАЙЫМДАР*****Ғылымға апарар баспалдақ***

Бала кезден арманым ғалым болу еді десем, жалған болар. Оқу мен білімге деген құштарлық еріксіз ғылымға алып келді ғой. Абай атындағы Қазақ педагогика институтында аспирантурада оқыған жылдарым маған ыстық. Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Райхан Ержанова кафедра меңгерушісі ретінде аспиранттардың ғылыми жұмыстарын сапалы орындауына көңіл бөлетін. Осы тұста кафедра доценті Надежда Дмитриевна Хмельдің әдіснамалық құзыреттілігін айтқым келеді. 1973 жылы Халықаралық жас ғалымдар семинары Бакуриани, Тбилиси қалаларында өтеді екен, соған қатыстыруға біздің институттағы аспиранттардан мені таңдап, Надежда Дмитриевна бірнеше күн мені әр қырынан дайындады. Ғалым-ұстаздың білімі мен шеберлігіне тәнті болдым. Сол жолы атақты Ю.К.Бабанский, Х.Й.Лийметс, А.И. Пискунов, В.В. Краевский, В.С.Ильин, Б.П. Битинас сияқты ғалымдарды алғаш көріп, дидарласу бақытына ие болдым.

Жалпы, қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетін дәстүрлі ғылыми мектептері қалыптасқан оқу орны ретінде құрметтеуге болады.

Мектепте қазақша оқыдым, ауылда өстім. Сондықтан, алғашқы ғылыми тақырыбымды қазақша бекіттіріп, қазақша жаздым. Жастық жігер мен

құлшыныстың арқасында жұмысымды да бітірдім. Бірақ, сол кезде жаңадан шыққан талап бойынша ғылыми диссертациялар орысша қорғалу қажет болды. Қазақ тілінің аясын тарылтқан кеңестік жүйенің идеологиясы өз талабын осылайша орындап отырды ғой. Жүз жерден жұмысың керемет болса да, қазақ тілінде орындалғандықтан, жолы жабылады. Ғылымды қазақша жазам деген патриоттық сезіміме осылайша үлкен тосқауыл қойылды. Мақсатқа жетем деген адамға орыс тілі сөз боп па деп, өзімді қамшылап, жұмысымды орысшаға аудардым. Бірақ, барлық нәрсе сәтті бола бере ме? Орысшаға аударылған соң, жазған диссертациям мүлде өзіме ұнамай қалды. Мен мұндай жұмысты қорғамаймын деген шешімге келдім.

Орталық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында он жылдай әдіскер, кабинет меңгерушісі болып қызмет атқардым. Гуманитарлық пәндерді оқыту, озат тәжірибені ендіру мәселелерімен айналыстым. Республика көлеміндегі мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесі мен шеберлігін шыңдаудың қайнаған қазанында жүру – менің үлкен бақытым. «Үйрете жүріп, үйренеміз» деген Сенеканың сөзі сияқты, бұл мендегі тәжірибелік алтын қордың жинақталуына мүмкіндік берген жылдар болды. Жалпы, қазіргі Республикалық

педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтында қызмет атқарғандардың көбі – бұл күнде білім саласындағы көрнекті қайраткерлер. Орталық институтқа Т.И. Шамова, П.В. Худоминский, Ю.К. Бабанский сияқты ғалымдар да келіп дәріс оқыды, олармен аразамызда тығыз шығармашылық байланыс орнады. Мұның бәрі менің ғылымға жаңа деңгейде қайта оралуыма алып келді.

Осында жүргенде Мәскеуге барып қайта аспирантурада оқудың сәті түсті. 1985-1988 жылдар аралығында КСРО Педагогикалық ғылымдар академиясының құрамындағы Жалпы педагогика ғылыми-зерттеу институтының (қазіргі теориялық педагогика ҒЗИ), Озат тәжірибені жинақтау және ендіру зертханасында диссертация дайындау арқылы ғылымда тағы бір сатыға көтерілдім деп ойлаймын. Ғалымдар ерекше құрметтейтін «Мәскеу мектебі» менің де теориялық білімімнің іргетасын берік етті деп айтуыма болады. Себебі, мен олардың білімі мен ілімін қабылдадым. Атақты ғалымдар С.И. Архангельский, З.А. Малькова, В.М. Полонский, В.С. Шубинский, Н.Д. Никандров, Б.С. Гершунскийлердің дәрісін, ғылыми кеңестерін тыңдадым. Бұлар кезінде КСРО педагогикалық ғылым академиясы атанған Ресей білім академиясының «корифейлері», яғни, ғұлама ғалымдары.

Педагогикалық Ғылымдар академиясының Жалпы педагогика институтының аспирантурасының сыртқы бөліміне (1985-1989 жж.) оқуға түстім. Министрлік пен институт басшылары осылай болғанын қалады, ал өзім маған сенген басшылардың сенімін қалайда ақтауым керектігін ұқтым. Педагогикалық Ғылымдар академиясының Жалпы педагогика институтының аспирантурасында оқыған тұста Халыққа білім беру министрі

Балахметов Қажамет Балахметұлы, оның орынбасарлары **Азисханов Жантілеу Нұршайұлы**, **Әбдікәрімов Болат Әбдікәрімұлы**, **Беркімбаева Шамша Көпбайқызы**, институт басшылары мен танымал ғалымдар үлкен қолдау көрсетті.

Сонымен, мені ғылыми өндіріске қосқан – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Педагогикалық Ғылымдар академиясының Жалпы педагогика институтының ұжымы болды. Ғылыми жетекші – педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Турбовский Яков Семенович**. Мен үшін барлық зертханалардың есігі ашық, әсіресе, **Исаак Яковлевич Лернердің** рұқсатымен дидактика зертханасына барып, оның аспиранттарымен кеңес жүргізу сәттеріне қатысу бақытына ие болдым. Ендігі зерттеу тақырыбы – озат тәжірибемен байланысты алынды. Сол кезде Орталық институтта да дәл осы мәселе төңірегінде белсенді жұмыс жүріп жатты. Менің ғылыми жұмыс бағытымды Оқу министрлігі мемлекеттік деңгейде қолдағандықтан зерттеу табысты жүргізілді десем болады.

Ғылым зертханасында...

Мен ғылымға шындап бет бұрған соң, Орталық институт директоры **Леонид Иванович Гусев** министрдің орынбасары **Виктор Кузьмич Сидоровпен** кеңесіп, мені **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ыбырай Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдарының ғылыми-зерттеу институтына (қазір – Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)** жұмысқа ауыстырды, олар: «сен енді ғылыми ортада болуың керек» деп, өздері жаңа жұмысқа алып барды. (1986-1998 жж.). Институтта – кіші, аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің ғалым хатшысы болып істедім.

Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институтына директор болып педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент **Абаева Никара Бәкірқызының** тағайындалуы институт өміріне жаңа демократиялық серпіліс, ұжымдық рух, адамдар арасындағы ізгілік қарым - қатынасты орнатты. Өзінің әділдігімен, қарапайымдылығымен, елгезектігімен ғылыми қызметкерлерге үлгі - өнеге бола білді. Ғылыми-зерттеу институтының директоры **Абаева Никара Бакировна**, бөлім меңгерушісі - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент **Колесниченко Людмила Ильинична** ғылыми қызметкерлерге нақты жағдайлар жасап, үнемі қолдау көрсетті, сөйтіп менің ғылыммен айналысуыма кең жол ашылды.

1993 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы Педагогика Ғылымдарының ғылыми-зерттеу институты Ыбырай Алтынсарин атындағы Қазақ білім проблемалары институты болып қайта құрылған болатын. **1993-1998 жылдары Ыбырай Алтынсарин атындағы Қазақ білім проблемалары институтына** (қазір - Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы) химия ғылымдарының докторы, профессор, институт директоры **Немеребай Нұрахметұлы Нұрахметовтың** шақыруымен қайта оралып, ғалым хатшы, директордың ғылым жөніндегі орынбасары қызметтерін атқардым. Бұл тұста нақты ғылымдардың эксперименттері мен олардың ғылыми-теориялық логикасын түсінуге мүмкіндік алдым. 1994 жылы Н.Н. Нұрахметов маған: «Докторлық диссертацияңызды ойластырыңыз, тақырыбыңызды бекітейік», - деп тапсырма берді, мен де осы ұсынысты өз тарапымнан үлкен іждаһатпен орындап шықтым және сонымен қатар, ғылыми қызметкерлердің, аспиранттардың әдіснамалық семинарларын жүргіздім. Осы кезеңде Қазақстан Республикасы

Үкіметі 1996 жылы 26 қыркүйекте №1173 қаулысымен бекіткен «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендер даярлаудың мақсатты бағдарламасын» жүзеге асыруға белсене араластым.

1997 жылы институт директоры болып белгілі ғалым, филолог, этнограф **Ақселеу Сланұлы Сейдімбек** тағайындалды. Ол ғалыммен екі жылдай қызметтес болдым, аса ұлтжанды, қазақтың шежіресін, тарихын, мәдениетін терең білетін кісі еді. Сол себепті де, Ақаңның дәрісін не әңгімесін бір сағат тыңдасам, бір академия бітіргендей әсер алатынбыз. А.С. Сейдімбек Ыбырай Алтынсарин атындағы Қазақ білім проблемалары институтын **Ыбырай Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы етіп** қайта құруға атсалысты және өзі оның алғашқы президенті болды. Академияның мәртебесі жоғарылап, құрамында бірнеше институттар ашылды. Жаңа буын докторлары қызметке келді. Дәл осы сәтте 1997 жылы педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Григорий Абрамович Уманов** институтқа келіп, маған «Енді сенің докторлық қорғайтын уақытың келді, қызметіңді өткіз де, докторантураға кел, өзім жетекшілік етемін», - деді. Мен, әрине, докторантураға түсу жолын іздестірдім, бірақ ол жылы бос орын болмады, келер жылға дейін дайындалып, Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының докторантурасына түсіп оқыдым.

Докторантурада жүргенде және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қызметте те болсам да, мен Академиядан қол үзген жоқпын. Олай дейтінім, педагогикалық зерттеулерді үйлестіру Орталығының жасаған жұмыс нәтижелерін 2010 жылы жарық көрген «Педагогика мен психология саласындағы диссертациялар»

(авторлары – А.Қ. Құсайынов, Ы.А. Нәби, Ш.Т. Таубаева) атты көлемі 10 баспа табақтан асатын кітапта жинақтадық. Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ ұлттық білім академиясының президенті Балықбаев Такир Оспанұлының жетекшілігімен 2008-2011 жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Педагогикалық ой-сана» кітабының 8-томын құрастыруға қатыстым.

Үйрене жүріп үйрету – ғылыми жұмыс кредосы

Нағыз ғалым ғылыми ортада жетіледі, ғылыми ортада шыңдалады. Ол үшін кәсіби тұрғыда ғылыми қарым-қатынас қажет. Ғылыми пікірталасқа да үйрену көп жетілдіреді. Ғылымда: жариялылық, тіл табысушылық, өзара көмек деген үштік одақ болғанда ғана, ол еркін дамиды.

Ресей ғалымдарынан көріп келген жаңалықтарымды институтта әріптестермен бөлісуге тырысатынымын. Сырттан ғалымдар шақырып, пікірлестіріп, семинарлар, конференциялар ұйымдастыру арқылы ғылыми жаңалықтарды қабылдау, салыстыру, жаңалыққа жетелеу деген мәселелерге қолжеткіздік қой деген ойдамын. Мысалы, Ресейлік жаңашыл педагог В.Ф. Шаталов математиканы оқытуда дидактикалық бірліктерді ірілендіру тәжірибесімен бөліссе, педагогика ғылымдарының докторы Д.Ш. Матрос білім мазмұнын ақпараттандыру, педагогика ғылымдарының докторы В.И. Журавлев ғылым мен практиканы байланыстыру, психология ғылымдарының докторы В.В. Давыдов дамыта оқыту теориясын, оқу пәнін құру теориясының авторы И.К. Журавлев білім мазмұны жөнінде ғылыми ойларын ортаға салды. Сұрақтар қойылып, талқылаулар болды. Бұл біздің ғалымдарға серпіліс әкелді.

Ғылыми зерттеу институтында қызмет етіп жүрген тұста, еліміздің нарыққа енген кезеңі ғалымдарға ауыр тигені

рас. Сол жылдары қолдан келгенше ғылыми ортаны таратып алмауға күш салдық. Қиын кездің өзінің адамдарды жақындастыратын, бауырластыратын психологиялық мүмкіндіктері болады. Әріптестеріміздің ғылымнан кетіп қалмауы үшін, ізденушілерді қорғауға мүмкіндік жасадық. Өзара көмекті аямай, ынталандыра, жігерлендіре жүріп, 50-ден аса диссертация қорғаттық. Осы күні сол кездердегі патриоттығымызды қуана еске аламыз.

Ғылыми ортаның, ғалымдардың ортақ қызығушылықтары рухани құндылықтардан тұрады. Бұлар ғылымды байлық, қазына санайды, киелі көреді. Әйтпесе, ғылым дамымайды, өрістемейді. Ғылымнан сырт адамдарға ғалымдардың ісі «қожанасырлық» боп көрінуі мүмкін. Бір кездері елдің көпшілігі жеке саудаға, бизнеске кеткенде, ғалымдар тиын санап отырып, ғылыммен айналысты. Шынымен, материалдық құндылықты басты мәселе деп таныса, басқа көп ақша төлейтін жұмысқа кетер еді ғой.

Жалпы, менің ойымша, педагогика ғылымы – білім мен ғылымның алтын көпірі. Оның негізі ізгілік пен мәдениеттен тұрады. Жаны таза, рухани дүниесі бай, жоғары адамгершілік пен биік мәдениетті мұрат тұтқан адам ғана педагогика ғылымынан орын таба алады. Мұғалімдікке кездейсоқ келу сияқты, педагогика ғылымына да кездейсоқ келген адамдар диссертация қорғап, ғалым атанғанымен, одан ғылымға қосылар еш пайда жоқ. Керісінше, ондайлар ғылымның беделіне нұқсан келтіреді.

Ғылыми-зерттеу институтында істегенімде, мен әріптестерімді көп білгені үшін, өз саласының нағыз маманы болғаны үшін ерекше құрметтедім. Расында, басқару күрделі де... Себебі, ғылымда егер кіші ғылыми қызметкер керек мәселені білсе, сол сәтте ол бәрімізді басқарады. Ал енді ғылыми

жұмысты жоспарлау, ұйымдастыру, нәтижесін үйлестірудің өз алгоритмі бар. Оны сол институттың тәжірибелі ғалымдарымен ақылдаса отырып, өздерін қатыстыра жүріп іске асырдым. Ғылыми жұмысқа тек ақыл аздық етеді, сол ақылды керегіне дәл уақытысында өз ретімен пайдалану да керек. Ғылымдағы “оқушылар” сені бірте-бірте тез түсініп, кейде тіпті сенің ойлағаныңнан да жоғары сапада жасап әкеледі, ал кейде тапсырманың күрделілігінен мен олармен қатар өзім де даярлап көремін, сосын бәрінің басын жиып, келісті ой тұжырымдарын құрастыратынбыз.

Егер орындаушыны үйретпесен, құр басқарып отырғаннан пайда жоқ, өзің қиналасың: әрі орындауға, әрі басқаруға тура келеді. Үйренушің мықты болса, басқару да аса қажет емес. Кейбір қызметкерлерімізді жоғары мемлекеттік орындарға сұрап алып кеткенде, іштей қуанғанмен, үйреткен еңбегің институттан тысқары кетіп қалғанына қынжылатын сәттер де болатын. Ғылыми қызметкерлердің мәртебесін зерттеушілер аз. Әйтпесе, ғылыми қызметкер – әмбебап жұмыскер. Барлық салаға, кез келген деңгейге ыңғайланып, түсініп әрі қарай жұмысты алады да кетеді. Екіншіден, ғылымда жүргенде адамгершілігің, арың, намысың қатысып шешетін мәселелер көп кездеседі. Бұл шешім өзінің дұрыстығын талай дәлелдеген, сондықтан, кейін ұялмайтындай тірлікке ұмтылған жөн.

Әрбір ғылыми қызметкер – тылсым дүние, тұнып тұрған білім маржаны, ғылымның көкжиегіне көз жіберіп тұрған көреген. Кейде олармен сөйлесе кетсең, не олармен мәселелерді бірге ақылдаса шешетіндей кезде, жоғынды тапқандай сәттер жиі болады. Мен сол ғылыми зерттеу институтында **Төлеутай Ақшолақов, Күлжан Жүнісқызы, Жауымбай Амантұрлыұлы, Баймұханбет Мадияұлы, Байзақ Көпірбайұлы, Тотай Тәжіұлы,**

Бүркіт Баймұханұлы, Сақыш Ескендірқызы, Илья Дмитриевич Буртовой, Мақпал Жұмабайқызы, Ғалия Зейноллақызы, Әнеш Мұқатайқызы, Бүбіхан Алахунова, Сәукім Тілешова, София Масгутова, Жаңылхан Адамбаева, Балғаным Құлмағанбетова, Күлпаш Ынтымақбайқызы, Жамал Рақымқызы, Мәрия Жұмаханқызы, Тұрсын Оралбекова, Бәшен Баймұратқызы, Күләш Әбсалыққызы, Мәлипа Сансызбайқызы, Шакура Майғанарқызы, Баянғали Әменұлы, Өрік Зейноллақызы, Ғани Бектайұлы, Құндыз Жәмиқызы, Шолпан Борантайқызы, Сәуле Тоқтарқызы, Қарлығаш Лекерқызы, Светлана Николаевна Лактионова, Сәуле Аманжолқызы, Инесса Валентиновна Баранова, Раухан Бекішқызы, Күлтас Сайынқызы, Жанат Дәулетбекқызы, Айсара Дубәкірқызы, Шолпан Шүйіншина, Уәзипа Қоңырбайқызы секілді әріптестеріммен бірге қызметтес болғанда, олардың жан дүниесінің, жүрегінің лүпілі «ғылым» деп соғатынына әрі сүйсінетінмін, әрі таң қалатынмын. Уақытын да аямай, аз табысқа қанағат етіп, бағдарламалар мен оқулықтардың әрқайсысын ғылыми кеңестерде ұзақ талқылап, белгілі бір шешімге келіп, көңілдері толып, ойлары тұндырылғанша тыным таппайтын. Ғылыммен айналысатын адамдарға тән үлкен балалықтары, көңілшектігі, сәбише қуанатындары, бір оркестрде ойнайтын адамдарша бірін-бірі терең ұғынатындарын кейін ғана бағалай алдым. Кезінде тездетейік деп асыққанымызбен, ғылым өзі білімнің қара қазанында қайнамаса, шалажансар боп, иі қанбай шикілеу көрінеді екен. Кейбір оқулықтарда байқалған олқылықтар жоғарының асығуынан, ішкі мәнін терең зерттемей, тез жинақтағаннан кетті деп ойлаймын. Ғылым деген ой, ойдың өзі ойлауды қалайды. Ой түбі – терең, түсесің де кетесің, жарыққа шығу үшін қараңғы түнектерден адаспай жол табуға, адами

түсініктің желісін үзбей, айналып соғу қажет.

Ғылым мен мектеп

ынтымақтастығының нәтижелері

Диссертациялық зерттеулерімді ғылыми ортада даярлағандықтан маған эксперимент жүргізуге мүмкіндік министрлік тарапынан жасалды. Сондықтан өзім ұсынған **«Мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру тұжырымдамасы»** ғылым парадигмасы мен білім парадигмасына бағдарланған ғылыми-зерттеу жұмысының мәдениеті негізінде құрылды. Бұл тұжырымдаманы мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін арттыру технологиясы аясындағы мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмысты жақсарту жүйесіне негіздеп құрастырдым. Алматы қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы №159 мектеп-гимназия 1996 жылдан бастап жаңа буын бағдарламалары, оқулықтары, оқу құралдары алғашқы байқаудан өтетін республикадағы жетпіс мектептің бірі болды. Осыған байланысты сол кезеңдерде Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының ұйымдастыруымен білім мазмұны, стандарттар, оқулықтар педагогикалық эксперименттен өтті. Ғылыми-әдістемелік жұмыстар бойынша тыңғылықты ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік мазмұнды іс-шаралар өткізілуі мектеп ұжымына келешекте көптеген табыстар әкелуіне ықпал етті. Осы жылдарда №159 мектеп-гимназия ғимаратының Білім академиясымен шығармашылық ынтымақтастықта болуына үлкен мүмкіндік туған еді. Мектеп ұжымының ғылыми-әдістемелік өсуіне ғалымдардың ықпалы ерекше болды. Олар мұғалімдерімге әдістемелік-шығармашылық ақыл-кеңестерімен бірге, олардың жаңашылдық ізденістеріне, оқушылардың ғылыми жобаларына жетекшілік етті. Сөйтіп, мұғалімнің зерттеу мәдениетін қалыптастыру әдістемесі

жеті кезеңінен көрініс табатынын №159 мектеп-гимназия мұғалімдері жан-жақты зерделей алды. Осы кезеңдерді меңгерген мұғалімдер оқулықпен сабақ беру деңгейінен өз пәнінің оқулығын жасау дәрежесіне көтерілді. Нәтижесінде мектеп педагогикалық ұжымының, әдістемелік бірлестіктердің шығармашылықпен еңбек ету әлеуеті артып, отыз алты мұғалім жаңа буын оқулықтары мен оқу құралдарының авторлық ұжымына алынып, автор болды. Бұның өзі №159 мектептің гимназия дәрежесіне көтерілуіне және 2001 мен 2011 жылы республикалық «Ең үздік мектеп» конкурсында жеңімпаз болып, Гран При иеленуіне оң әсер етті. Мектеп оқушылары қалалық, республикалық, халықаралық білім сайыстарында жүлделі орындардан көрініп отырды. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының дидакт және әдіскер ғалымдарының жетекшілігімен мектеп-гимназияда жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесі, зерттеушілік мәдениеті, әдістемелік және ғылыми-тәжірибелік әлеуеті қалыптасты.

Бұл нәтиже озат педагогикалық тәжірибені зерделеу және жинақтау, педагогика ғылымы жетістіктерін практикаға ендіру теорияларына, педагогика ғылымы мен практиканың өзара әрекеттестігі, инновациялық-дидактикалық әрекет теорияларына негізделді.

Сонымен, мектеп-гимназияның педагогінің зерттеушілік мәдениетін меңгерудің ең биік шыңы – оның **табысты кәсіби-зерттеушілік әрекеттің және жоғары деңгейдегі зерттеушілік мәдениеттің иесі ретінде** қалыптасуы іске асты. Мұндай мектептер республика көлемінде баршылық.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Философия және саясаттану факультеті, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры ретінде ұзақ

жылдар ЖОО-да білім беру жүйесіне енгізілген оқулық пен оқу құралдарын негізге алып, болашақ маман даярлау, кәсіби-зерттеу әлеуетін жетілдіруге көңіл аударылуда.

Соңғы жылдарда жарыққа шығып, авторлық құқығына ие болған оқулықтар мен монографиялар жоғары оқу орындары және жоғары оқу орнынан кейінгі сатыларында болашақ маман даярлау жүйесінде магистранттар мен докторанттардың зерттеушілік құзыреттіліктері мен қабілеттерді меңгеруде «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы», «Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі» атты оқулықтары нәтижелі қолданылып, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің даярлаған түлектері Алматы қаласының №159 мектеп-гимназиясында және республика мектептерінде жемісті еңбек етіп жүр.

Қазіргі қолданыстағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ғалымдарымен бірге дайындаған «Педагогика» оқулығы мұғалімдердің біліктіліктерін арттыруына, олардың мамандандыру тест тапсырмаларын нәтижелі игеруіне үлкен көмегін тигізуде.

Педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосып келетін ғалымның ұзақ жылдардағы еңбектері бүгінгі күні жас ғалымдардың ғылыми-педагогикалық, ұйымдастырушылық, зерттеушілік тәжірибесінің кеңеюіне және олардың педагогикалық қызметінде кәсіби шыңдалуына ықпал етіп келеді.

Академия ғалымдарының еңбектерінің негізгі қағидалары республиканың мектептерінде, біліктілікті арттыру институттарында кең қолданыс тауып, практиктердің өз тәжірибесін дидактикалық және әдістемелік тұжырымдамалар негізінде жинақтауына зор ықпал етуде. Ғылым мен мектеп практикасы байланысын жаңа деңгейге көтеру керектігі анық, өйткені

ғылыми ізденіс саласында тың бағыттар жеткілікті.

Ғылыммен айналысу – ғылымда өмір сүру – ғылым адамы болу

Бұл қағида бәріміді ойландыратын тұжырым. Ғылымға қандай қормен келдім, қандай игілікті жұмыстар атқардым, қазіргі жас ғалымдарға не айтар едім деген сұрақтар төңірегінде үнемі ойланып жүремін. «Жұмыстың ең оңайы - ақыл айту демекші», паымдап, ақыл мен парасатқа салып көрейік.

Менің педагогика ғылымы өкілі ретінде мынадай мәселелер төңірегінде ой қозғағым келеді. Олар: ғылыми потенциал – ғылыми мектеп – ғылымтану – ғылым философиясы – ғылым әдіснамасы – ғылыми зерттеу технологиясы. Қазақстанда ғылыми потенциал қалыптасқан, диссертация қорғаудың жаңа жүйесіне сай жас ғалымдар легі де баршылық. Ғылыми мектептің зерттеушілік ахуалының ерекше белгілері: ғылыми жетекшінің жоғары ғылыми талап қоя білуі және оны орындауға жұмылдыру шеберлігі, ашықтығы, сынның ашық айтылуы, жетекшінің жеке ғылыми ізденістерге үнемі қолдау көрсетуі, тәжірибелік жұмысты ғылыми талдауға баулуы, ғылыми ізденістің білім беру практикасымен тығыз байланыста жүруін қадағалауы, тақырып таңдауда ізденушілерге еркіндік беруі, ғылыми шығармашылыққа баулуы, зерттеушілермен жеке және ұжымдық оқытуды (үйретуді) ұйымдастыруы.

Ғалымдар ғылыми білім беруді негізгі саланың бірі ретінде қарастыра отырып, ғылыми жетекшілерді арнайы педагогикалық даярлаудың қажеттілігін негіздейді. Олар диссертациялық зерттеулерге жетекшілік ету педагогикалық іс-әрекеттің ең күрделі түрі деп есептейді. Зерттеу әрекетінің сипаты одан арнайы эксперименттік және теориялық, математикалық,

логикалық, философиялық-әдіснамалық, этикалық-адамгершілік даярлықты қажет етеді. Сондықтан да, ізденуші зерттеу әдістемесін ұзақ және түрлі қиындықтарды жеңу арқылы игереді. Демек, зерттеушінің қалыптасуына ғылыми жетекшінің, ғылыми мектептің ықпалы зор. Сондай-ақ, тәлімгер идеясының дамуы ғылымның қазіргі өмірдегі рөлін терең сезінуге жағдай жасайды. Осы тұрғыдан қарағанда, педагогикада Г.И. Щукинаның, Н.В. Кузьминаның, П.Я. Гальпериннің, Л.В.Занковтың, В.В. Краевскийдің, В.А. Слостениннің ғылыми мектептері теориялық деңгейде жинақтауды қажет етеді. Қазақстанда Р.Г.Лемберг, Г.А.Уманов, Н.Д.Хмель, А.П.Сейтешев, Б.К.Момынбаев, К.Қ. Құнантаева, Г.Қ. Нұрғалиева, М.Ә. Құдайқұловтың, С.А. Ұзақбаеваның, Б.К. Момынбаевтың, М.Ж. Жадринаның, К.Ж.Қожахметованың ғылыми мектептері танымал. Олар дамытқан идеяларды ғана емес, ғалымдарды даярлау жүйесін де қарастырған жөн.

«Ғылыми мектептер» – ғылыми әрекеттің субъективті және объективті бөліктерінің сабақтастығымен, «оқытушылар» қарым-қатынасымен сипатталатын бейресми ғылыми қауымдастық. Әдетте, ғылыми әрекеттің субъективті бөлігіне мектептің негізін салушының тұлғасының ерекшеліктерін, оның сенімін және қызығушылығын, ғылымға, өзінің зерттеуіне, әрекеттеріне қатынасын, зерттеуінің стилі, таным нәтижесін жазып көрсетуді жатқызады. Ал объективтік бөліктерге ғылыми-зерттеушілік бағдарлама, идея, зерттеудің пәні, теориялық көзқарастары, ғылыми зерттеуді ұйымдастырудың әдістері мен құралдары, ғылыми дәстүрлер енеді.

Академияның педагогика саласындағы ең қажетті деп табылатын бағыттар төңірегінде республика ғалымдарын топтастыратын ұйым болғанын қалар едім.

Педагогикада ғылымтану, зерттеу көздерін жүйелеу кешеуілдеп қалған салалар болып отыр. Ғылымтану бойынша педагогикаға философия, социология, мәдениеттану сияқты ғылымдар үлгісін алуға болар еді.

Ғылым философиясына келсек, отандық филосоофтар мен психологтардың, әдебиеттанушылардың, жалпы ғылымтанушылардың мол ғылыми тәжірибесін басшылыққа алған орынды болар. Білім беру философиясы мен педагогиканың философиясы өте тығыз байланыста қарастырылуы керек. Ал, педагогиканың әдіснамасы туралы соңғы елу жылда жинақталған білімдік қорды жүйелеп, зерттеушілердің әдіснамалық мәдениетінің мазмұнына енгізумен айналысып жатырмын. Сол бағыттағы еңбектерім білім алушыларға ойлау іс-әрекеттің әдіснамалық жүйесін құрылымын берумен қатар, педагогикалық теория жасау үшін қажетті зерттеу тәжірибесі және педагогикалық шынайылықпен философияның байланысын, жас маман иесінің зерттеушілік әлеуетін қалыптастырудың білім беру теориясын түсінуге мүмкіндік беретін жолдары мен зерделеу аясына бағыт-бағдар береді деген үміттемін.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2011 жылы «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» атты пәнді жоғары педагогикалық оқу орындарындағы «Білім беру» тобы мамандықтарының докторантурасының білім беру бағдарламасына енгізді. Бұл пән бойынша типтік оқу бағдарламасы, оқулықтар, оқу құралдары мен хрестоматия дайындалды, ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді, отандық және шетелдік басылымдарда пәннің ғылыми және әдістемелік мәселелеріне арналған мақалалар жарияланды. Аталмыш пән республикадағы бүкіл университеттердің

білім беру үдерсінде міндетті пән ретінде оқытылуда. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және ҰҚК Шекара академиясында жүргізгеніме он жыл толды. «Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері» пәнін оқытқаным ширек ғасыр уақыт болыпты.

«Педагогика философиясы және әдіснамасы» пәнінің негізгі мақсаты – докторанттарға педагогиканың философиясы және әдіснамасын меңгерту арқылы олардың педагогикалық зерттеуді пайымдау және ұйымдастыру туралы әдіснамалық білімдерді пайдалану тетіктерін жетік игеруіне көмектесу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін біз «Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы» пәнін оқыту жүйесіне докторанттарды әдіснамалық ойлауға баулу, зертеудің логикасын анықтау және оны жүргізуге үйрету, оларда ғылыми жұмысты ұйымдастыру мен басқару, білім беру саласында стратегия мен тактика жасай алу, сараптама бере алу құзыреттіліктерін қалыптастыру жұмысы енеді деп түсінеміз. Бұл пән білім алушыларды педагогика әдіснамасының мағынасымен, құрылымымен, қызметімен, оның даму тарихымен, педагогикалық зерттеудің ғылыми, ұғымдық, өлшемдік аппаратын құрастыру әдістемесімен таныстырады. Пәнде жаңа тұрпаттағы педагогтің ғылыми-зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың авторлық тұжырымдамасына сәйкес педагогика ғылымының философиялық-әдіснамалық негіздері, оның пәнаралық байланыстары, әдіснамалық қоры, педагогика әдіснамасының даму тарихы, құрылымы, мәртебесі және міндеттері, парадигмалық және құзыреттілік тұғырлары, ғылыми-педагогикалық таным әдіснамасы мен әдістері жайлы іргелі білім беріледі. Осы пән бойынша білім алушыларға қажет логикалық-құрылымдық сызбалар, кестелер, білім тексеруге арналған сұрақтар, өзіндік

жұмыстың тапсырмалары, тестілік тапсырмалар, әдіснамалық тезаурус ұсынылады, білім беру үдерісінде әдіснамашы ғалымдар еңбектері мен педагогика әдіснамасына арналған диссертациялар талданады.

Пәнді оқытудың тұжырымдамалық негізі докторанттардың мәселелендіру, өзектендіру, тұжырымдамалау, модельдеу, эксперимент жүргізу, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді сараптамадан өткізу мәселелерін терең түсінуіне қажет теориялық және қолданбалы материалдарды меңгертуге бағытталған.

Пәнді оқыту барысында педагогика философиясы мен әдіснамасының мазмұнын, педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістерін, әдіснамалық білім беру саласындағы ғылыми білім матрицасы басшылыққа алынады. Осы жүйені қамтамасыз ететін білім алушылардың танымдық, кәсіби, өмірлік, менталдық тәжірибесіне сәйкес технологиялар таңдалып алынды. Олар:

- оқытудың базалық техникасы;
- сыни ойлау технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы;
- дамыта оқыту технологиясы;
- интерактивті оқыту технологиясы;
- жобалай оқыту технологиясы.

Бұл технологияларды іріктеу және олардың әлеуетін пайдалану педагогикадағы дидактикалық бірліктерді ірілендіру теориясына, гуманитарлық әдіснамаға, түрлі саладағы ғылымдардағы инновацияларға негізделіп құрылған және білім алушылардың жүйелі ойлау іс-әрекеті әдіснамасын пайдалану әлеуетін қалыптастыруға бағытталған, докторанттардың функционалдық сауаттылығын әдіснамалық құзыреттілікті меңгеру сатысына жеткізуді мақсат еткен.

Сонымен, бүгінгі күні ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, менң тұжырымдауымша, **педагогика мен білім беру философиясы дегеніміз** – зерттеу пәні педагогика ғылымдары, сондай-ақ жалпы мәдени мәнмәтінде алынған білім беру мәселелері болып табылатын метағылым; **тәрбие философиясы** – тәрбиенің мәнін, оның ұстанымдары мен құндылықтарын жалпы адамзат пен мәдениеттің нақты тарихи және ұлттық бөліктерінің жеке тұлғаның қалыптасуы мен оған мәдени құндылықтарды беру үдерісі барысында өзара әрекеттесуі деп анықтайтын педагогика философиясының саласы; **әлеуметтік тәрбие философиясы** – тәрбиенің әлеуметтануы мен әлеуметтік педагогикалық виктимологияның нәтижелері негізінде халықтың мәдениетін көтеру мақсатындағы тәрбиені қоғам қажеттіліктеріне сай жүргізу логикасын ұсынатын тәрбие философиясының саласы; **педагогиканың философиясы дегеніміз** – педагогиканы зерттеуге қажет философиялық заңдардың, тұғырлардың, ұстанымдардың, категориялардың, әдістердің, философиялық білімдердің (логика, этика, эстетика және т.б.) инновациялық (қайта құрушылық) әлеуетін қолдану жүйесін құрайтын педагогикалық ғылымтану саласы.

Менің «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» атты пәнді мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың авторлық тұжырымдамасы арқылы жасай алуым, ол пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін құруым ғылыми орталарда, яғни **Орталық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында, Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Ы Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында, Ресей білім академиясының Педагогика тарихы мен теориясы институтында** педагогика әдіснамасы саласындағы ғылыми мектептерден және тәжірибелік

алаңдардан алған тағылымымның нәтижесі деп білемін.

Ғылыми зерттеулердің сапасын көтеру мәселесі ылғи да күн тәртібінен түскен емес. Әуелі жастарға ғылымды үйретейік, сонан соң сапаны талап етейік. Ол үшін ғалымдар ашық пікірлесетін Республикалық әдіснамалық семинар Академия жанынан жұмыс жасаса деген тілегім бар. **Ғылыми архив, ғылыми кітапхана, ғылыми мұражай** керек. Ұлттық педагогикалық энциклопедия, Педагогиканың жаңа моделі де аса қажет. Ұлттық білім мазмұнына енетін зерттеулердің жүйеленіп, арнайы кітаптар сериясы (айталық, «**Этноматематика**», «**Этноастрономия**», «**Этнохимия**», «**Этнофизика**» және т.б.) жарық көргенін қалар едім.

Міне, ғылымда өмір сүру деген осы шығар.

Шын ғылым адамы болу үшін тек философиялық-әдіснамалық білім, зерттеушілік құзырет емес, сонымен бірге педагогикадағы зерттеудің жаңа технологиясын жасауымыз керек.

Ғылыми қызметкер қазір магистратурада, докторантурада даярлануда, бірақ олардың кәсіби-зерттеушілік мәдениетін инновациялық қабілет дәрежесіне көтеру міндеті күннен күнге арта түсуде. Ғылыми орта, ауызша және жазбаша ғылыми коммуникациялық тәжірибесін байыту өзекті мәселе.

Қорыта айтқанда, педагогиканы ғылым ретінде қазақ тілінде дамыту, оның қоғамдағы мәртебесін **көтеру, педагогика ғылымы жетістіктерін ата-анадан бастап академикке дейін ұғынықты етіп жүйелеп түсіндіру, насихаттау, басқа ғылымдардағы жаңалықтармен салыстыру, озат ғылыми тәжірибені жинақтау жас ғалымдарға әрі міндет, әрі аманат деп тапсырар едім.** Сонда ғана олар **ғылым адамы** болып қалыптасады.



ТАУБАЕВА ШӘРКҮЛ ТАУБАЙҚЫЗЫ

Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім проблемалары институтының ғылыми қызметкері, зертхана меңгерушісі, ғалым хатшысы, директордың ғылым жөніндегі орынбасары (1986-1998 жж.).

Таубаева Шәркүл Таубайқызы 1947 жылы Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында Аққұм стансасында дүниеге келген. 1954-1958 жылдары Аққұм стансасындағы шағын жинақталған мектепте, 1958-1961 жылдары Жаңақорған ауданының Келінтөбе ауылындағы №160 жетіжылдық мектепте білім алды.

1961-1965 жылдар Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесінде оқып, оны қызыл дипломмен бітірген. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетін 1969 жылы тарих мамандығы бойынша қызыл дипломмен тәмамдады. 1969-1971 жылдары Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының №3 орта мектеп-интернатының бастауыш сыныптар және тарих пәні мұғалімі болып істеді.

1971-1974 жылдар аралығында Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика кафедрасының аспирантурасында білім алды.

1977-1985 жылдары Орталық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының тарих және қоғамтану кабинетінің әдіскері, 1985-1986

жылдары сол институттың озат педагогикалық тәжірибені ендіру кабинетінің меңгерушісі, 1986-1991 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдарының ғылыми-зерттеу институтының педагогикалық зерттеулерді үйлестіру және ақпарат бөлімінің аға ғылыми қызметкері, ғылым жетістіктері мен озат педагогикалық тәжірибені ендіру бөлімінің меңгерушісі, 1990-1991 жылдары Республикалық педагогикалық зерттеулерді үйлестіру кеңесінің ғалым-хатшысы болып жұмыс жасады. 1991-1993 жылдары Орталық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы болып істеді.

1993-1998 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім проблемалары институтының ғалым хатшысы, директордың ғылым жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Ғылыми қызметкерлердің, аспиранттардың әдіснамалық семинарларын жүргізді. Осы жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметі 1996 жылы 26 қыркүйекте №1173 қаулысымен бекіткен «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендер даярлаудың мақсатты бағдарламасын» жүзеге асыруға белсене араласты.

1992 жылы Мәскеудегі Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының

педагогика ғылымдары академиясының жалпы педагогика институтында даярланған «Система деятельности институтов усовершенствования учителей по изучению, обобщению и использованию передового педагогического опыта» тақырыбында кандидаттық диссертациясын п.ғ.д., профессор Я.С. Турбовскойдың жетекшілігімен қорғады.

1998-2001 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің педагогика кафедрасының докторантурасында оқыды. 2001 жылы «Научные основы формирования исследовательской культуры учителя общеобразовательной школы» тақырыбындағы докторлық диссертациясын п.ғ.д., профессор Г.А. Умановтың жетекшілігімен қорғады.

Педагогика ғылымдарының докторы (2002 ж.), профессор (2006ж), Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының академигі (2005 ж.), Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының академигі (2009 ж.).

2001-2004 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жалпы және этникалық педагогика кафедрасының доценті, 2004-2006 жылдары жалпы және этникалық педагогика кафедрасының профессоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу-әдістемелік бірлестігі жанындағы Білім беру стандарттары, сараптама және креативті ақпарат орталығының жетекшісі болып істеді. Ш. Таубаева 1997-2006 жылдары «Педагогика және психология» мамандығы бойынша магистратураның оқу-әдістемелік құжаттарын дайындауға қатысты. Оқу-әдістемелік бірлестік желісі бойынша 66 мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарын әзірлеуді ұйымдастыруға, сараптама және креативті ақпарат орталығының басшысы ретінде

өзінің кәсіби қызметі шеңберінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі секциясының отырыстарын ұйымдастыруға белсенді қатысты (2004-2006 жылдар). 2003-2006 жылдары Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіндегі жалпы педагогика бойынша Біріккен Диссертациялық кеңестің мүшесі болды.

2006-2008 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты Педагогика және психология факультетінің деканы, 2008 жылдан 2010 жылға дейін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті оқу-әдістеме бірлестігі жөніндегі проректоры болып қызмет атқарды. «Педагогикалық өлшемдер», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтары аясында осы университеттен «Болашақ» бағдарламасына жолдау алып, Ресейлік жаңашыл педагогтердің білім беру үдерісінде білім сапасын арттыру, оқу жетістіктерін бағалау инструментарийлерін пайымдап, дидактикалық бірліктерді ірілендіру тәжірибесімен бөлісе отырып, педагогика ғылымдарының докторлары, профессор С.В. Иванова, Н.Н. Найденова, В.В. Сериков, В.И. Звонников, М.Б. Чельшкова педагогикалық өлшемдер мақсаты мен мазмұнын, қызметі мен кіріктіру тәсілдерін енгізу жолдарын тәжірибе арқылы өңдеу жұмыстарын жүргізу әдістері, тестілеу теориясы мен тәжірибесі жөнінде ғылыми ойларын ортаға салу арқылы екі елдің ғалымдарының бірлесіп атқарған ғылыми жұмыстары университетіміздің педагогикалық өлшемдердің білім және ғылым саласындағы тәжірибесін нығайтуға үлкен серпіліс әкелді.

2008-2010 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі аясында

республикалық семинарларды халықаралық өкілдердің (п.ғ.д., профессор Мардахаев және т.б.) қатысуымен аталған мамандықтар бойынша білім мазмұнын талқылау үшін ұйымдастырды.

«Педагогикалық өлшемдер» және «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтарының білім беру бағдарламаларын жетілдіру мақсатында 2010-2011 оқу жылында Қазақстан Республикасы Президенті Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы аясында Ресей білім академиясының Педагогика теориясы мен тарихы институтының педагогикалық өлшемдер зертханасында «Педагогикалық диагностика. Білім беру сапасын бағалау және басқару» мамандығы бойынша, Ресей мемлекеттік әлеуметтік университетінде «Әлеуметтік педагогика» мамандығы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтті.

«Педагогикалық өлшемдер», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын, оқулықтарды даярлауға қатысты. Қазақ қыздарының парасат мектебі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде педагогика және психология факультетінің деканы, оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі проректор болған кезде оның табысты жылдарының бірі болды (2006-2011 жж.). Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің (РОӘК) төрайымының орынбасары ретінде жоғары оқу орындарының мемлекеттік білім беру стандарттарының негізі қалануына ат салысты.

Таубаева Шәркүлдің ғылыми әлеуеті мен басқарушылық қабілеті Педагогика және психология факультеті жалпы педагогика және әлеуметтік педагогика кафедралары жанынан ашылған 7М01102 - «Педагогикалық өлшемдер» және 6В01018 - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтарының білім беру бағдарламаларын жазуға

тікелей араласып, жаңа инновациялық бағытта мамандықтың республика деңгейінде елеулі жетістіктерге жетуіне себеп болды.

Шәркүл Таубайқызының бастама-сымен ашылған мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру стандарттары, типтік бағдарламалары дайындалып, оқулық пен оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуіне тікелей араласты. «Педагогикалық өлшемдер теориялық негіздері» (орыс және қазақ тілдерінде) «Педагогика» РОӘК грифімен жарыққа шығып, білім беру үдерісінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, мониторингілеу және диагностикалау, оған сараптама жүргізуде құнды бағыт-бағдар беріліп, оқулықтар мазмұны бойынша жасалған оқу-әдістемелік кешендер жүзеге асырылуда.

Ш.Таубаева университеттің профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруда Ресей ғалымдарының инновациялық бағыттағы жаңашыл идеялары мен тәжірибелік бастамаларын әріптестермен тікелей бөлісе отырып, белгілі ғалымдардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында дәріс оқуға шақырып, пікірлестіріп, семинарлар, конференциялар ұйымдастыру арқылы ғылыми жаңалықтарды қабылдау, салыстыру, жаңалыққа жетелеу жұмыстарын табысты атқара алды. Жоғары оқу орнынан кейінгі мамандар даярлаудың теориялық және практикалық мазмұнын жұмыс беруші ұйымдар, мектептер мен коллеждерде тікелей тәжірибеге енгізіп, бұл ұйымдардың ғылыми ізденістерінде эксперимент арқылы толыққанды нәтижелерге алып келді.

2011-2012 оқу жылынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жалпы және этникалық педагогика кафедрасының профессоры болып істейді. Жас ғалымдар мектебін басқарады, әдіснамалық семинарларға,

республикалық және халықаралық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға қатысады. Ашық сабақтар өткізеді. Отандық және шетелдік педагогикалық баспасөзде еңбектерін жариялайды. Философия және саясаттану факультетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының ғылыми және қоғамдық өміріне араласады.

